

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Қаржы және банк ісі кафедрасы



Сартанова Н.Т.

Абжанова А.К.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Оқу құралы



Қостанай, 2016

ӘОЖ 336.1(075.8)

КБЖ 65.261.4 я73

С 22

Рецензенттер:

Байкадамов Н.Т. – э.ғ.к., З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік техникалық университеті, «Экономика, құқық және басқару» кафедрасының доценті

Жиентаев С.М. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д.

Сейтова Г.Т. – э.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ қаржы және банк ісі кафедрасының доценті

Автор:

Сартанова Налима Телгораевна – э.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ қаржы және банк ісі кафедрасының доценті

Абжанова Акбота Куанышовна – қаржы және банк ісі кафедрасының аға оқытушысы., қаржы магистрі

С22 Сартанова Н.Т.

Мемлекеттік қаржы: Оқу құралы/ Н.Т.Сартанова, А.К.Абжанова - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016. - 190 б.

ISBN 978-601-7481-56-8

Мемлекеттік қаржының қалыптасуының өзекті аспектілері, оның ішінде маңызы, қызметі және рөлі, ұйым, республикалық және жергілікті деңгейіндегі басқару ерекшеліктері, қаржылық саясаты және қаржыны мемлекеттік реттеу қарастырылған. Бюджеттік жүйенің маңызды сұрақтары ашылған: құрылу қағидаттары, бюджеттік құрылыс және үдерісі, бюджеттің барлық деңгейіндегі кірісі мен шығысы, бюджеттік жоспарлау, бюджеттен тыс қорларға сипаттама берілген және әлеуметтік- экономикалық мәселелерді шешудегі олардың рөлі көрсетілген. Экономика мамандықтарының студенттерімен магистранттарына арналған.

ӘОЖ 336.1(075.8)

КБЖ 65.261.4 я73

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесімен ұсынылған, 28.04.2016ж., № 3 хаттама

ISBN 978-601-7481-56-8

© Сартанова Н.Т. Абжанова А.К., 2016

©.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті, 2016

Мазмұны

Кіріспе.....	6
1. Мемлекеттік қаржы, оның мәні және қызметтері.....	8
1.1 Мемлекеттік қаржы түсінігі және мәні.....	8
1.2 Мемлекеттің қаржылық қызметі түсінігі.....	12
1.3 Мемлекеттік қаржының ерекшелік белгілері.....	14
1.4 Мемлекеттің қаржылық қызметін атқару әдістері.....	15
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>16</i>
2. Қаржылық жүйе және оның бөлімдері.....	17
2.1 Мемлекеттің қаржы жүйесінің мәні, оның құрылымы.....	17
2.2 Мемлекеттің қаржы жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары	21
2.3 Қаржы жүйесін жетілдіру бағыттары.....	22
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>23</i>
3. Қаржы саясаты.....	25
3.1 Қаржы саясаты түсінігі, және оның экономикалық және әлеуметтік саясаттағы орны.....	25
3.2 Қаржы саясатын құру кезеңдері және қағидалары.....	27
3.3 Қаржы қатынастарын құқықтық реттеу.....	30
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>35</i>
4. Қаржылық механизм.....	37
4.1 Қаржылық механизмнің құрылымы және мазмұны.....	37
4.2 Қаржылық механизм іс әрекетінің әдістері мен формалары.....	39
4.3 Мемлекеттік қаржыны басқару.....	40
4.4 Мемлекеттік жоспарлау жүйесі.....	43
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>46</i>
5. Мемлекеттік түсімдер.....	48
5.1 Мемлекеттік түсімдер түсінігі.....	48
5.2 Мемлекеттік түсімдердің сыныпталуы және қаражат көздерін жұмылдыру әдістері.....	49
5.3 Мемлекеттік түсімдерді жоспарлау мен болжаудың негізгі әдістері.....	51
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>53</i>
6. Мемлекеттік шығындар.....	54
6.1 Мемлекеттік шығындар түсінігі.....	54
6.2 Мемлекеттік шығындардың құрамы және құрылымы, олардың сыныпталуы.....	55
6.3 Шығындарды жоспарлаудың негізгі бағыттары.....	56
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>60</i>
7. Салықтар және салық жүйесін ұйымдастыру.....	62
7.1 Салықтар түсінігі, олардың мәні және қызметтері.....	62
7.2 Салық жүйесі, және оны құрудың негізгі талаптары.....	66
7.3 Салықтық басқару.....	69
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	<i>72</i>
8. Мемлекеттік бюджет.....	73

8.1 Мемлекеттік бюджет, және оның қызметтері.....	73
8.2. Мемлекеттік бюджет: мәні және міндеті.....	75
8.3 Жергілікті қаржы мәні.....	77
8.4 Бюджетаралық қатынастар, оларды жетілдірудің бағыттары.....	80
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	82
9. Бюджет жүйесі және бюджеттік құрылым.....	83
9.1 Мемлекеттік бюджет жүйесінің негізгі түсініктері және құрамы...	83
9.2 Бюджеттік құрылым және оның түрлері. Бюджеттік процесс, және оның кезеңдері.....	86
9.3 Бюджеттік процесті жетілдірудің негізгі бағыттары.....	90
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	92
10. Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар.....	93
10.1 Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуындағы бюджеттен тыс қорлардың рөлі.....	93
10.2 Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры.....	94
10.3 «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры.....	97
10.4 ҚР Ұлттық инновациялық қоры.....	100
10.5 Бірыңғай жинақтық зейнетақы қоры.....	102
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	105
11. Мемлекеттік несие.....	106
11.1 Мемлекеттік несие қызметінің мәні және маңызы.....	106
11.2 Мемлекеттік несиенің түрлері, формалары және әдістері.....	109
11.3 ҚР мемлекеттік несиелеуді жетілдіру.....	115
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	118
12. Мемлекеттік қарыз.....	119
12.1 Мемлекеттік қарыз түсінігі, оның түрлері.....	119
12.2 Мемлекеттік қарызды басқару.....	121
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	124
13. Қаржы нарығы.....	125
13.1 Мемлекеттік қаржыны бөлу және жұмылдырудағы қаржы нарығының рөлі және маңызы.....	125
13.2 Бағалы қағаздар нарығы.....	126
13.3 Қор биржасы, оның қызметін ұйымдастыру.....	128
13.4 Қазіргі заман талаптары жағдайында бағалы қағаздар нарығының тұрақтылығын жоғарылату.....	130
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	133
14. Қаржы және сыртқы экономикалық қызмет.....	134
14.1 Сыртқы экономикалық қызмет түрлері, және олардың сипаттамасы.....	134
14.2 СЭҚ реттеудің формалары мен әдістері.....	136
14.3 Экономиканың қазіргі даму сатысындағы Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының негізгі бағыттары.....	139
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	141
15. Экономиканы қаржылық реттеу.....	142
15.1 Мемлекеттік қаржылық реттеу түсінігі, және оның	142

қажеттілігі.....	143
15.2 Экономиканы қаржылық реттеудің сыныпталуы.....	144
15.3 Салықтық-бюджеттік реттеу.....	149
<i>Бақылау сұрақтары.....</i>	150
Кейстік тапсырмалар.....	159
Глоссарий.....	172
Тесттік тапсырмалар.....	182
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	186
Қосымша.....	

Кіріспе

Мемлекеттік қаржы – бұл қаражатты, жоғалып кеткенше, қолдан-қолға беру өнері

Роберт Сарнофф

Соңғы кездері Қазақстан Республикасында мемлекеттің қаржы жүйесін жетілдіруге, қоғам дамуының қаржылық стратегиясына жаңа көзқарас құруға аса көңіл бөлініп отыр. Қазақстандағы қазіргі жағдай экономиканың қаржы секторын реттеуде мемлекеттің рөлін күшейту керек екендігін сипаттайды. Мемлекеттік және жергілікті қаржы саласындағы басты мәселелерге келесілер жатады:

- барлық деңгей бюджеттерінің және бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың балансталғандығы;
- салық жүйесін жетілдіру;
- мемлекеттік және жеке меншікті қолданудың тиімділігін жоғарылату;
- бюджеттік жоспарлау және болжауды жетілдіру;
- ақша-несиелік және қаржы саясатының бірлігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік қаржыны қолданудың тиімділігі;
- мемлекеттік бақылауды күшейту және т.б.

Мемлекеттік қаржы ғылымының мақсаты – нарық жағдайында мамандарды жұмысқа дайындау. Шетелдік және отандық тәжірибенің теориялық заңдылықтарын, және қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базаны білу, әртүрлі билік және басқару сатысындағы мемлекеттік қызметкерлерге, қаржыгерлерге, бюджеттік сала жұмыскерлеріне артылатын қызметтік міндеттерін тиімді орындауға негіз бола алады.

Оқу әдістемесінде қаржылық категорияларды зерделеуге, даму заңдылықтарына, экономиканың қаржылық секторын қажетті қаржылық және несие ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қаржының іске асу тұжырымдамасы қарастырылған.

Курсты үйрену пәні Қазақстан Республикасы экономикасының ғаламдану және түрлену кезеңіне қатысты мемлекеттік қаржының экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық және әлеуметтік аспектілері болып табылады.

Зерттеу объектісіне қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілер аясында мемлекеттік қаржылық реттеу, мемлекеттік қаржылардың қызмет атқару саласында жинақталған, тәжірибе жатады.

Курсты зерделеу мақсаты – кәсіпкерлік қызмет саласында қаржыландыру және несиелеу процестерін теориялық және тәжірибелік талдау, және де заңнамалық және нормативтік құжаттарды жалпыландыру, экономиканың аймақтық және мемлекеттік салаларындағы нарықтық түрлендірулер тәжірибесі негізінде мемлекеттік қаржыны ұйымдастыру, жоспарлау, ынталандыру, басқару механизмдерін меңгеру.

Оқу әдістемесінде келесідей нақты сұрақтар қарастырылады:

- мемлекеттік қаржы және онымен байланысты санаттардың теориялық мазмұны және функциялары;

- мемлекеттік қаржыға әсерін тигізетін, әртүрлі факторлардың байланысы;

- бюджеттік және салықтық процестерді мемлекеттік реттеудің түрлері, әдістері мен принциптері;

- бюджетаралық қатынастар қағидаларының өзгеру үрдістері;

- мемлекеттік несие беру маханизмі;

- мемлекеттік қарызды құру және басқару тәртібі;

- бюджеттен тыс мемлекеттік қорларды құру және тағайындау тәртібі;

- салық жүйесінің қызмет атқаруы және салықтар мен алымдардың негізгі түрлері бойынша салық салудың ерекшеліктері;

- қаржы саласында атқарушы және заңнамалық билік органдарының өкілеттіктері және жұмыстарын ұйымдастыру, тапсырмалар, қаржылық бақылау жүйесі;

- ҚР 2030 жылға дейін қаржы секторының даму тұжырымдамасы.

Оқу әдістемесінің *басты тапсырмасы* мемлекеттік қаржылық саладағы өзгерістердің байланысын және тұтастығын, олардың жалпы бағыттылығын және мақсатты бағыттылығын, экономикадағы қайталанатын процестерді қаржылық реттеуді нарық тұрғысынан іске асыру баламаларын көрсету. Алынған білім қаржылық ақпарат ағынында, заңнамалық және нормативтік сипаттағы өзгерістер аясында бағдар алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қаржы тұрақтылық және экономикалық өсім талаптарын құрады, бюджеттік ағындарды басқаруға мүмкіндік береді, қаржы саясатының орындалуына жол ашады.

Ұлттық байлық құрушы және интеллектуалды потенциалға ие, қалың халықтың мүддесіне бағытталған, келісілген қаржылық, ақша-несиелік, салықтық, бюджеттік және әлеуметтік-экономикалық саясаттарды жүргізу өте маңызды орын алады. Қаржылық дағдарысты жеңу, салықтық базаның кеңеюіне, мемлекеттік құрылымның негіздерін нығайтуға алып келетін, нақты экономикалық сектордың дамуы, жандануы негізіндегі макроэкономикалық тұрақтылық тұрғысында орын алады.

Оқу әдістемесі экономикалық мамандықтар студенттері мен магистранттарына арналған.

1. Мемлекеттік қаржы, оның мәні және қызметтері

Қазына – бұл мемлекеттің жүрегі

П.Буаст

1.1 Мемлекеттік қаржы түсінігі және мәні

«Қаржы» термині латынның «finis» - істің соңы, бір нәрсенің өтеу мерзімі, таластың аяғы деген мағына беретін сөзінен шыққан. Бұл сөзге латынның «finige» - аяқтау, тартысты шешу (әдетте қаржылай) мағынасын білдіретін етістігі қосылады. Ортағасырлық латын тілінде «finansio» және «financia» сөздері пайда болды, олар қолма-қол ақша, кіріс, міндетті ақшалай төлем деген мағынаны білдіретін.

Германияда «finans» сөзі XVI және XVII ғасырларда жағымсыз сипатқа ие болды және паракорлық, айлақорлық, алдау, зұлымдық дегенді білтіретін. XVIII ғасырда Француздың «finanse» сөзі мемлекеттік мүліктің жиынтығы, мемлекеттік шаруашылық, мемлекеттің ірістері мен шығыстары дегенді білдіретін болды.

XIX ғасырдың аяғында «қаржы» терминімен тек ақшалай қаражаттар ғана емес, сонымен қоса «қазына» түсінігіне ие мемлекетке тиесілі материалдық құндылықтар да аталатын болды, бірақ уақыт өте келе қаржы тек ақшалай категория ретінде қарастырыла бастады.

«Қаржы» категориясын материалдық мағынасында және «ақша» түсінігімен байланысы тұрғысында қарастырғанда бұл категорияның үш мағынасын бөліп қарастыруға болады.

1. *Кең мағынада* «қаржы» түсінігі «ақша» түсінігіне синоним ретінде қолданылады. Дағдылы сөйлесу кезінде де біз осылай қабылдаймыз: «қаржы» деп айтамыз – «ақша» деп түсінеміз. Мысалы, бір адам «оның қаржылық жағдайы қиын» деп айтса, онда оның ақшалай қиындықтары бар екенін түсінеміз. Кейбір экономисттер осындай түсініктерді қолданады. Сондықтан қаржы түсінігін азаматтардың қаржысы, заңды тұлғалар қаржысы, мемлекеттік аумақтық құрылымдардың қаржылары және жалпы мемлекет қаржысы, яғни мемлекеттегі айналыстағы барлық ақша массасы деп бөлуге болады.

Көптеген экономисттер көзқарасы тұрғысынан қарағанда қайта өндіріс процесінің төрт кезеңінің ішінде (өндіріс, тарату, айырбас және тұтыну) қаржылық қатынастар тек бөліп тарату сатысында ғана орын алады.

Осылайша, барлық ақшалай қатынастар қаржылық болып табылмайды (тіпті жеке қаржы сияқты қаржының бар екендігін мойындағанның өзінде). Оларға қоғамдық қайта өндірістің айырбас және тұтыну саласында орын алатын қатынастары жатпайды. Олардың қатарына кәсіпорындар мен ұйымдар арасында орын алатын, меншік формасына қарамастан А-Т және Т-А, яғни сауда-саттық қатынастарын қалыптастыратын байланыстар жатады.

Мемлекеттік қаржының негізгі түсініктері мен мәні 1 суретте көрсетілген*



*автормен құрылған

Сурет 1 - Мемлекеттік қаржы мазмұны және негізгі түсініктері

2. Осыған орай «қаржы» түсінігінің мемлекеттің және заңды тұлғалардың ақша қаражаттары қамтылатын мәні бар. Бұл жағдайда ақша қатынастарын қаржы қатынастары дәрежесіне жатқызу келесідей екі критерийді қолданумен негізделген:

- ақша операцияларының субъектілері – мемлекет және заңды тұлғалар;
- көріну саласы – бөлу сатысы.

3. Арнайы мағынасында (материалдық тұрғыда) қаржы түсінігімен, жалпы қоғамдық өнімді ақша қаражаттары қорларында бөлу процесінде жинақталған, мемлекеттік қаржы ғана түсіндіріледі.

Мемлекеттік қаржы – қатысушысы белгілі-бір тұрғыдан алып қарағанда мемлекет болып табылатын, ақша қатынастарының нысаны.

Мемлекеттік қаржы – экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы, мемлекеттік органдарды қамтамасыз етуге және мемлекетке тән қызметтерді атқаруға қажетті ақша қорларының құрылу және қайта бөліну жүйесі.

Мемлекеттік қаржы орталықтандырылған (жалпы) қаржы бөлігіне жататын қаржы жүйесінің бір бөлімін құрайды.

Мемлекеттік қаржының негізгі мақсаты – мемлекеттің функцияларын орындауға қажетті қаржы ресурстарының құрылу көздерін және қолданылуын қамтамасыз ету.

ҚР мемлекеттік қаржысына келесідей *функциялар* тән:

1. *Бөліп таратушылық*, яғни ақша қаражаттарының мемлекет қолында жинақталуы және ары қарай жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында олардың қолданылуы жүргізіледі. Қайта бөлу функциясы орталықтандырылған қорлар жүйесі арқылы іске асырылады және оның нәтижесі болып келесілер болып табылады:

- қайтарымдылығы жоғары салалар табыстарының қайтарымдылығы төмен салаларға бөлінуі (мысалы, өнеркәсіптен ауыл шаруашылығына);
- өндірістік емес сала ұйымдарын бюджет есебінен қамтамасыз ету;
- тұрғылықты халық арасындағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасында табыстарды қайта бөлу;
- әртүрлі аймақтық туындамалар арасында табыстарды қайта бөлу.

2. *Реттеу* функциясы бюджеттік қордың құрылуы және қолданылуымен байланысты. Бюджеттік қор салықтар, қарыздар, мемлекеттік меншіктен түсетін кіріс есебінен құрылады. Салық арқылы мемлекет экономикалық белсенділікті тежей немесе керісінше қосымша серпін бере алады.

Бюджеттік қорды қолдану мақсатты шығыстар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет, жалпы шаруашылыққа ие субъект ретінде, өндірістік процестің барлық қатысушыларының экономикалық мүдделерін ескере отырып бюджеттік қаражаттарды мемлекеттің әртүрлі қызмет салалары және қоғамдық шаруашылық салалары бойынша бөледі. Осылайша, мемлекеттің көзқарасы бойынша ең қажетті деген шаруашылық қызметі арналарына қаржылық құралдардың шоғырлануы жүзеге асырылады.

Бюджеттік шығындарды жүзеге асыра отырып мемлекет қоғамдық шаруашылықтың құрылымын өзгертуге, шаруашылық нәтижелеріне ықпал етуге, әлеуметтік түрлендірулер жүргізуге мүмкіндік алады. Бюджеттік қорды ҒТП жылдамдату үшін қолдана отырып, дәл осы бюджеттік қор ел экономикасына жағымды ықпал ете алады. Ғылымды бюджеттік қаржыландырудың жаңа механизмін құру, кадрларды дайындау және қайта дайындаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, жаңа өнім түрлеріне табыс салығын салу жүйесінде жеңілдетілген салық режимін қолдану және тағы да басқа осындай бюджеттік іс-шаралар ғылыми жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, жаңа техникалық жетістіктерді, оларды өндіріске енгізу мерзімдерін қысқартуды ынталандыруға жетелейді, ал бұл өз кезегінде ғылыми-техникалық прогресті жылдамдатудың негізі болады.

3. Мемлекеттік қаржының *бақылау функциясы* қаржылық ресурстардың қаншалықты уақытылы және толық мемлекет және жергілікті билік органдарының қарамағына түсетінідігін, бюджеттік қаражаттарды бөлудегі үйлесімділіктің нақты мәнін, олардың қолданылу тиімділігін білуге болады.

Мемлекеттік қаржының бақылау функциясын кең мағынада және де тар мағынада қарастырған жөн.

Тар мағынада бақылау функциясы келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

- орталықтандырылған қорларға қаражаттарды аудару уақыттылығы және дұрыстығын бақылау;

- өндірістік және әлеуметтік даму қажеттіліктерін есепке ала отырып ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорларға берілген параметрлердің сақталуын бақылау;

- қаржы ресурстарының мақсатты және тиімді қолданылуын бақылау.

Мемлекеттік қаржының бақылау функциясы негізінде мемлекеттің ақша қаражаты қорын құру және қолдану арқылы экономиканың құрылымдық буындарында өтетін экономикалық процестердің айқындалуы жүзеге асырылатыны жатыр. Соның арқасында бюджет мемлекет қарамағына әртүрлі шаруашылық субъектілерінен ресурстардың қалай түсетіні туралы, мемлекеттің орталықтандырылған ресурстары оның қажеттіліктер көлеміне сәйкестігі туралы «белгі» бере алады.

Кең мағынада бақылау функциясы мемлекеттің қаржы саясаты нәтижелерін қойылған мақсаттар мен орнатылған критерийлермен салыстыруды білдіреді. Осылайша, бұл жағдайда қаржы саласындағы өзгерістерді айқындау және соған сәйкес өзгертулер енгізуді негізге алатын ұзақ мерзімді қаржылық саясаттың іске асырылуы туралы айтуға болады.

Қаржыны кең және тар мағынасында қарастырғанда олардың жеке және мемлекеттік болып бөлінуінде, аталған қорытынды толықтай негізделген деп айтуға болады.

Материалдық тұрғыда мемлекеттік қаржы мемлекет иелігіндегі ақша қаражатының жиынтығы болып табылады. Сонымен қоса айтатын болсақ ақша және де қаржы нақты ақша (қолма-қол ақша) және қолма-қолсыз формада бола алады. Бірінші жағдайда олар құндық белгілері көрсетілген белгілі-бір қағаз ақша немесе монеталық түрде болса, екінші жағдайда олар белгілі-бір шоттардағы жазбалар түрінде көрсетіледі.

Мемлекеттік және жеке қаржы арасындағы айырмашылық келесіде:

- мемлекет салық салу жүйесі арқылы өз табысын міндетті түрде түсіре алады (сонымен қоса мемлекеттің өзіне деген мәжбүрлік сипат жоқ, жеке тұлғаларға келетін болсақ, бұл жерде жағдай мүлдем басқа: олар өз табыстарын мәжбүрлі түрде қамтамасыз ете алмайды, сондықтан өз міндеттемелерін орындай алмауы әбден мүмкін);

- мемлекеттік қаржы қаржы жүйесімен байланысты, ал ол өз кезегінде мемлекетпен басқарылады, ал өз қаражаттарын басқаратын жеке меншік иелері ақша жүйесіне ықпал ете алмайды;

- жеке қаржы табыс табуға мақсатталған, ал мемлекеттік қаржы, керісінше – бұл барлық қоғамның қызығушылығын іске асыруға арналған қаражаттар;

- жеке тұлғалар басқаратын жеке қаржыларға қарағанда, мемлекеттік қаржының көлемі үлкен болып табылады.

Экономикалық категория ретінде мемлекеттік қаржыны ақша қорларын құру, бөлу және қолдану бойынша қаржы қатынастарының жиынтығы ретінде таниды. Бюджеттік қорды қолдану мақсатты шығыстар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет, жалпы шаруашылыққа ие субъект ретінде, өндірістік процестің барлық қатысушыларының экономикалық мүдделерін ескере отырып бюджеттік қаражаттарды мемлекеттің әртүрлі қызмет салалары және қоғамдық шаруашылық салалары бойынша бөледі. Осылайша, мемлекеттің көзқарасы бойынша ең қажетті деген шаруашылық қызметі арналарына қаржылық құралдардың шоғырлануы жүзеге асырылады.

1.2 Мемлекеттің қаржылық қызметі түсінігі

Мемлекеттің *қаржылық қызметі*—жалпы мемлекеттің немесе дәл осы салаға уәкілетті органдардың елдің қаржылық инфраструктурасын құру және оның тиісті қызмет атқаруын қамтамасыз ету, сонымен қоса, мемлекеттік ақша қорларын құру, бөлу және қолдануды ұйымдастыру қызметі болып табылады. Мемлекет қаржылық қызметін ақша қаражатының иесі ретінде жүзеге асырады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі объектілері әртүрлі меншік түрлері қаражаттары, және ол осындай қызметін атқара отырып тек меншік иесі ретінде ғана емес, жалпы билікке ие болғандықтан басқа меншік иесіне де билік жүргізуші түрінде қызмет атқарады (сурет 2)*.

Мемлекеттің қаржылық қызметі кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде болмауы тиіс. Әр елдің қаржылық қызметінің көлемі әртүрлі және ол сол елдің экономикалық доктринасы мен идеологиясына, сонымен қоса аталған елдегі экономика мінездемесіне байланысты.

Мемлекет экономикалық өмірге бірнеше факторларға байланысты қатысады, таңдалған қоғамның даму моделі, саяси құрылымы, сақталып келе жатқан салт-дәстүрлер, сыртқы факторлар.

Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру қызметіне экономикалық конъюнктура тербелістерінен туындайтын жұмыспен қамтылу және инфляцияны бақылау кіреді.

ҚР-да *мемлекеттің экономикалық қызметі* келесі функцияларда көрінеді:

- елдің экономикалық дамуына септігін тигізетін, құқықтық базаны анықтау;
- монополистік қызметті шектеу және бәсекелестікті қолдау;
- қоғамның барлық байлығын және кірісін қайта бөлу;
- жаһандану жағдайында экономиканы тұрақтандыру;
- ел экономикасында орын алып жатқан өзгерістерге сәйкес ресурстарды қайта бөлуді жүзеге асыру.

Аталған функциялардың әсері тікелей немесе жанама түрде «қаржы» категориясын қолданумен байланысты, бұл байланыс әсіресе мемлекеттің үшінші, төртінші және бесінші функцияларында көрінеді.



*автормен құрылған

Сурет 2 - Мемлекеттің қаржылық қызметінің құрылымы

Кірістер мен шығыстарды бөлуде нарықтық жүйеде теңсіздіктер туындайды, сондықтан мемлекет оларды өзі бөледі. Сонымен қоса, мемлекет азаматтардың (үй шаруашылығының) табыстарын теңдестіріп отыру үшін салық салу, трансферттер, жалақыны, бағаларды реттеу жүйелерін қолданады.

Экономикалық ресурстардың қайта бөлінуі екі жағдайда нарықтық жүйенің жетілмеуімен шығарылады:

- кейбір тауарлардың тепе-теңдік өндіріс көлемінің, оның тиімді көлемінен ауытқуы жағдайында;
- нарықтың қоғамдық тауарлар, игіліктер және қызмет көрсетулер өндіруге ресурстар бөлуден бас тартуы немесе жеткіліксіз дәрежеде беруі жағдайында.

1.3 Мемлекеттік қаржының ерекшелік белгілері

Мемлекеттік қаржының құрамы және құрылымы мемлекеттік құрылым жүйесіне байланысты болады. Қазақстанда Конституцияға және Азаматтық Кодекске сәйкес екі деңгейлі қаржы жүйесі қалыптасқан. «Мемлекеттік қаржы» категориясына келесідей түсініктерді жатқызуға болады:

- мемлекеттік несие;
- мемлекеттік бюджетке және мемлекеттік бюджеттік емес қорларға түсетін түсімнің негізгі бөлігін құратын салық жүйесі;
- бюджетке және бюджеттік емес қорларға түсетін салықтық емес түсімдер;
- бюджеттік жүйе;
- мемлекет және оның органдары басқаратын ақша қаражаты қорларын құруға және қолдануға қажетті басқа да қаржы түсінігі.

Мемлекеттік қаржыны басқаруды мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады, біріншіден, ел Президенті, заңнамалық және атқарушы органдар (Үкімет, Мәжіліс, Ұлттық банк, Қаржы министрлігі, аймақтық органдар, Маслихат және т.б.).

Мемлекеттік қаржы – мемлекеттің дамуымен және оның қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерінің өсуімен байланысты тұрақты тауарлық-ақшалай айырбас жағдайында туындайтын ақша қаражаты қорларын құру және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды айқындайтын *экономикалық категория*. Қаржы мемлекеттің экономикалық құрылуымен өзара байланыста көрінетіні тарихи дәлелденген болып отыр. Мемлекет қаржы жүйесі арқылы өз қолында, қоғамның қажеттіліктерімен ақталған көлемді ақша қаражаттарын жинақтайды.

Мемлекеттік қаржы – бұл жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) және ұлттық табысты (ҰТ) бөлу және қайта бөлудің экономикалық құралы, ақша қаражаты қорларының құрылуы және қолданылуын бақылау құралы.

Мемлекеттік қаржының негізгі мақсаты – мемлекет және кәсіпорындардың ақша қаражатына деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін ақша кірістерін және қорларын құру, сонымен қоса жұмсалымдарды бақылау, қаржылық ресурстардың мақсатты және тиімді қолданылуы.

Қаржылық қатынастарға төмендегі қатысушылардың өндіріс процесінде туындайтын ақшалай қатынастар жатады:

- мемлекет және кәсіпорындар (ұйымдар) салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша, сонымен қоса кәсіпорындардың кейбір шығындарын, дамудың республикалық және аймақтық бағдарламаларына сәйкес бюджет есебінен қаржыландыру;

- бюджетке және бюджеттік емес қорларға міндетті және еркіті төлемдерді төлеген кезде мемлекет және азаматтар арасында;

- орталықтандырылған қорлар құру кезінде мемлекеттік кәсіпорындар және жоғарғы билік ұйымдары арасында;

- бюджеттен тыс қорларға сақтандыру, зейнетақы жарналары беру кезінде кәсіпорындар және осы қорлар арасында;

- шот ашу кезінде, несие алғанда, несие бойынша пайыз төленген уақытта, банктердегі шоттарда ақша қаражаттарын сақтау кезінде кәсіпорындар мен коммерциялық банктер арасында;

- сақтандыру жарналарын төлеу уақытында және сақтандыру жағдайы орын алған уақытта сақтандыру қорынан шығынды өтеу кезінде кәсіпорындар мен сақтандыру органдары арасында;

- еңбекті өтеу қорынан еңбекақыны төлеу кезінде кәсіпорындар мен жұмысшылар арасында;

- сатып алынған тауарлы-материалдық құндылықтар, дайын өнімді өткізу және қызмет көрсету бойынша есеп айырысу кезіндегі өндірістік және коммерциялық қызмет процесінде кәсіпорындар мен ұйымдар арасында.

Мемлекет, кәсіпорындар, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасындағы ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастардық жиынтығы қаржы қатынастарын тудырады. Осылайша, мемлекеттік қаржы – бұл ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу негізіндегі ақша қаражаттары қорларын қолдану және құрумен байланысты экономикалық қатынастар жүйесі.

Қаржының пайда болу себебі – мемлекеттің және басқа да субъектілердің олардың қызметін қамтамасыз ететін ресурстармен қамсыздандыру. Осылайша, *мемлекеттік қаржы* маңызды экономикалық, әлеуметтік және саяси сипатқа ие.

1.4 Мемлекеттің қаржылық қызметін атқару әдістері

Өзінің материалдық мазмұны бойынша мемлекеттің қаржылық қызметі ақшаның шоғырлануы және олардың орынды (мақсатты/ұқыпты) бөлінуі арқылы жұмсау процестерін қамтиды. Бұл қызмет белгілі-бір әдістермен жүзеге асырылады.

Қаржылық қызмет әдістері ретінде мемлекеттің қаржылық жүйесіне кіретін ақша қорларын қолдануды ұйымдастыру, бөлу және құруды жүзеге асыратын нақты әдістері мен тәсілдерін айтуға болады.

Мемлекеттің ақша қорларын құру әдістері:

- мәжбүрлі-қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарын алу;

- мәжбүрлі-қайтарымды түрде ақша қаражаттарын алу;
- ерікті-қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарын тарту;
- ерікті-қайтарымды түрде ақша қаражаттарын тарту;
- мемлекеттік қызмет көрсетулер негізінде ақша қаражаттарын тарту;
- мемлекеттік мүлікті сату және қолдану нәтижесінде пайда болған ақша қаражаттарын мемлекеттің кірісіне айналдыру;
- эмиссия (жаңа ақша белгілерін және бағалы қағаздарды шығару).

Мемлекеттің ақша қорларын бөлу әдістері:

- қаржыландыру, яғни дотациялар, субвенциялар және субсидиялар арқылы қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету;
- несиелендіру, яғни төлемділік және қайтарымдылық талаптары негізінде ақша қаражаттарын бері;
- мемлекеттің өз қаржылық міндеттемелерін орындауы.

Мемлекеттің қаржы қорларын қолдануды ұйымдастыру әдістері:

- ақша қорларын тағайындауды орнату;
- мемлекеттік ақша қорынан алынған қаражаттар қолдану тәртібін орнату;
- мемлекеттік кәсіпорындардың табыстарын бөлу нормативтері мен тәртібін орнату;
- ақша қаражаттарын бөлудің қаржылық нормативтері мен шектеулерін орнату;
- ақшалай қорларды қолдануды жоспарлау және болжау;
- ақша қорларын қолдануға бақылау жүргізу.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік қаржылар түсінігі және олардың ішкі мазмұны арасындағы ерекшеліктер?
2. Қоғамдық өнімді оның құрамымен қайта өндіру дегеніміз нені білдіреді?
3. Мемлекеттік қаржының объективті қажеттілігі неде?
4. Қоғамдық дамудағы мемлекеттік қаржының рөлі қандай?
5. Мемлекеттік қаржының тауарлы-ақшалай қатынастармен және құн заңы қызметі арасындағы байланысты анықтаңыз?
6. Негізгі экономикалық категориялардың өзара байланысын және өзара әрекеттесуді ашыңыз?
7. Мемлекеттің қаржы қызметін іске асыру әдістерін атаңыз?
8. Мемлекеттік қаржы мәні неден көрінеді?
9. Мемлекеттік қаржының негізгі функциялары қандай?
10. Мемлекеттік қаржының ерекше белгілерін атаңыз?

2. Қаржылық жүйе және оның бөлімдері


Қаржы, адамға шынайы байлықты сеніп тапсыруға болатын болмайтындығын көрсететін құрал болып табылады?!

Дмитрий Лео

2.1 Мемлекеттің қаржы жүйесінің мәні, оның құрылымы

Мемлекеттік қаржының мәні, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының өз функцияларын орындауға қажетті шығындарды жабу үшін, бекітілген көлемде мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жинақталатын, қоғамда құрылған жалпы өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу бойынша ақша қатынастарының бөлігін қамтитындығында.

Экономикалық мағынасында әрбір қор, мемлекеттің ақша қорын құру, бөлу және қолдануды ұйымдастыру бойынша қатынастар жиынтығынан тұратын қаржылық-экономикалық институтпен жалғанған. *Қаржылық жүйе* негізіне мемлекеттің экономикалық жүйесінің деңгейі салынған белгілі – бір қаржылық-экономикалық институттар жиынтығы болып табылады. Қаржылық қатынастардың 4 саласын белгілейді (сурет 3):



Сурет 3 - Мемлекеттік қаржының жиынтығы

Қаржыны *тар* мағынасынан алғанда үш үлкен саланы белгілейді:

- кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар қаржылары;
- сақтандыру;
- мемлекеттік қаржы.

Қаржыны *кең* мағынасынан алғанда келесідей үш саланы белгілейді:

- бюджеттік жүйе (республикалық және жергілікті бюджеттер);
- бюджеттен тыс орталықтандырылған және орталықтандырылмаған мақсатты қорлар;

- кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, халықтық шаруашылық салаларының қаржысы;

- мүліктік және жеке сақтандыру;
- несие (мемлекеттік және банктік).

«Қаржылық жүйе» түсінігі төмендегілерді байланыстыратын үш институттар тобымен көрсетілген:

- халықтың ақшалай қаражаттары;
- заңды тұлғалардың ақшалай қорлары;
- мемлекеттің ақшалай қорлары.

«Қаржы жүйесі» түсінігі соның негізінде тиісті ақша қаражаты қорлары құрылатын және қолданылатын қатынастар жиынтығын, сонымен қоса сол қатынастарды ұйымдастыратын органдарды қамтиды.

Қазақстанның қаржы жүйесі келесілерге бөлінеді:

- *орталықтандырылған қаржылар* – мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, мемлекеттік кәсіпорындар қаржылары, мемлекеттік сақтандыру;

- *орталықтандырылмаған қаржылар* – коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары, коммерциялық емес ұйымдардың қаржылары, несиелік ұйымдардың қаржылары, сақтандыру ұйымдарының қаржылары;

- *үй шаруашылығының қаржылары*.

Оралықтандырылған қаржылар мемлекеттік қаржы болып табылады және жалпы ұлттық экономиканы реттеу үшін қолданылады. Олардың көмегімен шаруашылық субъектілері және азаматтардың ақша қаражаттары мемлекеттің бюджеттік және бюджеттен тыс қорларында, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жинақталады.

Оралықтандырылмаған қаржылар – бұл шаруашылық субъектілерінің ақшалай қаражаттары (кірістері және жинақтары). Олар тауарларды мен қызмет көрсетулерді өндіру және сату мақсатында, сонымен қоса капиталды және жұмыс күшін қайта өндіру үшін қолданылады. Қаржылық жүйенің негізін дәл осылар құрайды, қаржылық ресурстардың ауқымды бөлігі кәсіпорындардың қолында жинақталғандықтан қаржылық жүйенің тұрақтылығы да дәл осы кәсіпорындардың қаржылық жағдайының тұрақтылығына байланысты.

Функционалдық белгісі бойынша қаржылық жүйенің құрылымы. Дамыған елдердің *мемлекеттік қаржылық жүйесі* алты негізгі элементті қосады: мемлекеттік бюджет; жергілікті бюджеттер; мемлекеттік несие; арнайы бюджеттен тыс қорлар; мемлекеттік сақтандыру; мемлекеттік корпорациялардың қаржылары.

Қазіргі даму кезеңінде ҚР қаржылық жүйесі үш бөліктен тұрады (сурет 4):

- қаржылық қатынастар жиынтығы;
- ақша қаражаттары қорларының жиынтығы;
- басқарудың қаржылық аппараты.



*автормен құрылған

Сурет 4 - Мемлекеттің қаржы жүйесінің жүйешелері

Қазақстанның *қаржылық жүйесі* интеграциялық түрдегі жүйе болып табылады және оған кіретін элементтердің (жүйешелер) тығыз байланысын сипаттайды. Функционалдық жүйешелер ретінде салықтық, бюджеттік және банктік жүйелер, қаржылық жоспарлар (болжамдар), сонымен қоса сақтандыру және бақылау жүйешелері шығады.

Қаржылық жүйені сыныптаудың функционалды критерийімен қоса қаржылық қатынастарға қатысатын қаржы субъектілерінің белгілері бойынша сыныптау да қолданылады:

- жалпы мемлекеттік қаржы;
- кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер қаржысы;
- үй шаруашылығы қаржысы.

Ұлттық қаржылық жүйенің құрылымы 5 суретте көрсетілген, суретте көріп отырғанымыздай *мемлекеттік бюджет* басты элемент ретінде шығады және жүйенің басқа элементтері ішінде алдыңғы орынды алады*.

Материалдық өндіріс сферасы *кәсіпорындарының қаржысы* да қаржы негізін құрайды және қаржылық жүйенің бастауыш бөлімі болып табылады, себебі материалдық өндірісте қоғамның қаржылық ресурстарының негізгі көзі – ұлттық табыс құрылады.



*автормен құрылған

Сурет 5 - Ұлттық қаржылық жүйе құрылымы

Халықтың қаржысы қаржылық жүйенің ерекше бөлігі болып табылады. Халық өз ақша қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржылық жүйемен және мемлекеттік немесе басқа да меншік формасындағы өндірістік және өндірістік емес сала кәсіпорындарымен байланысқа түседі.

Жалпы мемлекеттік қаржы ҚР-ның мемлекеттік бюджетінде мемлекеттің негізгі қаржылық жоспарында қаржылық ресурстардың орталықтандырылған қоры, экономикалық формасында, бюджеттен тыс арнайы қорларда қоғамдық қажеттіліктерді мақсатты қаржыландырудың, мемлекеттік несиелеудің қосымша формалары ретінде көрінетін қаржылық қатынастарды қамтиды.

Несиелік қатынастар қаржылық қатынастардан ерекшеленетініне қарамастан, *мемлекеттік несиелік* қаржылық жүйеге қосылады. Мемлекеттік несиелік мемлекеттік бюджет дефицитін толықтыруға, мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, ал ол бойынша есеп айырысулар бюджеттік қаражат арқылы жүзеге асырылады – бұл бөлімді қаржылық та несиелік те жүйелерге жатқызуға болады.

2.2 Мемлекеттің қаржы жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары

Қаржылық сектор құрылымын әртүрлі елдердің қаржылық секторлар модельдері элементтерінің қосындысы құрады: банктер - Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Жапония; сақтандыру ұйымдары – құрлықтық; құрылыс жинақтары – Германия; 2014 ж дейін жинақтық зейнетақы қорлары – Чили; Қазақстан ипотекалық компаниясы – Малайзия; ҚР Ұлттық қоры – Норвегия; секьюритизация – Италия.

Жаһандану жағдайында ҚР қаржы жүйесін ұйымдастыру негізгі принциптері 6 суретте көрсетілген:



Сурет 6 - Қаржылық жүйені ұйымдастыру принциптері

Мемлекеттің қаржылық жүйесін ұйымдастырудың *әлемдік тәжірибесінде* келесідей қағидалары ерекшеленеді:

- жеке қаржылық базаның болуы;
- экономикалық қатынастар субъектілері мүдделерін келісуге бағытталған қаржылық саясат және алғашқы кірістер (ЖІӨ) көзінің жалпылығымен анықталатын қаржылық жүйенің барлық элементтерінің бірлігі және байланысы;
- әрбір жүйеше және оның бөлімдерінің функционалды міндеттері.

2.3 Қаржы жүйесін жетілдіру бағыттары

Жалпы алғанда елдің қаржылық секторының дамуы ҚР 2020 ж дейінгі қаржылық секторының даму тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылуда:

1. *Фискалдық саясат.* Құрылымдық және ақша-несиелік саясатпен қоса алғанда фискалдық саясат экономиканы жандандыруға және оның ары қарай өсуін ынталандыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Экономиканы әртараптандыру және жандандыруға, оның «қызып» кетпеуіне жағдай жасау үшін, экономиканың өсуі кезінде шығындарды тежеу және экономикалық түсім кезінде шығындарды ұлғайтуды көздейтін антициклдық фискалдық саясат жүргізілуде.

2. *Құрылымдық саясат.* Елдің құрылымдық саясатының негізгі өзегі, мемлекеттік және жеке секторлардың тиімді байланысы принциптерін, отандық экономиканың бәсекелестігін көтеру және қазақстандық құрамды ұлғайтуды, дәстүрлі экспортқа негізделген салаларды дамыту арқылы басымдыққа ие шикізаттық емес секторларды дамытуды жүзеге асыру арқылы жедел индустрияландыру жолымен экономиканы әртараптандыру болып отыр. Индустрияландырудың нәтижесі барлық секторлардағы экономиканың өнімділігінің жоғарылауы болады.

3. *Жүйелі индустрияландыру* ары қарай дамуға өту үшін ҚР-дағы дәстүрлі шикізатты сектор салаларын қамтиды:

- қазба-байлықтарды қолданушылар, ұлттық компаниялар және мемлекет сұранысына негізделген секторлар;
- негізінен экспортқа бағытталған шикізаттық емес секторлар;
- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнология, баламалы энергетикадан тұратын «болашақтың экономикасы» секторы.

4. Экономиканы *әртараптандырудың макроэкономикалық негізі* ҚР Ұлттық қоры функцияларын жетілдіру және айырбас курсы бақылау саласында күшейтілген. Жағымды экономикалық ортаны құруға, отандық өндірушілер үшін сыртқы нарықтарғы қол жеткізу және теңсіз бәсекелестікті жоюға бағытталған тиімді сауда саясаты да септігін тигізеді. Құрылған Кедендік одақ (Ресей, Беларусь, Қазақстан және басқа да ТМД елдері), Ортақ экономикалық кеңістікті құру, Қазақстанның ӘСҰ-на кіруі қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және инвестиция тартуға негіз болды.

5. *Ұлттық инновациялық жүйені құру.* Экономиканың өнімділігін жалпы жоғарылату мақсаты қазақстан экономикасы жағдайында тиімді қызмет атқаратын жоғары технологияларды қолдану арқылы да қол жеткізіледі. Құрылымдық саясат аймақтық дамуы бар экономиканы әртараптандыру және экономикалық өсім орталықтарын құру қосындысы негізінде құрылады.

Мемлекеттің қаржы жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары:

- өндірістік қатынастарды жетілдіру;
- экономиканың әлеуметтік қайта бағдарлануы;
- ұлттық шаруашылықтың құрылымдың өзгерістері (экономиканың әртараптандырылуы);

- ғылыми-техникалық прогрестің жылдамдатылуы (инновацияларды енгізу);
- сыртқы экономикалық қызметті жандандыру;
- тұтыну нарығының толып кету мәселесін ішкі өндіріс есебінен шешу (өндірістер – қайта өңдеу – бәсекеге қабілетті өнімді өндіру);
- интеграциялық байланыстарды дамыту (интеграцияны кеңейту, ӘСҰ-на кіру).

Қаржылық іс-шаралар қатарына кіреді:

- инвестицияларды тарту және оңтайландыру;
- басқару аппаратын қамтамасыз ету шығындарын азайту;
- шаруашылықтық барлық деңгейлерінде экономика режимін қаталдандыру;
- экономиканың төменгі бөліктерінде шығындарды жою (банкроттылық процедураларын өткізу);
- нәтижеге бағытталған бюджеттендіру сияқты мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды қағидасын енгізу негізінде коммерциялық есеп айырысудың дамуы;
- қаржы жүйесінің барлық бөлімдерінде қаржылық қатынастарды индикативті реттеу.

Қазіргі уақытта қаржылық секторды жетілдіруге басты назар аударылады, 2003 жылдан бастап оның 2020 және 2050 жылдар кезеңдері бойынша даму бағыттары құрылған. Жетілдіру бағдарламаларының негізі – бұл қаржылық институттар арқылы жүзеге асырылатын басымдылықтарды анықтау сұрақтары.

Жетілдіру саясатының негізгі мақсаты экономиканың нақты секторының қаржылық ресурстарға деген қажеттілігін қанағаттандыратын және ашық бәсекелестік жағдайында қаржылық институттарға сапалы қызмет көрсететін қаржылық жүйенің қызмет атқару талаптарын құру арқылы Қазақстанның қаржылық секторының тұрақтылығын жоғарылату және қаржылық ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру қажеттілігі болып отыр.

Экономиканың қазіргі даму кезеңіндегі мемлекеттің қаржылық саясатын реттейтін *негізгі құжаттар* – бұл:

- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы;
- 2020 ж. дейінгі Қазақстанның мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары;
- ҚР өзгертілген Заңдары және нормативті-құқықтық құжаттары (Бюджеттік, Салықтық кодекстер және т.б.).

Бақылау сұрақтары:

1. ҚР қаржылық жүйесі құрылымының негізін атаңыз?
2. Қаржылық жүйе сызбасында сыныптаудың әртүрлі критерийлері бойынша элементтері қалай және неліктен үйлеседі?

3. Қаржылық жүйені ұйымдастыру кезінде белгілі-бір қағидаларды қолдану қажет?
4. Мемлекеттік қаржы жүйесінің қандай негізгі элементтері бар?
5. Қаржылық жүйені ұйымдастырудың негізгі қағидаларын атаңыз.
6. Қаржылық жүйені жетілдіру дегеніміз не?
7. Қаржылық жүйенің қазіргі дамуы жағдайында оны жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңыз.

3. Қаржы саясаты

*Маған жақсы саясат беріңдер,
кейін мен сендерге жақсы қаржы беремін*
Тюрго Анн Роббер Жак

3.1 Қаржы саясаты түсінігі, және оның экономикалық және әлеуметтік саясаттағы орны

Қаржы саясаты – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы тапсырмаларын шешуге қаржыны қолдану бойынша мемлекеттің мақсатты бағытталған қызметі. Мемлекеттің қаржылық саясаты экономикалық саясат негізінде бағдарламалық және негізгі нормативтік-құқықтық құжаттармен айқындалады:

- Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясы;
- Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі;
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы;

- нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу бойынш Тұжырымдама;

- әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары.

Қаржы саясаты – дербес қызмет саласы және экономикалық саясаттың негізгі бөлігі болып табылады. Мемлекеттің қаржылық саясатын құру *мақсаты, міндеттері, құрамы және принциптері* 7 суретте көрсетілген*.

Мемлекеттің *қаржы саясаты* келесідей элементтерді қосады:


- бюджеттік саясат;
- салықтық саясат;
- баға саясаты;
- ақша-несиелік саясат;
- кедендік саясат;
- сыртқы және ішкі ауысулар саясаты;
- халықаралық қаржы саласының саясаты.

Кез-келген елдің қаржылық саясатында басты орынды бюджеттік және салық саясаты алады.

Бюджеттік саясат – бұл бюджеттің кірістері мен шығыстарын құрудың сандық көрсеткіштерін және негізгі тапсырмаларын анықтауға, мемлекеттік қарызды басқаруға арналған мемлекеттің мақсатты қызметі. Бюджеттік саясаттың тиімділігі критерийлері ретінде келесі көрсеткіштер қолданылуы мүмкін:

- бюджеттік кірістердің жиналу деңгейі;
- орындалатын бюджеттік міндеттемелер деңгейі;
- бюджеттік дефицит көлемі және мемлекеттік қарыздың өсу қарқыны;
- бюджеттік дефициттің монетизация деңгейі;

- бюджеттік дефицитті қаржыландыруға қолданылатын валюталық резервтердің көлемі;
- ЖІӨ динамикасы;
- бюджет туралы заңнамалық және соған теңестірілген актілердің орындалу дәрежесі



*автормен құрылған

Сурет 7 - Қазіргі кезеңдегі мемлекеттің қаржылық саясатының міндеттері мазмұны және мақсаты

Салық саясаты – салық салу саласында мемлекеттің жүргізетін ғылыми-негізделген іс-шаралар жүйесі. Салық саясатының мазмұны және мақсаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылуымен, экономикалық саясаттың жалпы бағыттылығымен, сонымен қоса мемлекеттің қаржылық саясатының нақты әдістерімен келісілген.

Салық саясатының мақсаты мемлекеттің бюджеттік жүйесіне түсетін салықтық түсімдер мен басқа да міндетті төлемдердің есептелу дұрыстығын, толықтылығы және уақыттылығын қамтамасыз ететін талаптарды қамтамасыз ету.

Қаржы саясаты шаруашылық механизмінің бөлігі ретіндегі қаржылық механизмді арқылы жүзеге асырылады. Оған кіреді:

- қаржылық қатынастардың ұйымдастыру формаларының жиынтығы;
- ақша қаражаттарының орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорларын құру және қолдану тәртібі;
- қаржылық жоспарлаудың әдістері;
- қаржы және қаржы жүйесін басқару формалары;
- қаржылық заңнама.

3.2 Қаржы саясатын құру кезеңдері және қағидалары

Мемлекеттің қаржы саясаты қаржылық стратегия және қаржылық тактика болып бөлінеді.

Қаржылық стратегия—болашаққа бағытталған сонымен қоса экономиканың және қоғамның әлеуметтік дамуының кең көлемді тапсырмаларын шешуді қамтитын ұзақмерзімді бағдар. ҚР қаржылық стратегиясының мысалына елдің 2030 және 2050 жылдарға дейінгі ұзақмерзімді даму бағдарламаларын келтіруге болады.

Қаржылық тактика – ел дамуының белгілі бір кезеңіндегі мәселелерді шешу және қаржылық қатынастарды ұйымдастыру тәсілдерін уақытылы өзгерту арқылы дамуды қамтамасыз ету. Қаржылық тактиканың мысалына мемлекеттік даму бағдарламалары жатады: индустриалды-инновациялық даму, ауылдық аймақтарды дамыту, нәтижеге бағытталған бюджеттендіруді енгізу және т.б.

Қаржылық саясат принциптері қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының мүдделерін қорғауды қажет етеді:


- қаржылық қатынастардың оңтайлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік қаржының шығыстары мен кірістерінің теңестірілуі;
- мемлекеттің және әлеуметтік қорлардың резервтерін құру;
- қаржылық ресурстардың ұтымды бөлінуі және олардың тиімді қолданылуы.

Мемлекеттің қаржылық саясатының негізгі бағыттары:

- шаруашылық субъектілер қаржылары саласында нарықтық қатынастарды нығайтуға арналған іс-шараларды өткізу;
- дағдарысты жағдайды еңсеру және қаржылық жүйені сауықтыру;
- халықты әлеуметтік қорғаудың кешенді шаралары;
- антимонополиялық саясаттың ары қарай дамуы;
- қазіргі салық жүйесін жетілдіру;
- қаржы нарығын дамыту;
- бюджеттік дефицитті төмендету;
- ішкі және сыртқы қарызды азайту және т.б.

Қазақстанның *қаржы саясатының негізі басымдығы* шетелдік инвестициялардың жоғарғы деңгейіне ие ашық нарықтық экономикада негізделетін экономикалық өсім болып табылады. Ел экономикасының ары қарай тұрақты дамуы экономиканы әртараптандыру және жетілдіру, өнімнің

бәсекеге қабілетті түрлерін өндіруге жағдай жасау және экспортты өсіру арқылы қамтамасыз етілмек. Қаржылық саясаттың құрылуы кезінде мемлекеттік жоспарлау жүйесіне ерекше назар аударылады (сурет 8)*



*автормен құрылған

Сурет 8 - Мемлекеттің қаржылық жоспарлауының мәні және мазмұны.

ҚР қаржылық жүйесінде *индикативті* яғни ұсынылмалы жоспарлау қолданылады, ол ақпараттық-үйлестірушілік рөлін атқарады және экономикалық реттеуіштер арқылы қаржылық қызметтің субъектілеріне жанама әсерін тигізеді. *Индикативті жоспарлаудың басты мақсаты*– болжанған дамуды қамтамасыз ету үшін қаржылық ресурстардың болжанған көлемі мен бағытын анықтау.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты *қаржылық жоспар* – бұл әр саланың, аймақтардың және жалпы мемлекеттің кәсіпорындары мен

ұйымдарының ақшалай кірістері мен жинақтарының пайда болу және қолданылу жоспары және халық шаруашылығының қаржы ресурстарымен қамтылғандығын көрсетеді.

Қаржылық жоспарлар (баланстар) жүйесі – қамтылатын қатынастар кеңдігімен яғни жоспарланып отырған түсімдер мен қолданылатын ресурстар көлемімен ерекшеленетін жоспарлардың әртүрлі түрлері. Бұл белгісі бойынша бастапқы және құрама қаржылық жоспарларды айырады.

Бастапқы – материалдық өндіріс саласының кәсіпорындары, бірлестіктері және ұйымдарының жоспарлары; шығындары толық немесе негізгі бөлігі бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың сметалары.

Құрама – жалпы мемлекеттік, салалық, территориялық. Қаржылық жоспарлардың әртүрлі түрлері бір-бірімен байланысты: осылайша салалық жоспарлар ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарларын біріктіреді; территориялық жалпы мемлекеттік немесе салалық жоспардың бір бөлігі болып табылады.

Жоспарлау кезеңдері

Бірінші – есепті кезеңдегі қаржылық көрсеткіштердің орындалуының экономикалық талдауы;

Екінші – әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламалары және жоспарлар көрсеткіштері негізінде жоспарланып отырған кезеңге кірістер мен шығыстардың негізгі топтары бойынша нақты кірістер мен шығыстар түрлерінің есептеулері;

Үшінші – жеке тапсырмалар мен бөлімдер бірігеді яғни теңестіріледі.

Мерзіміне байланысты қаржылық жоспарлау жылдық, орта мерзімді (үш, бес жылдық) және болашақтық болып бөлінеді.

Мемлекеттің *шоғырландырылған* қаржылық балансы – республикалық және жергілікті бюджеттер ақша қаражаттарының жиынтығы, орта мерзімді кезеңге жалпы дамудың мемлекеттік болжамының қаржылық бағдарламасы болып табылады. Оны құрумен Қаржы министрлігінің, Мемлекеттік кірістер министрлігі және Ұлттық банктің белсенді қатысуымен Экономика және сауда министрлігі айналысады. Аймақтарда баланс есептеулерін тиісті аймақтық органдар атқарады.

Құрама қаржы балансында мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдарының басқа меншік формасының кәсіпорындары мен ұйымдарының ақша қаражаттарының пайда болу көздері мен құрамы көрсетіледі және олардың кеңейтілген қайта өндіру және қоғамдық қажеттіліетерге (әлеуметтік-мәдени іс-шаралар, қорғаным, басқару) жұмсалуды көрсетіледі.

Кірістер мен шығыстар баласының классикалық формасы төрт бөлімнен тұрады:

- Кірістер және қаражаттары түсімі;
- Шығыстар және қаражаттары шығындары;
- Бюджеттік төлемдер;
- Бюджеттен ақша бөлу.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі бағыттары – мемлекеттің біртұтас қаржылық саясатын жүргізуін қамтамасыз ету, қаржылық саясат төмендегілерге бағытталған болуы тиіс:

- жалпымемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделердің бөлушілік қатынастарындағы ұтымды үйлесімділік;
- ақшалай жинақтардың интенсивті өсу факторлары есебінен олардың ұлғаюын ынталандыру;
- өндірісті дамыту, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру және еңбек ұжымдарын материалды ынталандыру бойынша шығындарды мақсатты қаржыландыру.

3.3 Қаржы қатынастарын құқықтық реттеу

Қаржылық құқық – бұл мемлекеттің ақша қорларын құру, бөлу және қолдану процесі кезінде туындайтын қаржылық қатынастарды реттейтін және регламенттейтін заңды нормалардың жиынтығы. Ол бір жақты қаржылық қатынастарға жататын жеке бағыттар бойынша шектеледі: бюджеттік құқық, салықтық құқық, шаруашылық құқық, сонымен қоса валюталық және сақтандыру заңнамасы, банктің құқық, мемлекеттік несиенің, ақша айналысының құқықтық реттеуі сияқты бөлімдері қосылған.

Заңды нормаларды енгізу қаржылық қатынастар орнатудың бірдей шарттарын орнатуға, қоғамның, кәсіпорындар ұжымының және жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Заңды нормалардың сақталуы қатаң қаржылық тәртіпті қамтамасыз етеді, қаржы саласында біртұтас саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Қаржылық саладағы құқық бұзушылықтар қаржылық саясаттың құқықтық қамтамасыз етілуінің әлсіздігін көрсетеді.

Қаржылық-құқықтық реттеудің әдістері қаржылық қатынастардың, мемлекет тарапынан шығатын және тиісті уәкілеттілерге ие екінші қатысушысына бірінші қатысушының мемлекеттік-билікті нұсқамасы.

Қаржылық-құқықтық нормалар императивті (әміршіл) сипатқа ие. Әдетте олар категориялық формада көрсетілген талаптардан тұрады және және олардың өз еркінше қолданылуына жол бермейді, қаржылық қатынастар қатысушыларының міндеттері мен құқықтар көлемін нақты анықтайды.

Қаржылық-құқықтық нормалар міндеттеушілік, тыйым салушылық және уәкілдік болып бөлінеді.

Қаржылық-құқықтық актілер мемлекеттік билік органдары уәкілеттігіне кіретін қаржылық қызмет мәселелері бойынша заңды нәтижеге ие шешімдер болып табылады. Олар қаржылық-құқықтық нормаларды орнатады, өзгертеді немесе жояды не болмаса нақты құқықтық қатынастардың туындауын, жойылуына, өзгертілуіне негіз болады. Қаржылық-құқықтық актілердің жиынтығы қаржылық заңдылықты құрады.

Қаржылық-құқықтық актілер заңды негіздері бойынша төмендегілерге бөлінеді:

- *нормативті актілер* – біртекті қаржылық қатынастар тобын реттейді, олардың қатысушыларының жалпы шарттарын құрайды, яғни құқықтық

нормалар және ұзақ мерзімде қызмет атқарады (бұл актілер кәсіпорындар мен азаматтардың мемлекет алдындағы қаржылық міндеттерінің түрлері орнатады, орнатылған төлемдердің төлену талаптары, төлеушілердің типтік сипаттарын және басқаларды);


- *жеке актілер* нақты бір төлеушіге немесе қаражатты алушыға байланысты құқық нормаларын нақтылайды;

- *заңнамалық актілер* – Парламентпен шығарылатын заңдар мен қаулылар, ҚР Президентінің Жарлықтары; заңнамалық актілер – бұл заңға негізделген және заңды орындау үшін қабылданған актілер (салалық және жоғарғы басқару органдарының бұйрықтары, Қаржы Министрлігінің және Мемлекеттік кірістер министрлігінің нұсқаулықтары, қандай да бір қызметтерді шешу туралы лауазымды тұлғалардың резолюциялары және т.б.);

- *жоспарлы-қаржылық актілер* басқалардан айырмашылығы белгілі бір кезеңге қаржы саласындағы нақты бір тапсырмалардан тұратындығы, яғни қаржылық ресурстарды жұмылдыру, қайта бөлу және қолдану жоспарлары болып табылады; оған бюджеттік қаржыландыруға жататын бюджеттердің барлық түрлері, кәсіпорындары мен ұйымдардың қаржылық жоспарлары, мекемелердің шығындары сметалары кіреді.

Қаржылық бақылау – қоғам және бірінші кезекте мемлекет тарапынан материалдық құндылықтарды өндіру, айырбасту, бөлу және тұтыну процесіне ықпал етуге мүмкіндік беретін, қаржының бақылау функциясын орындау формасы. Қаржылық бақылау ақша қаражаттарын жұмсау, есептеулердің дұрыс жүргізілуімен байланысты барлық объектілерді тексеруге бағытталған ерекше қызмет түрі болып табылады.

Қаржылық бақылаудың болуы қаржыға экономикалық категория ретінде бақылау функциясының болуы заңды, сол арқылы қаржы қорлар құрылу көздері қолданылуы пропорцияларын ескереді. *Қаржылық бақылаудың ерекшелігі* оның ақшалай формада жүзеге асырылуында. Оның негізгі объектісі болып кірістер мен жинақтарды құру процесстері, ақша қорларын құру және қолдану болып табылады. Қаржылық бақылаудың қызмет ету аясы басқа бақылау түрлерімен сәйкес келеді: әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық, саяси (сурет 9*, қосымша 1).




*автормен құрылған және қорытындыланды

Сурет 9 - Қаржылық бақылау қаржылық құқықтың негізі ретінде

Қаржылық бақылаудың негізгі міндеттері:

- мемлекет, ұйым және халық алдындағы қаржылық міндеттердің орындалуын тексеру;
- шаруашылық субъектілерінің қолындағы қаржылық ресурстарды дұрыс қолданылуын тексеру;
- қаржылық операцияларды, есептеулерді және ақша қаражаттарын сақтау талаптарын сақтағандығын тексеру;
- өндірістің ішкі резервтерін айқындау – шаруашылықтардың рентабельділігін ұлғайту мүмкіндіктері, еңбек өнімділігін өсіру, айналым құралдарының айналымдылығын ұлғайту, материалдық және ақша қаражаттарын үнемді және тиімді қолдану мүмкіндіктері;
- қаржылық тәртіп бұзушылықтарды ескерту және жою.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың түрлері, қағидалары және жүйесі 10 суретте көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 10 - Мемлекеттік қаржылық бақылаудың мазмұны

Бақылау объектілері болып қаржылық ресурстарды, сонымен қоса ақша қаражаттары қоры формасындағы ресурстарды қолдану және құру кезіндегі ақшалай, бөліп таратушылық процесстер болып табылады. *Қаржылық бақылау саласы* болып ақша қолданылатын барлық операциялар деп айтуға болады. *Қаржылық бақылаудың сыныпталуы* 1 кестеде* көрсетілген.

Кесте 1 – Қаржылық бақылаудың сыныпталуы

Белгілері	Түрлері	Мәні
Өткізу уақыты	Алдын-ала	Қаржылық құқық бұзушылықтарды ескерту үшін қаржылық қатынастар жүзеге асырылғанға дейін жүргізіледі.
	ағымдағы (оперативті)	Ақшалай келісімдерді, қаржылық операцияларды, ссуда және субсидия және т.с.с. беруді жүргізу уақытында жүргізіледі
	кейінгі	Экономикалық субъектілердің қаржылық бақылауы нәтижелерін бағалау үшін қолданылады.
Бақылау субъектілері	Президенттік	Президенттің нұсқауы бойынша жүргізіледі
	Өкілді органдардың	Бюджеттің бекітілуі және оның орындалуы тұрғысында жүргізіледі
	Атқарушы органдарды	Бюджет бөлімдерінің орындалуы тұрғысында жүргізіледі
	Қаржы-несиелік органдардың	Ішкі қаржылық бақылау және ҚР Қаржы министрлігі құрылымында бюджеттік несиелеудің мемлекеттік активтерді басқару әдістемесінің департаменті; Қаржылық бақылау комитеті; ҚБК.
Қаржылық қызмет саласы	Ведомстволық	Ведомствоға қарасты кәсіпорындардың қаржылық қызмет министрлітерінің бөлімшелерімен жүргізіледі.
	Ішкі	Кәсіпорынның ішінде жүргізіледі
	Аудиторлық	Бастамашылық, міндетті
	Бюджеттік	Бюджеттің орындалуы бойынша бақылау жүргізіледі
	Салықтық	Сақлықтардың бюджетке түсуін тексеру
	Валюталық	Валюталық заңнаманың орындалуын бақылау
	Несиелік	Банктік операцияларды бақылау
Сақтандыру	Сақтандыру қатынастары бойынша бақылау	
Өткізу түрі	Міндетті	Міндетті түрде кезең сайын жүргізіледі
	Бастамашылық	Бастама бақылау объектісіне тиесілі болады ¹
Өткізу әдістері	Бақылау	Есепті құжаттар және шығындар құжаттарының негізінде жеке сұрақтар қарадады
	Тексерушілік	Қаржылық көрсеткіштердің кең көлемін қамтиды
	Қадағалау	Нормативтердің сақталуы
	Қаржылық қызметтің талдауы	Қаржылық сетордың қаржылық қызметінің нәтижелерін және меншікті капиталмен қамтамасыздандырылғанын бағалау мақсатымен кезеңдік немесе жылдық қаржылық есептілікті толық зерттеу
	Ревизиялар	Қаржылық бақылаудың терең және кең мағыналы әдісі, экономикалық субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің толық тексерілуі
	Бақылау (мониторинг)	Қаржылық тәртіпті орындау талдауын жүргізеді

*автормен құрылған

Қаржылық бақылаудың негізгі талабы ақша қаражаты қорын құру және қолдану процесінде, қаржы шаруашылық операциялардың экономикалық тиімділігін бағалау және жүргізілген шығындардың мақсаттылығы процесінде қаржылық заңнаманың сақталуы болып табылады. Осылайша қаржылық

бақылау мемлекеттің және оның ұйымдары және барлы басқа экономикалық субъектілердің мүдделерін қорғауы тиіс. Қаржылық тәртіптің сақталмауы және қаржылық міндеттемелердің орындалмауы қаржылық құқық бұзушылықтарға әкеліп соғады, олар өз кезегінде құқық бұзушылардан санкциялар мен айыппұлдарды тартады.

Аудиторлық бақылау – тәуелсіз аудиторлық компания және кәсіпорын, компания, банк, сақтандыру компаниясының басшысы арасында орын алатын келісімшарт негізіндегі қаржылық-шаруашылық жағдайды тексеру. Аудиторлық фирмалар бір мезетте шаруашылық субъектілерінің резервтерін табуға, коммерциялық және қаржы-шаруашылық қызмет мәселелері бойынша көмек көрсетуге, бухгалтерлік есептің, қаржылық жоспарлауды дұрыс жүргізілуін, тиімді жұмыс атқаруды жолдарын іздеуге бағытталған кеңестік қызметтер орындай алады.

Жалпы мемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік билік және басқару органдары атқарады:

- Президент аппараты;
- ҚР Парламенті;
- Үкімет;
- жергілікті өкілдік органдары (депутаттар жиналысы);
- жергілікті әкімшілік органдары.

Алдын ала парламенттік бақылаудың негізгі мақсаты болып нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік шарттар жағдайында алдын ала қарастырылған шығындардың жалпы біртұтастығын анықтау болып табылады.

Жалпы мемлекеттік бақылауды жүргізетін органдарға жатады:

- ҚР Ұлттық банкі;
- Қаржы министрлігі;
- Мемлекеттік кірістер министрлігі.

ҚР қаржылық тәртіптің, қаржылық заңнаманың орындалуына қаржылық бақылау жасау органы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті болып табылады.

Министрліктің өз құрылымында ішкі қаржылық бақылау және бюджеттің несиелендіру мемлекеттік активтерін басқару әдістері Департаменті қызмет атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық саясатты құру кезінде қандай бастапқы негіздер қолданылады?
2. «Қаржылық саясат» түсінігін, оның мазмұнын тұжырымдаңыз.
3. Дамудың бастапқы кезеңінде Қазақстанның қаржылық саясатының ерекшеліктері неде?
4. Қаржылық саясат арқылы қандай тапсырмалар шешіледі және оны жүзеге асырудың негізгі қағидалары?
5. Қаржылық жоспарлаудың міндеттері мен мақсаттары қандай?
6. Жоспарлар түрлері, қаржылық жоспарлаудың кезеңдері, әдістері.

7. Қаржылық құқықтың негізгі мазмұнын және түсінігін атаңыз.
8. Қаржылық саясатты регламенттейтін негізгі бағдарламалық құжаттарды атаңыз.
9. Қаржылық бақылаудың объективті қажеттілігі және субъективті мүмкіндігі қалайша көрінеді?
10. Қаржылық бақылаудың негізгі түрлерін атаңыз.
11. Қаржылық бақылаудың сыныпталуы.


4. Қаржылық механизм

Ақшаның маңызы бар, бірақ ақшаны басқару нәтижесі одан да маңызды

Крис Девис

4.1 Қаржылық механизмнің құрылымы және мазмұны

Қаржылық саясат қаржылық механизм арқылы жүзеге асырылады. Қаржылық механизм – қоғамдағы қаржыны және экономиканы басқару жүйесіндегі белсенді элемент, қаржылық қатынастарды ұйымдастыру әдістері, формалары мен түрлерін, олардың сандық анықтамаларын қосады, ішкі құрылымға ие. Қаржылық механизмнің құрылымы, оның элементтері және басқарудың қаржылық механизмі 11 суретте* және 3 қосымшада көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 11 - ҚР қаржы механизмнің құрылымы

Әсерлі, ұтымды және тиімді қызмет атқаратын қаржылық механизмнің көмегімен белсенді түрде өндірістің көлемі мен сапасына ықпал етуге, өндірістің тиімділігін көтеруге болады және экономиканы өсіру үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуге, ал мемлекетті – әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды орындау үшін орталықтандырылған меншікті мемлекеттік қаражаттармен қамтуға болады.

Қаржылық механизмнің ерекшеліктері: динамикалық, үздіксіз жетілдіру, шаруашылық механизмнің буындарымен тығыз байланыс (кесте 2)*.

Кесте 2 – Қаржылық механизмнің мәні және мазмұны

Көрсеткіш	Сипаттама
Қаржылық механизм	Қоғамдағы экономиканы және қаржыны басқару жүйесіндегі белсенді элемент, оған қаржылық қатынастарды ұйымдастыру әдістері, формалары мен түрлері, олардың сандық анықтамалары кіреді, ішкі құрылымы бар
Қаржылық механизмнің ерекшеліктері	динамикалық, үздіксіз жетілдіру, шаруашылық механизмнің буындарымен тығыз байланыс
Қаржыны басқару	Қаржылық экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатында ықпал ету процесі
Қаржыны басқару қағидалары	- демократизм; - қаржылық мәселелерді шешуге саяси тұрғы; - басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесімі; - орталықтандырылған, салалық және территориялық басқарудың келісушілігі; - басқарудағы ғылымилық, жауапкершілік, шаруашылық шешімдердің сабақтастылығы.
Қаржылық құқық	Ақша қорларын құру, бөлу және қолдану процесінде туындайтын қаржылық қатынастарды реттейтін заңдық нормалардың жиынтығы
Қаржылық бақылау	Материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну процесіне мемлекет қоғам тұрғысынан ықпал ету мүмкіндігін тудыратын қаржының бақылау қызметін іске асыру формасы
Қаржылық тәртіп	Мемлекеттің ақша қорларын оның шаруашылық субъектілерімен қолдану, пайда болу тәртібінің және бөлудің бекітілген нұсқамаларын сақтау.

*автормен құрылған

Осылайша, Қазақстанның қазіргі даму шарттары (жаһандану және әлемдік дағдарыс шарттары) жағдайындағы *қаржылық саясаттың* негізгі мақсаты тиісті шараларды құру және оларды қаржылық мезанизм арқылы жүзеге асыру:

- серпінді экономикалық өсім және тұрақтылық траекториясы бойынша экономиканы дамыту;

- кәсіпкерлік қызметті дамыту және мемлекеттік қатысу үлесін оңтайландырумен меншіктің қайта құрылымдануын ары қарай жалғастыру жолымен ұлттық шаруашылықты қайта құрылымдауды ары қарай жалғастыру негізінде шаруашылықтың тұрақтандырылуы;

- республика экономикасын әлемдік шаруашылыққа ары қарай интеграциялау;

- сыртқы экономикалық қызметті кеңейту және бастау;

- әлеуметтік бағдарламаларды тоқтаусыз қаржыландыру.

4.2 Қаржылық механиз іс -әрекетінің әдістері мен формалары

Қаржылық механизмнің нақты формалары ретінде жоспарланатын, түрленетін адамдармен есепке алынатын санаттар түсіндіріледі. Мемлекеттік қаржыларда – бұл бюджет, кірістер, шығыстар яғни басқарудың құндық тетіктері сияқты экономикалық категориялар және субкатегориялардың іске асу формалары.

Әдіс – бұл баға, табыс, салықтар және т.б. арқылы мемлекеттік қаржыны басқару функцияларын орындау бойынша іс-әрекет тәсілі.

Қаржылық қатынастардың көріну формалары экономиканы басқару деңгейіне байланысты нақтыланыла алады: жалпы ұлттық шаруашылық, экономика секторы, экономикалық аймақ, сала, ішкі тармақ, шаруашылық субъект, әкімшілік-территориялық бірлік. Сондықтан басқарудың нақтырақ тетік-формалары қолданылады:

- *кірістерде* ҚҚС, акциздер, табыс салығы, мемлекеттік мүліктен түсетін түсім, ренталық төлемдер және т.б. көрінеді;

- *шығыстарда* – экономика шығындары (ары қарай бөлшектене), әлеуметтік-мәдени мақсаттарға (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру және ғылымды, басқаруды қамтамасыз ету және т.б.).

Нормативтері – ресурстарды бөлудің немесе шығындардың есепті-негізделген көлемдері, *шектеулер*–ресурстарды қолданудың шекті көлемдері, олар көбінесе қаржылық жоспарлауда қолданылады. Олардың көмегімен жалпы мемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделердің бөліп таратушылық қатынастарындағы оңтайлы үйлесімділік, экономикалық және әлеуметтік дамудың ағымдағы және болашақтық жоспарлары тапсырмаларын орындау үшін мемлекеттің, аймақтардың, салалық және ведомствалық басқару органдарын, шаруашылық бірліктерінің ресурстарға деген қажеттіліктерінің теңестірілгендігі қамтамасыз етіледі.

Қаржылық механизмнің *айрықша ерекшелігі* оның динамикалығы, үздіксіз жетілдірілуі және шаруашылық механизмінің буындарымен тығыз байланысы болып табылады. Шаруашылық механизмді құратын жеке механизмдер, оларға сәйкес қатынастар сияқтытығыз байланыста қызмет атқарады. Кез-келген механизмдердің – құнды, қаржылық, несиелік – нашар жұмыс атқарып тұрған элементі басқа элементтер, буындар және жалпы шаруашылық механизмнің жұмысына нұқсан келтіруі мүмкін.

Экономиканың қазіргі даму кезеңінде *қаржылық механизмнің жетілдіру міндеттері* өндірісті кең демократияландырумен, коммерциялық бастаулар енгізумен, нарықтық реттеумен, шаруашылық нәтижелере деген экономикалық қызығушылықтың күшеюімен байланысты. Ақша ағынын, жинақтар және қорларды ұтымды қолдану арқылы қаржылық механизмнің өндірістің қорытынды нәтижелеріне ықпалы жүзеге асырылады

4.3 Мемлекеттік қаржыны басқару

Мемлекеттік қаржыны басқару – қаржылық және байланысты экономикалық және ілеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатында ықпал ету процесі. *Басқару элементтері* – жоспар және болжам, саясат және стратегия, іс-әрекет және құқықтық негіз және қаржылық қатынастар саласындағы бақылау.

Мемлекеттің қаржылық жүйесінде бақылау қаржылық механизм арқылы оның әдістері, ынталыры және санкциялары көмегімен іске асырылады.

Мемлекеттік қаржыны басқару қағидалары:

- демократизм;
- қаржылық мәселелерге саяси көзқарас;
- басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесімі;
- ғылымилық;
- орталықтандырылған, салалық және территориялық басқарудың келісілгендігі;
- басқарудағы жауапкершілік, шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Парламент құзіретінде—ең маңызды деген қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар басылымы және парламент қаулылары, және олар төмендегілерге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды орнатады:

- салық салу, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді орнату;
- республикалық бюджет; елдің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз еті және т.б.

Парламенттің қызмет атқарушы органдары болып *Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері* (экономика, қаржы, бюджет бойынша комитеттер) табылады.

Жалпы мемлекеттік қаржыларды басқару темендегілерді жүзеге асыратын ҚР ҚМ жүргізіледі:

- қаржыны стратегиялық және оперативті басқару;
- қаржылық жоспарлау саласында әдістемелік құрал;
- қаржылық заңнаманың жобаларын құру;
- мемлекеттің кәсіпорындармен, ұйымдармен қаржылық қатынастар формаларын жетілдеіру;
- мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын жоспарлау және т.б.

Мемлекеттік қаржыны басқаруда басқару органдар келесідей бір бірімен байланысты *элементтерді* қолданады (сурет 12)*.



*автормен құрылған


Сурет 12 - Мемлекеттік қаржыны басқару

Салық қызметі ҚР Мемлекеттік кірістер министрлігі және республиканың облыстардағы салық комитеттерінен тұрады.

Қазынашылықтың ұйымдастырушылық құрылымы Қаржы министрлігі құрамындағы және облыстар бойынша оған бағынышталған территориялық бөлімдерінің құрамындағы қазынашылық Департаментінен тұрады. *Қазынашылық ұйымдастырушылық-құқықтық форманың* мемлекеттік мекеме формасындағы заңды тұлға болып табылады және республикалық бюджеттен қаржыландырылады. *Қазынашылықтың негізгі міндеттері мен функциялары* 13 суретте көрсетілген. *Қазынашылық жүйенің функционалдық сызбасы* 14 суретте көрсетілген.



Сурет 13 - ҚР Қазынашылығының міндеттер




Сурет 14 - Қазынашылық жүйенің функционалды сызбасы

4.4 Мемлекеттік жоспарлау жүйесі

ҚР әкімшілік реформаны жүзеге асыру барысында *нәтиже бойынша мемлекеттік басқару жүйесіне* көшу жүргізілуде. ҚР стратегиялық жоспарлауға ықпал ететін әлемдік экономиканың ғаламдық трендтері, келесіге келіп тірделеді:

- көпсалалы әлемдік экономикалық жүйені дамыту;
- жаңа техникалық құрылысты құру және ғаламдық өндірістік-технологиялық жүйелерді құру;
- негізінде инновациялардың динамикалық генерациясы, материалдық емес сфераның дамуын жеделдету, адами әлеуетке, ғылымға, жаңа білімге және ұйымдастыру-бақылаушылық шешімдерге, үздіксіз білім беруге назар аударып жатқан экономикалық өсімнің жаңа түріне ауысу;
- көлемді еңбек миграциясы – арзан жұмыс күшіне емес арзан ми күшіне деген бәсекелестік артады;
- табиғи ресурстар және арзан еңбекке негізделген өндіріс дәуірі аяқталды.

Жаңа шарттар жағдайында жаңа технологияларға және оларды енгізуді жүзеге асыра алатын елдер күшке ие болады. Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін (ары қарай МЖЖ) дамыту бағыттары және ерекшеліктері 15 суретте* көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 15 - ҚР-ғы МЖЖ даму бағыттары

Стратегиялық жоспарлаудың қазіргі заманғы даму тенденциялары:

- стратегиялық жоспарлау жүйелі және тоқтаусыз процес болып табылады;

- стратегиялық жоспарлаудың объектілері тек кәсіпорындар, аймақтар, технологиялық құрылым ғана емес, инновациялық және білім беру жүйелері, құндылықтар, сенім, институттар, білімдерін ауыстыру тәсілдері;

- басты назар когнитивті, ақпараттық және басқа да экономикалық жүйешелерге аударылатын білім экономикасына айналып бара жатқан қазіргі заманғы экономикадағы экономикалық процестердің құрылымының өзгеруі;

- тікелей нәтижені бағалаудан ықпалды бағалауға назар аударылады.

«Қазақстан 2030» Даму стратегиясында негізге алынған ұзақ мерзімді бастамалар төменде көрсетілген (16 сурет)*.



*автормен құрылған және қорытындыланған

Сурет 16 - МЖЖ құжаттарының иерархиясы

1. Жақын арадағы он жылға дамудың стратегиялық жоспары, онда алдағы 10 жылға ел дамуының басты бес бағыты көрсетілген:

- бизнес-ортаны жақсарту, қаржылық секторды нығайту және сенімді құқықтық ортаны құру арқылы дағдарыстан кейінгі даму;

- индустрияландыру және инфраструктураны дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру есебінен тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету;

- тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу, өсу және әлеуметтік байлыққа қол жеткізу үшін адамдық капитал бәсекелестігін көтеру;

- халықты сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-шаруашылық қызметтермен қамтамасыз ету;

- халықаралық келісімді, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын, қауіпсіздігін нығайту.

2. *Елдің территориялық-кеңістіктік дамуының болжамдық сызбасы.* Оған мемлекеттік деңгейде бекітілген транспорттық-коммуникациялық, әлеуметтік және басқа да инфраструктураны, өндірістік күштерді рационалды орналастыру жүйесінің кеңістіктік жоспарлауы, елдің даму тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аймақтарда ел халқын орналастыру кіреді.

3. *Мемлекеттік бағдарламалар тізбесі:* 2010-2014 жж. ҚР-ның жедел индустриалды-инновациялық дамуы; 2011-2020 жж. ҚР білім беру жүйесінің дамуы; 2011-2015 жж «Саламатты Қазақстан» ҚР денсаулық сақтау жүйесінің дамуы; 2011-2020 жж ҚР тілдерді дамыту; «Ақпараттық Қазақстан-2020».

4. *Аумақтарды дамыту бағдарламалары* тиісті аймақтардың мемлекеттік жоспарлауы бойынша уәкілетті органымен облыс және аудандар, сонымен қоса республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейінде құрастырылады және сәйкес мемлекеттік органдармен келісіледі. Аумақтарды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағдарламаның мақсат, міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған нақты іс-шаралардың жиынтығы, орындау мерзімдері, бағдарламаны орындауға қажет шығындар формасын бекіте отырып көрсетілетін іс- шаралар жоспарын құру арқылы жүргізіледі.

5. *Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары,* қорытынды нәтижеге бағытталған бюджеттік шығындармен байланысты шешімдерді мемлекеттік органдар жұмыстары бағытының, саланың немесе қызмет көрсету аясының мәселелерін кешенді көруден тұрады. Мемлекеттік орган дамуының стратегиялық жоспары операциялық жоспарды және салалық бағдарламаларды орындау арқылы жүзеге асырылады.


6. *Салалық бағдарламалар* орталық атқарушы органдармен орта және ұзақ мерзімге құрылады. Жедел индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында әр қайсысы сәйкес саланың мәселелерін шешуге бағытталған 23 салалық бағдарлама құрылған болатын.

7. *Мемлекеттің қатысуы бар компаниялар мен ұлттық холдингтердің даму стратегиялары* ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттары негізінде 10 жылға құрылады.

8. *Тұжырымдама және доктрина* – бұл ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша құралатын және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, стратегиялық және бағдарламалық құжаттары сонымен қоса заңдар арқылы жүзеге асырылатын құжаттар. *Тұжырымдамада* белгілі бір саланың дамуы, сәйкес мемлекеттік саясаттың дәлелдемесі көрінеді және сол саясаттың негізгі принциптерін және жалпы көріністерін кіріктіреді.

Доктрина көзқарастар жүйесін, нақты бір мәселе бойынша саяси қағидалардың жиынтығын айқындайды. Аталған құжат ҚР Президентімен бекітіледі немесе құпталады.

Мемлекеттік жоспарлаудың ары қарай дамуы *мониторингті ұйымдастыру* деңгейіне байланысты. Мониторинг белгілі бір стратегиялық мақсаттарға жету кезіндегі мәселелерді анықтау және оларды шешу үшін тиісті шараларды қолдану мақсатымен жүргізіледі. Құжаттық тұрғыда мониторинг жүргізу мерзімі – жылына бір рет (сурет 17)*.



*автормен құрылған және қорытланған

Сурет 17 - Бақылау мониторинг жүргізу және бағалау жүйесінің моделі

Осылайша, бағдарламаны басқару тұрғысынан алғанда, бағалауды бақылау функциясына жатқызуға болады, себебі ол стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың нәтижелерін және қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан бағалау нәтижесінде шешім қабылдайтын тұлғалар бағдарлама жайлы жаңа білім алады, яғни бағалау жаңа білімді тудыратын қызмет болып табылады. Жалпы алғанда бағалау бақылау және жаңа білім алу функцияларын үйлестіреді.

Бақылау сұрақтары:

1. Шаруашылық тәжірибесіне қаржылық механизм түсінігі қандай мақсатпен енгізілген?
2. Қаржылық механизм түсінігін құраңыз, оның құрылымын ашыңыз.
3. «Қаржылық механизм» түсінігін құру кезінде қаржылық элементтердің диалектикасы неде?
4. «Қаржыны басқару» түсінігінің анықтамасын құрыңыз.
5. Қаржыны басқарудың негізгі қағидаларын атап беріңіз.
6. Қаржыны басқарудың екі аспектісінің айырмашылығы неден көрінеді?

7. Қаржыны басқарудағы ғылыми көзқарас неден тұрады?
8. Қаржыны басқарудың негізгі элементтерін сипаттаңыз.
9. Қаржыны стратегиялық басқару бойынша органдарды және осы процестегі олардың негізгі функцияларын атаңыз.
10. ҚР Қаржы министрлігінің, Қазынашылықтың және Салық комитетінің рөлін және қызметін атаңыз.
11. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің мәні неде?
12. ҚР-ғы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын атаңыз.

5. Мемлекеттік түсімдер

«Ақшаға ие болудың» бар артықшылығы оларды қолдану мүмкіндігінде.

Бенджамин Франклин

5.1 Мемлекеттік түсімдер түсінігі

Мемлекеттік түсімдер ең маңызды қаржылық категориялардың бірі болып табылады. Кірістер, қаржылық саясат негізіндегі қаржылық механизмнің көмегімен жүзеге асырылатын бөлу және қайт бөлу процестері нәтижесінде құрылады. Бір- бірінен айырмашылықтары бар «мемлекеттік түсімдер» және «мемлекеттік бюджет түсімдері» ұғымдарын айыра білу қажет (сурет 18).



*автормен құрылған және қорытылған

Сурет 18 - Мемлекеттік кірістер: мәні және мазмұны

Мемлекеттік бюджеттен тыс мемлекеттік кірістер құрамына мемлекеттік кәсіпорындардың табысы және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың ресурстары кіреді.

Мемлекеттік кірістердің экономикалық табиғаты тауарлы-ақша қатынастарының, өндіріс тәсілімен, мемлекеттік функциялары мен табиғатының даму деңгейімен негізделген.

Негізгі көзі мемлекеттік бюджет арқылы мемлекеттік кірістердің динамикасы 3 кестеде және Қосымша 4 көрсетілген.

Кесте 3 – Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары, млрд. теңге

Көрсеткіш	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2013ж. %-пен 2009ж.
Кірістер	2338,0	2887,9	4034,4	3505,4	4299,1	183,9
Салықтық түсімдер	2209,1	2356,0	2819,5	2228,7	2934,1	132,8
Салықтық емес түсімдер	54,8	181,1	85,5	136,2	104,4	190,5
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	74,2	92,7	56,9	35,9	60,6	81,7
Трансферттік түсімдер	0,02	258,0	1072,4	1104,6	1200,0	60 мың есе
Шығындар	2150,6	2678,3	3394,1	3746,8	4457,2	193,3


*ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтер бойынша автормен құрылған

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша 2009-2013 жж. аралығында мемлекеттік бюджет отандық экономиканың оң даму тенденциясымен орындалды: аталған кезең ішінде салықтық түсімдердің 32,8%-ға, салықтық емес түсімдердің 90,8%-ға және трансферттік түсімдердің 60 мың есе өсуінің арқасында кірістер 83,9% өсті.

Мемлекеттік бюджеттің шығындары 93,3% өсті. Мемлекеттік салықтар құрылымында 2006 ж көрсеткіштер ең көп болып отыр 94,5%, 2010 ж. – 68,2%; 2011ж. – 74,1%; 2012ж. – 70,5% және 2013ж. – 73,1%.

5.2 Мемлекеттік түсімдердің сыныпталуы және қаражат көздерін жұмылдыру әдістері

Қазіргі таңда барлық елдерде мемлекеттік кірістерді жұмылдырудың салықтық әдісі басымдылыққа ие. «Таза табыс» деп айтуға болатын, жалпы ұлттық өнімнің және ұлттық табыс құнының жеке құраушылары, үкіметтің де мемлекетке тиесілі шаруашылық бірліктерінің де қаржылық ресурстарының және мемлекеттік кірістерінің жүйесін құрайды. Таза табыстың құраушылары: пайда, ҚҚС сомасы, акциздер, сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер, әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар. Мемлекеттік кірістердің сыныпталуы және ресурстарды жұмылдыру әдістері 19 суретте* көрсетілген.



*автормен құрылған және жинақталған

Сурет 19 - Мемлекеттік кірістердің сыныпталуы

«Мемлекеттік түсімдер» және «мемлекеттік қаржы ресурстары» түсініктерін айыра білу керек.

Қаржы ресурстары – бұл белгілі бір уақыт аралығындағы мемлекеттің, кәсіпорынның немесе шаруашылық ұйымының меншігіндегі ақша қаражаты қорларының жиынтығы. «Қаржы ресурсы» түсінігі «мемлекеттік кірістер» түсінігінен мазмұны жағынан кең болып табылады. Мемлекеттік кірістермен қоса қаржылық ресурстардың құрамына кіріс болып табылмайтын, бірақ қоғамдық қажеттіліктерге қолданылуы мүмкін қаражаттар кіреді.

Мемлекеттік қарыздардан түсетін түсімдер де мемлекеттің қаржы ресурстары болып табылады, бірақ мемлекеттік кіріс ретінде саналмайды, себебі бұл қарыз қаражаттары.

Мемлекеттік түсімдердің көзі ұлттық табыс болып табылса, ал қаржылық ресурстар жалпы ұлттық өнім құнының барлық сомасын бөлу және қайта бөлу кезінде жұмылдырылады. Мемлекеттік шығындардың жабылуы мемлекеттің барлық қаржы ресурстарының жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдерге:

- жалпы табыс түріндегі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың кірісі, қосылған құн салығы, акциздер, кедендік табыстар;

- мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер (мемлекеттік тұрғын-үй қорынан, жерден, ормандардан, су жайларынан, басқа да табиғи ресурстардан, мемлекеттік меншікті жекешелендіру және мемлекетсіздендіруден түсетін түсімдер);

- мемлекеттік мекемелер көрсететін ақылы қызмет көрсетулерден түсетін түсім (тіркеу алымдары, тексеру алымдары, таңбалау және өлшемдер және өлшем құралдары экспертизасы, бағалы металдардан жасалған бұйымдарды таңбалау және талдау үшін төлем) және шаруашылық емес қызметтер үшін төлемдер (мемлекеттік баж, жол полициясының алымдары, тауар белгілеріне өтінімдік алымдар);

- ішіне жалдық ақы, қосалқы кәсіпорындардан түсетін түсім кіретін бюджеттік мекемелердің арнайы қаражаттары және т.б.

5.3 Мемлекеттік түсімдерді жоспарлау мен болжаудың негізгі әдістері

Мемлекеттік кірістерді *қаржылық жоспарлау және болжауда* келесідей *әдістер* қолданылады:

1. *Экстрополяция әдісі* (немесе коэффициенттер). Қаржылық көрсеткіштердің динамикасын орнату негізінде көрсеткіштерді анықтаудан тұрады. Есептеулер есепті жыл жетістіктері негізінде және оларды өсу немесе төмендеу қарқынына түзету арқылы жүргізіледі.

2. *Эксперттік бағалау әдісі* жоспарлау объектісінің көрсеткіштер жағдайын анықтау үшін жоғары дәрежелі маман-эксперттердің тәжірибесін қолдануды көздейді.

3. *Баланстық әдіс* шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесімділігін, қаржылық жоспарлардың барлық бөлімдерінің, сонымен қоса өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің бір-бірімен байланысын көздейді. Қаржылық баланс талаптарын сақтау кәсіпорынның, саланың, барлық ұлттық шаруашылықтың бюджеттерінің кірістері мен шығыстары арасындағы айырманы болдырмауы ескертеді: ұлттық шаруашылықты дамытудың пропорциялары мен өсу қарқынын анықтау; ішкі ресурстарды жұмылдыру есебімен оларды жан-жақты негіздеу.

4. *Нормативтік әдіске* сәйкес жоспарлы қаржылық көрсеткіштер бекітілген нормалар мен нормативтер негізінде есептеледі.

5. *Бағдарламалы-мақсатты әдіс* нарық жағдайын жалпы ұлттық, салалық алғашқы деңгейлерде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар базасында қаржылық болжаудың бір әдісінің бірі ретінде дамуды алады. Қаржылы бағдарламалау - негізінде нақты көзделген мақсаттар және оған жету жолдары жатқан мақсатты-бағдарламалық әдісті қолданатын қаржылық жоспарлаудың әдісі.

6. Есептеулердің көп нұсқалылығы ұзақмерзімді қаржылық болжау үшін ЭЕМ, экономика-математикалық әдістердің кең қолданылуын қолдану ең тиімді шешімді таңдау үшін қолданылады.

Тарихи жағдай нәтижесінде қаржылық жоспарлауда келесідей ұйымдастырушылық қағидалар құрылған:


1. Ведомстволық және салалық принциптер қатан, бұйрықтық әдістері бар экономиканы басқарудың орталықтандырылған кезеңіне тән.

2. Нарықтық экономика жағдайында көбінесе территориялық және мақсатты-пәнді қағидалар қолданылады. Территориялық қаржылық жоспарлауды қолдану жеке әкімшілік-аумақтық бірліктердің қаржылық ресурстарын анықтауға мүмкіндік береді, ресурс көлемінің шаруашылық қызметі нәтижелерінен бағыныштылығын анықтауға көмектеседі.

3. Мақсатты-пәнді қағида қаржылық жоспарлауда, ресурстардың пайда болу көздеріне баланыссыз белігілі бір экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және басқа да бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін қажет қаржылық ресурстарды нақты құру және қолдануға бағытталған.

Жоғарыда айтылған әдістер базалық болып табылады. Тәжірибеде макроэкономиканың базалық көрсеткіштеріне сәйкес түзетулер жүргізіледі. 2015 ж. бекітілген бюджеттің кіріс бөлімінің түсуімен қоса шығыстарына түзетулер енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік түсімдерді жоспарлаудың және мониторингілеудің жалпы сызбасы 20 суретте көрсетілген*.



*автормен құрылған және қорытылған

Сурет 20 - Кірістерді болжау және мониторингін жүргізудің жалпы схемасы

Нақтыланған бюджеттік жобасы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының аясында жаңа экономикалық саясатты жүргізу бойынша өзгерістерді қамтиды.

Бақылау сұрақтары:

1. «Мемлекеттік түсімдер» ұғымын экономикалық категория ретінде түйіндеңіз.
2. Бастапқы, аралық және қорытынды кірістердің құрылуы қалай жүргізіледі?
3. Мемлекеттік кірістердің диалектикасы неде?
4. Әртүрлі көздерден алынатын мемлекеттік кірістердің құрамды бөліктерін атаңыз.
5. «Мемлекеттік қаржы ресурстары» және «мемлекеттік кірістер» ұғымдарының айырмашылығы неде?
6. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі элементтерін атаңыз.
7. Мемлекеттік кірістерді әртүрлі белгілері бойынша сыныптаңыз.
8. «Таза табыс» түсінігінің экономикалық мазмұны неде?
9. Мемлекеттік түсімдердің сыныпталуын атаңыз.
10. Мемлекеттік кірістердің жоспарлау және мониторингін жүргізу схемасына не кіреді?


6. Мемлекеттік шығындар

*Тапқандарыңнан аз жұмсаңдар –
міне сендерге философиялық тас*

Бендажамин Франклин

6.1 Мемлекеттік шығындар түсінігі

Мемлекеттік шығындар мемлекеттік қызметтің, мемлекет функцияларының қаржыландырылуын қамтамасыз етеді. Олар экономиканың және халықтың материалды және мәдени өмір сүру деңгейін анықтайтын әлеуметтік сфераның дамуындағы маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыруы тиіс. Мемлекеттік шығындар әртүрлі бағыттарда қолданылады (сурет 21)*.



*ҚР Бюджеттік сыныпталуы негізінде автормен құрылған және қорытыландырылған

Сурет 21 - Мемлекеттік шығындардың негізгі бағыттары

«Шығындар» түсінігі екі мағынаға ие:

1. Ақша қаражаттарын олардың мақсатты тағайындалуы бойынша қолданылуы, яғни айырбас процесінде ақша қаражатын жұмсау. Бұл жағдайда шығындар құрамына, қорытынды дабыстар есебінен жүргізілетін өндірістік және өндірістік емес сала кәсіпорындары мен ұйымдарының, халықтың шығындары қосылады, ал жалпы ұлттық өнім үш қорға бөлінеді: өтелу қоры, жинақтау қоры, тұтыну қоры.

2. Айырбас процесі кезіндегі қаражаттарды нақты жұмсаудан қаржы арқылы құрылатын: мақсатты бағыты бойынша жалпы мемлекеттік қорларды қолдану және кәсіпорындар қорларын бөлу кезінде; ақшалай шығындар барлық шаруашылық субъектілерінің табыстарының негізі болып табылады, бөліп таратушылық сипаттағы шығындарды айрған жөн.

6.2 Мемлекеттік шығындардың құрамы және құрылымы, олардың сыныпталуы

Мемлекеттік шығындардың құрамы – мемлекеттік бюджеттің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың шығындары, өндірістік және өндірістік емес саланың мемлекеттік кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелерінің шығындары. Мемлекеттік шығындардың құрамына кіреді:

- Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер;
- Қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік;
- Денсаулық сақтау;
- Әлеуметтік сақтандыру;
- Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықты қамтамасыз ету;
- Жылу-энергетикалық кешен;
- Ауыл, су және орман шаруашылықтары, балық аулау, аң аулау және табиғатты қорғау;
- Транспорт және байланыс.

Мемлекеттік сектор кәсіпорындарының шығындарының құрамына: өндірістік, шаруашылық-эксплуатациялық қызметпен байланысты шығындар; кеңейтілген қайта өндіріс шығындары; бюджетке және арнайы (бюджеттен тыс) қорларға төлемдер; ынталандырушы қорларға төленетін төлемдер.

Мемлекеттік шығындардың сыныпталуы:

- *экономикалық мазмұны бойынша* (материалдық өндіріспен байланысты және өндірістік салаға жататын шығындар, өндірістік емес қызмет саласындағы шығындар, мемлекеттік резервтерді құру шығындары);
- *мақсатты сипаты* бойынша (экономика шығындары, әлеуметтік-мәдени шаралар, ғылым, қорғаныс, басқару шығындары);
- *аумақтық* белгісі бойынша (облыс, облыстық маңызы бар қала, аудан);
- *салалық* белгісі бойынша (өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, транспорт, құрылыс және т.б.).

Мемлекеттік шығындардың қорытындылары:

- бюджетте орталықтандырылатын, қоғамның таза табысы;
- мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы;
- амортизациялық аударымдар;
- салық арқылы бюджетке түсетін халықтың қаражаттары;
- қарыздардан түсетін түсімдер (ішкі және сыртқы); банктердің ұзақмерзімді несиелері.

Мемлекеттік шығындар қаржыландырудың келесідей әдістерімен жүзеге асырылады:

- мемлекеттік шаруашылық есеп кәсіпорындарын, ұйымдарын қаржыландыру;
- бюджеттік-сметалық қаржыландыру (мекемелерді).

Мемлекеттік шығындар келесідей қазғидалар негізінде жүзеге асырылады:

- жоспарлылық;
- қаржыландырудың мақсатты сипаты;
- қайтарымсыз;

- қажеттілік деңгейіне және жоспарды орындауын қарай қаржыландыру;
- үнемдей режимін сақтау;
- бюджеттік және басқа да көздердің үйлесіміндегі оңтайлылық.

Мемлекеттік шығындарды қаржыландыру әдістері:

- Меншікті ресурстар есебінен;
- Банк несиелері;
- Бюджеттік аударымдар есебінен.

Бюджеттік қаржыландыру формалары:

- дотациялар;
- субвенциялар;
- субсидиялар.

Мемлекеттік түсімдер, мемлекеттік шығындар және қаржылық ресурстардың қатынасы. Мемлекеттік қаржыға ЖҰӨ өсімімен салыстырғанда мемлекеттік шығындар көлемінің өсімі жоғары болуы тән. Бұндай құбылыс ХІХ ғасырдағы неміс экономистінің атымен аталған Адольф Вагнер заңы деп аталады, «Мемлекеттік белсенділіктің өсу заңы», соған сәйкес өнеркәсібі дамып келе жатқан елдің мемлекеттік шығындары өндіріс көлемінен көп болады. А. Вагнер *мемлекеттік белсенділіктің өсуін үш фактормен* байланыстырады:

- экономиканың дамуы және еңбектің терең бөлінуі нәтижесінде экономикалық өмірдің қиындауымен, бұл өз кезегінде тиімді әрі оңтайлы экономиканы, тәртіпті, мемлекет тарапынан заңды қызметтердің кеңейтілуін қолдауға әкеліп соқтырады;

- техника және технологияның дамуы ұсақ фирмалар алдында артықшылыққа ие мемлекеттік корпорациялар немесе акционерлік компаниялармен қамтамасыз етілетін көлемді капиталдар қажеттілігін тудырады; мемлекет техникалық талаптар себептерімен монополия орын алатын өндірістерге, олардың қызметін реттеу үшін қатысуы тиіс;

- мемлекет көрсетілетін қызметтер табыстары экономикалық бағалауға зерек емес білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы белсенділігін арттырады.

6.3 Шығындарды жоспарлаудың негізгі бағыттары

Мемлекеттік шығындардың саясаты мақсаттарды кешенді шешуге және әлеуметтік-экономикалық дамудың жеделдетуіне және ағымдағы міндеттерді орындауға негізделген мемлекеттің қаржылық және бюджеттік саясатымен анықталады.


Орта мерзімді келешекте шығындар саясатын жүзеге асыру шығындарды мемлекеттік функциялардың толық орындалуын, экономикалық өсуді және халықтың әл-ауқатын көтеруді қамтамасыз ететін деңгейде сақтап отыруға негізделген.

Шығындар саясатын жүзеге асыру келесідей басымдылықтарды ескереді:

- мемлекеттік басқару функциясының тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік сектордың дамуы;
- базалық инфраструктураның дамуы және т.б.

Орта мерзімді кезеңдегі шығындар саясаты бюджеттік қаражаттардың функционалдық беліглері бойынша шығындарын болжау негізінде анықталған.

22 суретте* шығындарды мемлекеттік жоспарлауды ұйымдастыру сызбасы көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 22 - Шығындарды мемлекеттік жоспарлауды ұйымдастыру сызбасы

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу кезеңдері:

- нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу бойынша тұжырымды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;
- Бюджеттік кодекстің өзгерістер жобасын құру;
- макроэкономикалық болжам және фискалды саясаттың негізгі параметрлерін құру әдістерін әзірлеу және мақұлдау;
- мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын құру бойынша әдістемелік нұсқамаларды әзірлеу және мақұлдау;
- макроэкономикалық болжамды және фискалды саясаттың негізгі параметрлерін әзірлеу және мақұлдау;
- стратегиялық жоспарларды әзірлеу;
- стратегиялық жоспарлардың іске асу тиімділігін бағалау әдістерін әзірлеу;
- мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асырылуының мониторингін өткізу.

Қазіргі таңда Қазақстанда *бюджеттендіруге*, нәтижеге бағытталған жоспарлау және болжауды енгізудің негізі ретінде назар аударылуда. Енгізудің нәтижелері 23 суретте* көрсетілген.



*автормен құрылған және қорытылған

Сурет 23 - НББ енгізудің нәтижелері

НББ енгізу келесілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік органдардағы стратегиялық жоспарлау;
- қысқа мерзімді бюджеттік жоспарлаудан орта мерзімді жоспарлауға ауысу;
- қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мониторингі;
- қызмет нәтижелерін бағалау;
- стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың үйлесімділігі;
- «шығындарды басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» көшу, яғни мемлекеттік органдар қызметінің бюджеттік қаражаттарды немқұрайлы игеруден нақты қорытынды нәтижелерге жетуге қайта бағдарлау;
- мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасын жоғарылату;
- бюджет шығындарының тиімділігін көтеру.

Аталған мақсаттарға жету үшін келесідей мақсаттар анықталған:

1) мемлекеттік органдардың шешім қабылдау дербестігін жоғарылатуға бағытталған бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге және ұстап тұруға жаңа көзқарастарды шығару;

2) мемлекеттік жоспарлаудың логикалық тізбегін құру: ел дамуының стратегиялық мақсаттары – мемлекеттік органдар дамуының стратегиялық мақсаттары – нақты есептер – индикаторлар – бюджеттік ресурстар;

3) бағдарламалық құжаттарды құру және іске асырумен байланысты және мемлекеттік органдардың бюджеттік қаражаттарды қолдануымен байланысты мемлекеттік органдар қызметін қоғамға бағыныштылығын және ашықтылығын қамтамасыз ету мақсатымен бюджеттік процесті реформалау.

Бюджеттік жоспарлаудың сапасын жоғарылату және бюджеттік қаражаттарды қолдану тиімділігін жоғарылату үшін бағдарлама әкімшілеріне деген, бюджеттік тәртіпті жақсартуға, трансферттерді және несиелік ресурстарды уақытылы қолдануға, шығындар басымдылықтарын есепке алу және талдау жасауға, стратегиялық құжаттармен бюджеттік бағдарламалардың байланысын жақсартуға бағытталған талаптар күшейтілген.

Бюджеттік шығындарды құрудың жаңа механизмінің негізінде төмендегі принциптерге негізделуі тиіс бюджет шығындарын қолдану тиімділігі қағидалары болуы тиіс:

- заңдылық принципі (шығындардың нормативтік сипаты) – ҚР Бюджеттік кодекс нормаларына дәл келуін қамтиды;

- шығындардың қоғамдық (әлеуметтік) маңыздылығы принципі – бюджеттің әлеуметтік-маңызды шығындарының басымдылығын білдіреді;

- бюджеттік шығындардың тиімділігі принципін математикалық түрде келесідей формуламен көрсетуге болады:

$$E = P_{\text{рез}} : P_{\text{б}} \quad (1)$$

мұндағы E – бюджеттік шығындардың тиімділік көрсеткіші;

$P_{\text{рез}}$ – бюджеттік ресурстарды қолдану кезінде қол жеткізілген нәтижелер;

$P_{\text{б}}$ – бюджет шығындары.

Бюджеттік шығындардың тиімділігін жоғарылату екі әдіспен жүргізілуі мүмкін:

- шығындарды азайту (үнемдеу) жолымен;

- жоспарланған ақша қаражаты көлемін қолдану нәтижелерінің санын (сапасын) жоғарылату жолымен.

Бірінші жағдайда алға қойылған мақсатқа, нәтижеге жету жолында бюджеттік шығындарды минималдау арқылы тиімділігін көтеруге қол жеткізуге болады, яғни келесідей шарттар сақталуы тиіс:

$$P_{\text{рез}} = \text{const}, P_{\text{б}} \rightarrow \text{min} \quad (2)$$

Мысалы, бұл үлгі бойынша мемлекеттік сатып алулардың конкурстық жүйесі құрылады. Бұл жағдайда мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажетті тауар сомасының ең арзан бағадағы түр сатып алынады.

Дегенмен де бюджеттік шығындардың тиімділігін көтеруді тек үнемдеу арқылы жүргізу дұрыс емес деп ойлаймын. Бюджеттік шығындар тиімділігін көтерудің келесі нұсқасы келесідей үлгіде болуы тиіс:

$$P_{\text{рез}} = \max, P_{\text{б}} \rightarrow \text{const} \quad (3)$$

Бұл жағдайда бюджеттік ресурстардың бекітілген көлеміне максималды нәтижеге жету тиімділік болып саналады.

Тиімділікті *анықтаудың екінші үлгісі* шығындарды азайтуға емес тиімді нәтижені максималдауға негізделген. Екінші жағдайда бюджет өзінің функционалдық қызметін қаншалықты тиімді орындаса, қоғамдық игіліктерге деген ұжымдық қажеттіліктер соншалықты толық және сапалы қанағаттандырылады. Көрселіген үлгілердің қажеттілігі «шығындарды басқару» үлгісінен «нәтижені басқару» үлгісіне ауысу уақытында көрінеді.

Бюджет шығындарын сапалы басқаруды қамтамасыз ету мақсатымен және бюджеттік аударымдардың іске асу нәтижелерінің нақты немесе күтіліп отыруы негізінде бюджеттік аударымдарды бөлу бойынша басқару шешімдерін қабылдау мақсатымен, нәтижелер негізінде бюджеттің шығындар бойынша орындалуын бағалау және мониторингі жүргізілетін көрсеткіштер жүйесі қажет.

Мониторинг дегеніміз бюджеттік қаражаттардың жұмсалуды бақылау жүйесі болып табылады. Сол арқылы өзгерістерді дер кезінде анықтауға және оларды бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы (әрбір тоқсан) жағымсыз әсерінің нәтижелерін алдын алуға болады.

Бағалау – атқарылып отырған жұмыстың тиімділігін көтеру мақсатымен бюджеттік қаражаттарды басты бөлуші органмен жүргізілетін бақылау жүргізу процесі.

Бағалау жүргізу уақытында алынған *ақпарат* атқарылған жұмыстан қанағаттанушылық алу бойынша шаралар қабылдау үшін, еңбек ресурстарын, өндірістік және кәсіби оқытуды жоспарлау, сонымен қоса еңбек ақы деңгейін анықтау үшін қолданылуы мүмкін. Егер бағалау бұл бақылау процесі болса, онда мониторинг белгілі бір уақыт аралығындағы жүйелік бақылау болып табылады.

Бюджеттік шығындардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері жүйесінің негізінде келесідей негізгі қағидалар жатыр:

- көрсеткіштерді 5 бөлікке бөлу (қаржылық, кадрлық, әлеуметтік, арнайы және өндірістік);
- сандық және сапалық көрсеткіштерді қосу;
- нәтижелерді саналы балдық бағалау.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік қаржының экономикалық мәні неде?
2. Мемлекеттік кірістердің диалектикасы неде?

3. Әртүрлі көдерден алынатын мемлекеттік кірістердің құрамды бөліктерін атаңыз.

4. «Мемлекеттік қаржылық ресурстар» және «мемлекеттік түсімдер» түсініктеріні айырмашылығы неде?

5. Мемлекеттік түсімдерді әртүрлі белгілері бойынша сыныптаңыз.

6. Мемлекеттік шығындардың әлеуметтік-экономикалық рөлі неде?

7. Мемлекеттік шығындарды ұйымдастыру кезінде қандай қағидалар қолданылады?

8. Мемлекеттік шығындарды жоспарлаудың негізгі бағыттарын атаңыз.

9. Мемлекеттік шығындарды жоспарлаудың негізгі түрлерін атаңыз.

10. Нәтижеге бағытталған бюджеттендіру дегеніміз нені білдіреді?

11. Нәтижеге бағытталған бюджеттендірудің қазіргі жоспарлау жүйесінен ерекшеліктерін атаңыз.


12. Бюджеттік шығындарды құрудың жаңа механизмінің принциптерін келтіріңіз.

7. Салықтар және салық жүйесін ұйымдастыру

Салықтар – бұл біздің өркениетті қоғамда өмір сүру үшін төлейтін құнымыз
О.У.Холме

7.1 Салықтар түсінігі, олардың мәні және қызметтері

Салықтар – заңмен бекітілген нақты көлемде және беітілген уақытта алынатын міндетті төлемдер. Салықтардың мәні және мазмұны 24 суретте көрсетілген.*



*автормен құрылған

Сурет 24 - Салықтар, олардың мәні және мазмұны

Салықтардың экономикалық мән іақша қаражаттарын мемлекеттік қолда жұмылдыру бойынша мемлекет мен заңды және жеке тұлғалардың арасындағы ақша қатынастарымен сипатталады.

Салықтарды төлеу төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:

- Патентті төлеу;

- Бір реттік талон;
- Бірыңғай жер салығы;
- Жеңілдетілген декларация;
- Бекітілген сомадағы салық (ойын бизнесі үшін).

Алымдар:

- Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін;
- Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін;
- Жылжымайтын мүлік және соған байланысты келісімдердің мемлекеттік тіркеуі үшін;
- Радиоэлектрлік жабдықтар және жоғарыжиілікті құралдарды мемлекеттік тіркеу үшін;
- Транспорттық механикалық құралдар және тіркемелерді мемлекеттік тіркеу үшін;
- Теңіз, өзен және аз көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін;
- Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін;
- Дәрі-дәрмектерді мемлекеттік тіркеу үшін;
- ҚР аумағы бойынша автотранспорттық құралдардың өткені үшін;
- Аукциондардан;
- Елтаңбалық алым;
- Жеке қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензиялық алымдар;
- Телевизиялық және радио таратушы ұйымдарға радиожиілікті спекторды қолдануға рұқсат беру алымдары.

Төлемдер:

- Жер учаскелерін қолданғаны үшін;
- Жоғарғы қабатт көздерінің су ресурстарын қолданғаны үшін;
- Қоршаған ортаны ластағаны үшін;
- Жануарлар дүниесін қолданғаны үшін;
- Ормандарды қолданғаны;
- Қатаң қорғалатын табиғи территорияларды қолданғаны үшін;
- Радиожиілікті спектрды қолданған үшін;
- Кеме жүзетін су жолдарын қолданғандығы үшін;
- Сыртқы жарнаманы орнатқаны үшін.

Мемлекеттік баж – бұл заңды маңызы бар қызметтерді жүзеге асыру немесе уәкілетті органдар болмаса лауазымды тұлғаның құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлем. Мемлекеттік баждың төлеушілері аталған қызметтерді орындау бойынша хабарласатын заңды және жеке тұлғалар.

Мемлекеттік баж алынады:

- сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер жөніндегі арыздардан (шағымдардан), кассациялық шағымдардан, сондай-ақ соттың құжаттар көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;
- нотариаттық жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (дубликаттарын) беру үшін;
- азаматтық хал актілерін тіркеу үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді қайталап беру және азаматтық хал

актілерінің хазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер беру үшін;

- шетелге шығуға құқық беретін құжаттарды және басқа мемлекеттерден адамдарды Қазақстан Республикасына шақыруды ресімдеу үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізу үшін;

- шетел азаматтарының паспорттарына немесе оларды алмастыратын құжаттарға Қазақстан Республикасынан шығуға және Қазақстан Республикасына келуге құқық беретін рұқсат белгісін қою үшін;

- Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы құжаттарды ресімдеу үшін;

- тұрғылықты жерін тіркеу үшін;

- аң аулау құқығына рұқсат беру үшін;

- азаматтық қаруды (атылмайтын аңшылық қарудан, пневматикалық қарудан және газды аэрозоль құрылғыларынан басқасын) тіркеу және қайта тіркеу үшін алынады.

Кедендік төлемдер:

- кедендік баж;

- кедендік алымдар.

Әр түрлі белгілері бойынша салықтардың сыныпталуы:

- салық салу объектісі бойынша:

а) тікелей

- табыс салығы,

- мүлікке салынатын салық,

- жер салығы;

б) жанама

- ҚҚС,

- акциздер,


- кедендік баждар;

- қолдану спаты бойынша:

а) жалпы – мемлекетке түседі және қолдану кезінде иесіздендіріледі;

б) қатаң бекітілген мақсаты бар арнайы салықтар;

Салықтар, олардың түрлері, белгілері және функциялары 25 суретте көрсетілген.*



*ҚР Салық кодексінің негізінде автормен құрылған

Сурет 25 - Салықтар, олардың түрлері, белгілері және функциялары

- салықтарды жинаушы және бөлуші органға байланысты:

Мемлекеттік;

Жергілікті;

- *объектінің экономикалық белгілері бойынша:*

- табыстарға салынатын және тұтынуға салынатын салықтар: біріншілері салық төлеушінің барлық салық салу объектісінен алынтаын табысынан алынады;

- шығындарға салынатын салықтар, олар тауарлар мен қызмте көрсетулерді тұтынғанда төленеді.

Салық салудың элементтеріне: субъект, иеленуші, объект, салық көзі, салық салу бірлігі, салық мөлшерлемесі, салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттері, салықтарды төлеуді бақылау, салық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар жатады.

7.2 Салық жүйесі, және оны құрудың негізгі талаптары

ҚР салық жүйесі дегеніміз қазіргі уақыттағы заңмен бекітілген салықтар, олардың мөлшерлемелері, салық төлеушілер және салық салу объектілері, талаптар тәртібі және төлем мерзімдері, есептеу және есепке алу әдістері, сонымен қоса сәйкес әкімшілік жағдайлардың тізбегін құрайды.

Салық жүйесі құрамына Мемлекеттік кірістер министрлігінің Салық комитетімен ұсынылған мемлекеттік салық қызметі және облыстардағы, үлкен қалалардағы салық басқармалары, аудан және қалалардағы салық бөлімдері кіреді.

Қазақстандағы салықтық сипаттағы көрсеткіштер тізбесі:

- салықтар (КТС, ЖТС, ҚҚС және акциздер);

- қазба байлықтарды қолданушылардың арнайы төлемдері және салықтары (жазылмалы бонус, коммерциялық табу бонусы, роялти, үстеме падаға салық);

- алымдар (заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін, жылжымайтын мүлік және олармен жүзеге асырылатын келісімдерге құқық үшін, радиоэлектрлік жабдықтар және жоғары жиілікті құралдар, механикалық транспорттық құралдар және тіркемелер, теңіз, өзен және кіші кемелер, азаматтық әуе кемелері).

Салық төлеушілердің жеке топтарына, жеке салықтарды есептеу төлеу және сол салықтар бойынша есеп берудің жеңілдетілген тәртібін қамтитын *арнайы салық рижимдері* қарастырылған:

- шағын бизнес субъектілері;

- шаруа (фермерлік) қожалықтары;

- заңды тұлғалар – ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер, кәсіпкерлік қызметтік жеке түрлері.

Бұл режимдер кезіндегі салықтар төлеу келесі негізде жүргізіледі:

- патент төлеу;

- бір реттік талонды төлеу;

- бірыңғай жер салығын төлеу;

- жеңілдетілген декларация;

- бекітілген жалпы салық (ойын бизнесі үшін).

Төмендегілерден тұратын салық элементтері арқылы мемлекеттің салық жүйесін құрудың жалпы принциптері (сурет 26)*:

- 1) Салық объектісі – бұл салық салынатын мүлік, табыс, тауар, мұра;
- 2) Салық субъектісі – бұл салық төлеуші, яғни заңды немесе жеке тұлға;
- 3) Салық көзі – яғни салық төленетін табыс (еңбекақы, табыс, кіріс, дивиденттер);
- 4) Салық мөлшерлемесі – салық объектісінің бірлігінен салық көлемі;
- 5) Салық жеңілдігі – салық төлеушінің салықтан толық немесе бір бөлігінен босатылуы.



*автормен құрылған

Сурет 26 - Мемлекеттің қаржылық жүйесін құру қағидалары

Салық саясаты – мемлекеттің экономикалық саясатын салықтық инструменттер, салық мөлшерлерлемелері, жеңілдіктер көмегімен жүзеге асыру және мемлекеттің экономикаға араласу деңгейін көрсетеді. Салық саясатының активті және пассивті түрлерін бөледі. *Активті түрі* – мемлекеттің экономиканың жеке секторына өндірістік ресурстарды орналастыру процесіне

араласуы және экономикалық циклды реттеу: жоғары номиналды салық мөлшерлемелері орнатылады, салықтық жеңілдіктердің кең көлемі ұсынылады, прогрессивті салық мөлшерлемелері қолданылады. *Пассивті түрі* – жеке сектордағы ресурстарды орналастыруға мемлекеттің қатысуын минималдау: салықтық жеңілдіктердің шектеулі көлімі жағдайында номиналды салық мөлшерлемелерін төмендету.

ҚР-ғы салық саясаты активті түрден пассивті түрге бірте-бірте ауысуда.

Мемлекеттің салық саясатының негізгі бағыттары және тапсырмалары. ҚР экономикасында салықтар мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін құруда маңызды рөл атқарады. Соңғы кездердегі салықтық түсімдердің бюджеттік түсімдердегі үлес салмағы 70-80% құрап отыр, ал дамығын нарықтық экономикасы бар елдерде бұл көрсеткіш 50-55% шамасында.

ҚР салық саясатының негізгі мақсаттары және міндетері:

1) Бюджеттік түсімдердің теңдігі, яғни салықтық түсімдер көлемі мемлекеттік шығындарды қажетті көлемін жабуға жеткілікті болуы тиіс;

2) Экономикалық бейтараптылық, бұл дегеніміз тұтынудың барлық формаларына, өндірістік қажеттіліктерді санамағанда жанама салықтарды қолданудың бірдейлігі;

3) Салықтық саясат жинақтар мен инвестициялардың өсіміне бөгет жасамауы тиіс;

4) Салықтық әділеттілік, ол көлденең және тік аспектілерге ие, яғни көлденең аспектілер дегеніміз экономикалық қарым-қатынастардың барлық қатысушыларына заңның бірдей қызмет атқаруы, ал тік –жеке қатысушылар үшін ерекшеліктерді есепке алу мүмкіндіктері;

5) Салық мөлшерлемелерінің төмендігі экономикалық қарым-қатынас қатысушыларыны тарапынан жағымсыз әсеріне ықпал етеді.

Салық саясатының аясында 2014-2018 жылдары салықтардың табыстарды бөлуге арналған мемлекеттің әділетті құралы ретіндегі әлеуметтік маңызға ие, ынталандырушы және фискалды функциялары нығаяды. Осыған орай орта мерзімді кезеңде салық саясатының шаралары келесілерге бағытталады:

- «жасыл» экономика принциптерін ескере отырып экономика және инновациялардың басымлыққа ие секторларын ынталандыру мақстанда салықтық жеңілдіктердің тиімділігін жоғарылату;

- салықтарды табыстан алу және жерлерді пайдалану тиімділігін көтеру мақсатымен АӨК субъектілеріне салық салуды реформалау;

- бизнестің әлеуметтік бағдарлануына қажет қосымша салықтық ынталандыруларды енгізу.


Қазіргі таңдағы даму кезеңіндегі *ҚР салық саясатын жетілдірудің негізгі бағыттары* 27 суретте* көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 27- Қазіргі таңдағы ҚР салық саясатын жетілдірудің негізгі бағыттары

Қазіргі таңда ҚР салық жүйесін, бюджетті орындау, тиімді бюджеттік жүйені құруды жетілдіру бойынша жетістіктер бар (сурет 28)*.



*автормен құрылған

Сурет 28 - Жергілікті салық салуды дамытудың негізгі шаралары

7.3 Салықтық басқару

Салық жүйесінің жұмысын ұйымдастыруды регламенттейтін заңды актілерге сәйкес, оның басты мақсаты төмендегеліреді бақылау:

- салық заңнамасының орындалуы;
- салықтарды есептеу дұрыстығымен;
- салықтарды есептеудің толықтылығы;
- салықмер мен басқа да төлемдерді жүргізудің уақыттылығы.

Салық процестерін басқаруға тек арнайы органдар ғана емес оған: заңнамалық және атқарушы билік органдары, ҚР Конституциялық соты, институттар, ЖОО ғылыми ұжымдары, сонымен қоса қоғамдық ұйымдар (салық төлеушілердің құқығын қорғау қоғамдық ассоциациясы және т.б.); құқық қорғау органдары, аудиторлық, адвокаттық және кеңесші-заңды қызметтер кіреді.

Салықтық басқару – нарықтық экономика жағдайында салық органдарының қызметін түзетуші, салықтық қатынастарды басқарушы динамикалық дамидын жүйе.

Салықтық басқару – мемлекеттің халықпен және бизнеспен байланыстын әлеуметтік белгіленген сала. Оның белгілі-бір кемшіліктері немесе аяқталмаған істері бюджетке салықтардың және басқа да міндетті төлемдер сомасының азаюына, салықтық құқық бұзушылықтардың ықтималдығының өсуіне, ақыр соңында ел экономикасына жағымсыз әсер тигізуіне алып келуі мүмкін. Осыған орай салықтық әкімшіліктің жаңа технологиясы келесі қағидалармен анықталады (сурет 29)*.



*автормен құрылған

Сурет 29 - Салықтық басқарудың қағидалары

Аймақтар экономикасының *салықтық жүктемесін бағалау* ЖІӨ көрсеткішін қолдану арқылы жүргізіледі. Қазіргі таңда қаржылық ағындардың қозғалысы Алматы және Астана, сонмен қоса еліміздің мұнай өндіруші қалаларында шоғырландырылған, бұл аймақтардағы банктік сектордың жеткілікті дәрежеде дамымауымен, Қазақстанның қаржылық орталықарында ақша қаржаттарын жинақтаған ірі салық төлеушілердің корпоративті мүдделерімен байланысты. Сондықтан салықтық басқарудың міндеті ҚР субъектілері бойынша салықтық жүктемені біршама түзету болып отыр.

Салықтық басқаруды ұйымдастырудың қатаң орталықтандырылғандығы және қиындығы экономикалық субъектілерге әртүрлі әсерін тигізеді – салық төлеушілерге, әр түрлі әдістер кешені көмегімен экономикалық өсуін ынталандырады (кесте 4)*.

Кесте 4 – Салықтық басқарудың әдістері мен формалары

Салықтық басқарудың әдістері	Салықтық басқарудың формалары
Салықтық жоспарлау	1 Тактикалық
	- аймақтың салықтық потенциалын бағалау
	- салықтар бойынша бюджетті бекіту
	- қорытынды тапсырмаларды құру
	- мөлшерлемелер мен жеңілдіктердің үлестік бөлінуін анықтау
Салықтық реттеу	2 Стратегиялық
	3 Салықтық ынталандыру жүйесі
	3.1 Салықты төлеу мерзімін өзгерту
	- салық мөлшерлемелерін оңтайландыру
	- салықтық жеңілдіктер жүйесі
	- аванстық төлемдерді жою
	- салықтық мендеттемелерді азайту
	- салық мөлшерлемесінің көлемін азайту
	3.2 Салықтық немесе инвестициялық салықтық несиені ұсыну
	3.3 Мерзімін ұлғайтуды немесе бөліп төлеуді ұсыну
	4 Санкциялар жүйесі
	- қаржылық
	- әкімшілік
- қылмыстық	
Салықтық бақылау	- салық төлеушілерді есепке алу және тіркеу
	- есептілікті қабылдау және өңдеу
	- салықтық түсімдер мен есептелген сомаларды есепке алу
	- төлемдердің уақытылы түсуін бақылау
	- салықтық тексерістер
	- тексеріс материалдарын іске асыру
	- тексеріс материалдары іске асыруды және есептелген санкцияларды төлеуді бақылау

*автормен құрылған

Салықтық құқық ережелеріне негізделетін және оларды толықтыратын *салықтық басқаруды* салықтық механизмнің өзегі деуге де болады. Оның барлық құраушылары (жоспарлау, есепке алу, реттеу және бақылау) билік, басқару, ғылыми-зерттеу құрылымдыры органдарындағы мамандардың басқарушылық қызметінің мәні. Салықтық құқық нормалары салықтық басқарудың оңтайлы жүйесін ұйымдастыруға, оны барлық салық механизміне таратуға мүмкіндік береді.

Бір жағынан, *салық механизмі* – бұл осы ұғымды ұйымдастырушылық-экономикалық категория ретінде түсіндіретін салықтық теориясын саласы. Экономикалық әдебиеттерде әдетте басқарудың бұл процесін үш кезеңге бөледі: салықтық жоспарлау, салықтық реттеу және салықтық бақылау. Екінші жағынан – бұл нақты салықтық өндіріс және салықтық қатынастар жүйесін субъективті регламенттеудің экономикалық құралы ретінде көрінеді.

Салықтық басқаруды жетілдіруді және дамытуды оңтайландыру үшін салықтық жүйені құрудың және бағыттары бойынша салықтық саясатты ұйымдастырудың қазіргі заманғы қағидалары қажет:

- *ұйымдастырушылық*, әкімшілік басқаруды салық салу процесімен айқындайтын (жалпы қоғамдық, біркелкілік, икемділік);

- *экономикалық*, салықтардың экономикаға әсерін айқындайтын (тиімділік, үнемділік);

- *құқықтық*, салықтық қатынастардың заңнамалық анықтылығын айқындайтын (бірлік, тұрақтылық, анықтылық).

Бақылау сұрақтары:

1. Салықтардың экономикалық мәні неде?
2. Салық салу кезінде қандай қағидалар қолданылады?
3. Салықтардың басқа төлемдерден, аударымдардың және ақша қаражаттары жарналарынан айырмашылығы неде?
4. Салықтардың функцияларын сипаттап және атап беріңіздер.
5. Салық жүйесі дегеніміз не және оған қандай элементтер кіреді?
6. Салықтар қандай принциптер бойынша сыныпталады?
7. Салықтарды ал тәсілдерін және салықтық есепке алу әдістерін атаңыз.
8. ҚР салық жүйесіне қандай салықтар, алымдар және төлемдер енгізілген?
9. Салық салу механизмі дегеніміз не?
10. Арнайы салық режимдерінің экономикалық рөлі және мақсаты қандай?
11. Салықтық басқарудың мағынасын және мәнін айтыңыз.

8. Мемлекеттік бюджет

Балансталған бюджет құру – бәрібір де өз қайырымдылығыңды қорғау: «жоқ» деп айтуды үйрену қажет.

Рональд Рейган

8.1 Мемлекеттік бюджет, және оның қызметтері

Экономикалық категория ретінде *мемлекеттік бюджет* мемлекеттік және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын құру және қолдану арқылы ұлттық табысты және жалпы ұлттық өнім құнын бөлу бойынша қаржылық қатынастардың ерекше сферасын білдіреді.

Экономикалық мәні бойынша мемлекеттік бюджет, мемлекет және өндірісті кеңейту және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын құру және пайдалану арқылы қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлу процесі кезіндегі қоғамдық өндірістің басқа да қатысушылары арасында орын алатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік бюджет – бұл қаржы саласындағы бөліп таратушылық процестерін қамтитын, өз қаражат көздеріне ие, төмендегі принциптерге негізделіп отырып шығындар мен кірістерді қосатын елдің негізгі қаржылық жоспары:

- *біртұтастық* бюджеттік жүйенің ұйымдастырушылық-экономикалық дәрежесін білдіретін (яғни ел аумағында қызмет атқаратын мемлекеттік шығындар мен кірістердің жалпы жүйесінің бірыңғай бюджеттік жүйеде, қаржылық құжаттардың, бюджеттік классификацияның бірлігінде көрінеді) және бюджеттік жоспарлаудың әдістемелігі және ұйымдастырушылығының бірлігін кепілдендіреді;

- *толықтылық* үкіметтік барлық қаржылық операцияларының, яғни ақша қаражаттарының кірісі және шығысының бюджетте жинақталуын білдіреді;

- *шынайылық* мемлекеттің қаржылық операцияларының шынайы түрде бюджетте айқындалуын, әлеуметтік-экономикалық саясатты шешу үшін есептеулер және болжамдар негізінде бекітілген бюджеттік тағайындаулардың сәйкестігін көздейді;

- *жариялылық* бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы мәліметтерді, бюджет құрылымы, дефицит көлемі және оны басқару әдістеру туралы деректерді қоғамға жариялау талаптарын білдіреді.

Мемлекеттік бюджеттің экономикалық категория ретіндегі мәні бөліп таратушылық және бақылау функциялары арқылы жүзеге асырылады (сурет 30)



*автормен құрылған

Сурет 30 - Мемлекеттік бюджеттің принциптері функциялары және мәні

Орта мерзімді кезеңде *бюджеттік саясат* бюджеттік жоспарлаудағы жаңа көзқарастар есебімен жүргізіледі. Қазіргі таңда жалпы экономикаға ынталандырушы әсерін тигізетін бюджеттік шығындардың өсімін қамтитын мемлекеттік шығындардың ұстамды саясаты жүргізілуде.

2020 ж. дейінгі шығындардың саясаты көптеген шектеулерді есепке ала отырып анықталады:

- бюджет шығындарының теңестірілуін қамтамасыз ету;
- ішкі нарықты қарыздық инструменттердің қажетті деңгейімен қамтамасыз ететін мөлшердегі бюджеттік дефицитті жабуға бағытталған ауыстыруларды жоспарлау;
- елдің әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарының бірінші рөлі.

Бюджет дефицитін қаржыландыру саласындағы ҚР Үкіметінің саясаты бірегей және тиімді қызмет атқаратын ел қарызын басқару жүйесін құруға бағытталған. Мемлекеттік және жалпы сыртқы қарызды басқару бойыша тұжырымға сәйкес Үкімет, мемлекеттік сыртқы қарызды басқару деңгейін көтеруге бағытталған шаралады қабыладайды.

Үкімет ірі инфраструктуралық және әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру үшін сыртқы қарыздарды тартуға мүдделі. Сыртқы үкіметтік қарыздарды жабу халықаралық қаржы ұйымдарымен, шетел мемлекеттерінің үкіметтерімен, шетелдік коммерциялық банктер мен фирмалар беретін үкіметтік қарыздарды өтеу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

8.2. Мемлекеттік бюджет: мәні және міндеті

Бюджеттік кодекстің ережелеріне сәйкес, *республикалық бюджет болып*, тиісті түсімдер есебінен құрылатын *орталықтандырылған ақша қоры саналады*.

Республикалық бюджеттің шығындары мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын жүзеге асыруға, сонымен қоса мемлекеттік органдардың, ведомстваға қарасты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге бағытталады.

Бюджеттік кодексті қабыладау Бюджеттік кодекстің 16 тармағына сәйкес Заңды бекітумен қоса жүргізіледі:

1. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы ҚР Үкіметімен ҚР Парламентіне ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей ұсынылады. Сонымен қоса, Үкімет республикалық бюджеттің алдағы үш жылға болжанған көрсеткіштерін ұсынады.

2. Ары қарай республикалық бюджет жоспары алдымен Мәжілісте, сонан соң Сенатта қаралып, кейіннен палаталардың біріккен отырысында республикалық бюджетті бекітеді немесе оған өзгерістер мен қосымшалар енгізіледі. Талқылауға ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарының және сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заң жобасының Үкімет уәкілдеген тұлғаларының, ҚР Ұлттық банкінің ақша-несие саясаты бойынша орынбасарының, сонмен қоса ҚР Парламентінің

Палаталарымен уәкілденген тұлғалардың, қарастырылып отырған мәселе қорытындысымен қоса есеп беруі кіреді.

3. Алдағы қаржы жылына республикалық бюджет республикалық бюджеттік бағдарламалар деңгейінде ҚР Парламентінің Палаталарының біріккен отырысында, ең аз дегенде екі оқылымнан кейін және ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

Тиісті қаржы жылына арналған *республикалық бюджет туралы заң* төмендегілерден тұрады:

- ресми трансферттерден алынған, республикалық бюджеттен берілген несиелерді қайтарудан түсетін кіріс көлемі, шығындар, несиелер және бюджет дефициті (профициті);

- шикізаттық сектор ұйымдарынан республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсім көлемі;

- мемлекеттік акциялар пакеті бар акционерлік қоғамдардан және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан түсетін түсімдердің толық тізімі;

- ең төменгі айлық еңбек ақы, зейнетақы көлемі және айлық есептік көрсеткіш;

- ҚР Үкіметінің резервтерінің көлемі;

- ҚР мемлекеттік кепілдері бойынша міндеттемелердің орындау сомасы;

- үкіметтік қарыздың шегі;

- республикалық және жергілікті бюджеттерден берілетін ресми трансферттердің сомалары;

- ҚР мемлекеттік кепіл беру шегі;

- республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, функционалды топтары бойынша шекті шығындар тізбесі;

- республикалық және жергілікті бюджетті орындау процесінде қысқартуға жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізімі;

- республикалық ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және дамудың бюджеттік бағдарламалар тізбелері;

- ағымдағы қаржы жылының басында орын алған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің несие қарыздарын қайтару сомалары.

Республикалық бюджеттің кірістер құрамы:

- салықтық түсімдер;

- салықтық емес түсімдер;

- негізгі капиталды сатудан түсетін түсім;

- трансферттік түсімдер.

Республикалық бюджеттің шығындар құрамы:

- жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер;

- қорғаныс;

- қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, соттық, қылмыстық-орындаушылық қызмет;

- білім беру;

- денсаулық сақтау;

- әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;
- тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық;
- мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
- жылу-энергетикалық кешен және қазба байлықты қолдану;
- ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қатаң қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер шаруашылығы;
- өнеркәсіп, сәулетшілік, қала құрушылық және құрылысшылық қызмет;
- транспорт және коммуникациялар;
- басқалары;
- қарызды өтеу.


2012-2014 жылдардағы республикалық бюджет шығындарының *негізгі басым бағыттары*:

- ҚР жедел индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы және басқа да салалық бағдарламаларды қаржыландыру;
- денсаулық сақтау және білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, «Балапан» бағдарламасын қаржыландыру жолымен әлеуметтік саланы жетілдіру;
- тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру, «Ақ бұлақ», аймақтарды дамыту және т.б. бағдарламаларды қаржыландыру арқылы халықтың өмір сүру жағдаларын жақсарту;
- аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және экономикалық потенциалдың кеңістіктік ұйымдарды ұтымдылығы және халықты орналастыру үшін аймақтарды дамытуды қаржылық қолдау;
- мемлекеттік қызмет көрсетулердің және мемлекеттік функцияларды іске асыру сапасын көтеру.

2012-2014 жылдарға ҚР Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілденген трансферт көлемі жыл сайын 1200 млрд. теңге. 2015ж. Қазастанның бекітілген республикалық бюджетінің табыстары 900 млрд. теңгеге дейін төмендеген. 2015ж. республикалық бюджетті нақтылауға негіз 2014ж. нақты қорытындыларының макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының түзетулері, есептеу көрсеткіштерінің нақтылау және әлемдік нарықтардағы бағаларды құбылмалылығы шарттарындағы елдің әлеуметтік-экономикалық және қаржылық тұрақтылығы бойынша шаралар қабылдау.

8.3 Жергілікті қаржы мәні

Жергілікті қаржы—жалпы ішкі өнім және ұлттық табыстың бір бөлігін жергілікті басқару органдарының қолында жинақтау және оларға міндеттелген функцияларға сәйкес басқару және қолдану арқылы жалпы ішкі өнім және ұлттық табыстың құнын бөлу және қайта бөлу процесінде орын алатын ақша қатынастарының жүйесі (сурет 31)*.



*автормен құрылған

Сурет 31 - Жергілікті бюджеттердің құрылу механизмі


Жергілікті қаржы құрылымы – әртүрлі деңгейдегі жергілікті бюджеттер, арнайы бюджеттен тыс қорлар және жергілікті басқару органдарының меншігіндегі кәсіпорындар қаржысы. Жергілікті қаржылардың әлеуметтік-экономикалық мәні мемлекеттік қаржыларға сәйкес келеді, айырмашылық тек жергілікті қаржылармен қамтылатын қайта бөлу қатынастары саласының тарлығында.

Жергілікті қаржылардың рөлі, олардың құрамы және құрылымы жергілікті билік және басқару органдарына міндеттелген функциялар және тапсырмалар сипатымен, мазмұнымен, сонымен қоса мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымымен және оның саяси-экономикалық бағыттылығымен анықталады. ҚР жергілікті бюджеттері облыстық бюджеттерден, қалалық бюджеттерден (аудандық маңызы бар қалалардан басқа), қаладағы аудандардан басқа аудандар бюджеті. Қазақстанда жергілікті бюджеттер жалпы мемлекеттік

бюджет қаражаттары көлемінің табыстары бойынша 45% және шығындар бойынша 52% құрайды.

Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлімі жергілікті бюджеттерге нормативтік негізде және ҚР «Бюджеттік жүйесі туралы» Заңымен бекітілген салықтық түсімдер есебінен құрылады: салықтық түсімдер, бюджетке төленетін алымдар және басқа да міндетті төлемдер; салықтық емес түсімдер; капиталмен жүргізілген операциялардан түсетін түсім; алынған ресми трансферттер; алдыңғы уақытта берілген несиелерден түсетін түсім; басқа да түсімдер.

Салықтардың төленбеу себептері 32 суретте* көрсетілген.



*автормен құрылған

Сурет 32- Жергілікті бюджетке салықтардың төленбеуінің негізгі себептері

Бағдарламаны іске асыру барысында бюджеттік шығындар құрылымын және бюджеттік қаражаттарды қолдану нәтижелері оңтайландыру арқылы аймақтың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін көтеру мақсатымен, тәжірибеге нәтижеге бағытталған бюджеттендіру (НББ) элементтерін құру және енгізу қажет. НББ бюджеттік жоспарлаудың шығынды әдісінен бюджеттік ресурстарды халыққа қызмет көрсету және нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізу бойынша бюджеттік қаражаттарды басқарушы және алшылар қызметтерінің нәтижелілігін ескере отырып жоспарлауға көшуді көздейді.

Бюджеттендірудің жаңа жүйесінің негізі ретінде келесідей принциптер алынған:

- қызметтің әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігі негізінде шығындар түрлері бойынша шығындарды жоспарлау;
- әлеуметтік-экономикалық нәтижелілік көрсеткіштеріне жету деңгейіне байланысты бюджеттік қаражаттарды бөлу;
- бюджеттік қаражаттарды басқарушылардың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолы тәртібін таңдау еркіндігі;
- бюджеттік қаражаттарды басақарушылардың және бюджетті алушылардың қорытынды нәтижеге жауапкершілігі;
- бюджеттік қаражаттарды мақсатты қолданылуын сыртқы бақылауды сақтай отырып бюджеттік қаражаттарды шығындар тиімділігінің ішкі бақылауына жұсалуын бақылау бағыты.

8.4 Бюджетаралық қатынастар, оларды жетілдірудің бағыттары

Жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасында бюджеттік құқық қатынастарын реттеудің толық жүйесі құрылған, бюджеттік жүйенің бірегей қағидалары орнатылған, мұнайдан түсетін табыстарды жинақтау механизмі енігізілген, бюджетаралық қатынастар жүйесі құрылған.

Орта мерзімдегі *бюджетаралық қатынастар саясатының негізгі мақсаты* мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджеттік кодекске сәйкес бюджетаралық қатынастар трансферттер және бюджеттік несиелер арқылы, сонымен қоса облыстық және аудандық бюджеттер арасындағы кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.


ҚР бюджетаралық қатынастарды реттеу мәні, әдістері және қағидалары 33 суретте* көрсетілген.

Бюджеттік саясат тұжырымдамасын іске асырудың екінші деңгейінде 2018 жылы *жергілікті бюджет шығындар базасына* бұрын республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен қаржыландырылып келген тұрақты сипаттағы шығындар кіреді, сонымен қоса:

- Жергілікті бюджет шығындарының қатарына жылу маусымын өткізу шығындарын қосу мәселесін қарастыру;
- Әлеуметтік инфраструктура объектілерін құрастыру, жөндеу және ұстап тұру шығындарын, жергілікті бюджет есебінен құрастырылған объектілерді ұстап тұру шығындары жергілікті бюджеттен қаржыландырылады;
- Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен корпоративтік табыс салығы түсімдерін облыстың деңгейге ауыстыру мәселесін қарастыру.

Қазіргі таңда жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесінің жетілгендігі негізінде 2014-2016 жылдарға жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы Заң құрылды және бекітілді.

Бюджетаралық қатынастар – бюджеттік процесте жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттер арасында орын алатын қатынастар



*автормен құрылған

Сурет 33 - ҚР бюджетаралық қатынастарды реттеу әдістері, қағидалары және мәні

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық табиғаты неде?
2. Бюджеттік қатынастардың ерекшелігі неде?
3. Қоғамдың өндірістегі мемлекеттік бюджеттің рөлі неде?
4. ҚР мемлекеттік бюджетінің шығындар және кірістер құрылымын және құрамын сипаттаңыз.
5. Бюджеттік сыныптаманың маңызы неде?
6. Жаңа бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері неде.
7. Бюджетаралық қатынастар дегеніміз не және олар қандай тәсілдермен реттеледі?
8. Бюджеттің балансы және соған байланысты бюджеттің жағдайы деген не?
9. Қандай факторлар бюджеттік дефицитті тудырады?
10. Бюджеттік дефицитті жабудың қандай әдістері қолданылады?
11. ҚР бюджетаралық қатынастардың мәнін, қағидаларын және әдістерін сипаттап беріңіз.
12. ҚР бюджетаралық қатынастарды жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңыз.

9. Бюджет жүйесі және бюджеттік құрылым

Бюджет ешқашан тепе-теңдік сақтамайды

Гюстав Флоберс

9.1 Мемлекеттік бюджет жүйесінің негізгі түсініктері және құрамы

Бюджеттік жүйе – бұл экономикалық қатынастар және заңнамалық нормаларға негізделген ел бюджеттерінің барлық түрлерінің жиынтығы. Бюджеттік жүйені ұйымдастыру елдің мемлекеттік құрысымен анықталады. Әр елдің бюджеттік жүйесіне құрылысына байланысты әртүрлі бюджеттер кіреді. ҚР мемлекеттік бюджетінің құрылымы 1996ж. бастап бюджеттік сыныпталу негізінде құрылады және бес бөліктер тұарыд. Әдетте кіріс көзі салықтар немесе саоған ұқсас төлемдер болып табылады.


Бірінші бөлім «Кірістер және түскен трансферттер» кірістердің төрт категориясынан тұрады:

- салықтық түсімдер;
- мемлекеттік меншіктен, мүліктен, мемлекетің кәсіпкерлік қызметінен түсетін салықтық емес түсімдер, әкімшілік алымдар, баждар, айыппұлдар және санкциялар;
- капиталмен жүргізілетін операциялардан түсетін түсім: негізгі капиталды сату – мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, мемлекеттік резервтердегі тауарлар;
- ішкі және сырқты көздерден алынған ресми трансферттер (гранттар).

Екінші бөлім «Шығындар» келесідей функционалды топтардан тұрады:

- басқару – жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер: заңнамалық, атқарушы органдар, фундаменталды ғылыми зерттеулер, жалпы сипаттағы басқа да қызметтер; қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік;
- әлеуметтік блок – білім беру, денсаулық сақтау; әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру; демалысты және мәдениет саласындағы қызметті ұйымдастыру;
- экономикалық блок – тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық; жылу-энергетикалық кешен; ауыл, су және орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулар және табиғатты қорғау; тау-кен өндіруші өнеркәсіп және пайдалы қазбалар; транспорт және байланыс;
- экономикалық қызметтермен байланысты басқа да қызметтер көрсетулер; мемлекеттік қарызды жабу бойынша негізгі топтарға жатқызылмаған шығындар, жергілікті бюджеттерге үкіметтің резервтік қорына субвенциялар.

ҚР бюджеттік жүйесінің құрамы, оны құрудың мәні және принциптері 34 және 35 суреттерде* көрсетілген




*автормен құрылған

Сурет 34 - ҚР бюджеттік жүйесінің мәні және құрамы

Үшінші бөлім «Несиелендіру айыру өтем» несиелендіру бойынша бюджеттік төлемдерден және бюджеттен бұрын берілген несиелерді өтеу бойынша түсімдерден тұрады және бюджет дефицитіне жатқызылатын таза несиелендіруді көрсетеді. *Төртінші бөлімі* шығындар мен кіріс сомаларының айырмасы қосылған несиелендіру және өтеуді алып тастағандағы бюджет дефицитін көрсетеді.

Бесінші бөлім «Бюджет дефицитін қаржыландыру» дефицитті жабу көздерін сипатайды: ішкі – ұлттық банктің несиелері, мемлекеттік ОБ шығару есебінен; сыртқы инвестициялау – халықаралық қаржы ұйымдарынан және шетелдік мемлекеттерден.



*автормен құрылған

Сурет 35 - ҚР бюджеттік жүйесін құру принциптері

9.2 Бюджеттік құрылым және оның түрлері. Бюджеттік процесс, және оның кезеңдері

Бюджеттік процес (бюджеттік процедура) – бұл бюджеттерді құру, қарастыру, бекіту, орындау, бюджетердің орындалуы туралы есептерді орындауды және бекітуді бақылау бойынша билік және басқару органдарының заңнамамен регламенттелген қызметі. ҚР *бюджеттік процесс* «Бюджеттік кодекс туралы» Заңмен, Бюджеттік кодекспен және «Республикалық бюджет туралы» жыл сайынғы Заңмен, ҚР басқа да заңдарымен, сонымен қоса атқарушы билік органдарының шешімдерімен анықталады.


Бюджет жобасын әзірлеу бюджеттік өтінімдерді қарастыру процесінде жүзеге асырылады. Сонымен қоса, қалыптасқан тәжірибе бойынша ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан кейін уәкілетті орган бюджеттік көрсеткіштердің нақтылануын және түзетулерін жүргізеді. Осыған орай бюджеттік процестің кезеңдерін анықтау кезінде бюджеттік қызметтің барлық кезеңдерін көрсеткен дұрыс:

- бюджеттік құқық (сурет 36);
- құқықтық регламенттеу қатысушылары (сурет 37),
- қатысушылар бойынша бюджеттік процес (сурет 38);
- бюджеттік процестің кезеңдері және принциптері (сурет 39);
- бюджеттік процестің механизмі (сурет 40).



*автормен құрылған

Сурет 36 - Бюджеттік процестің нормативтік-құқықтық негізі



*автормен құрылған


Сурет 37 - Бюджеттік процестің құқықтық регламенттелуі




*автормен құрылған

Сурет 38 - Бюджеттік процестің қатысушылары бойынша сызбасы

Бюджеттік процес 8 кезеңнен тұрады: жоспарлау, жобаны әзірлеу, жобаны қарау, жобаны қарау және бекіту, орындау, нақтылау және түзету енгізу, мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу, бюджеттің орындалуы туарыл есепті әзірлеу және бекіту.



Сурет 39 - Бюджеттік процес және оның кезеңдері



*автормен құрылған

Сурет 40 - Бюджеттік процестің механизмі

Ұлттық экономиканы реттеудің маңызды проблемаларының бірі мемлекеттің де аймақтың да бюджеттік потенциалды тиімді басқаруын қамтамасыз ету болып табылады. Өркениетті мемлекеттердегі бюджеттік процестің кезеңдерінің айырмашылығы көп емес. Бірақ, бұл кезеңдермен жүзеге асырылатын технологиялық әдістер тіпті аумақтар бойынша ерекшеленеді.

9.3 Бюджеттік процесті жетілдірудің негізгі бағыттары

Мемлекет қызметінің материалды-қаржылық базасы болып табылатын *бюджеттік қоржүйенің* әкімшілік-тобы қызмет атқару міндеттері негізінде құрылған. Оның көлемі экономиканы реттеуге және әлеуметтік міндеттерді шешудің оңтайлы қатынастарына емес орталықтағы және аймақтардағы көптеген мемлекеттік билік органдары қызметін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуге шақырылған шығынды көзқарасқа бағытталған болатын. Бұндай көзқарас кезінде бюджеттің қайта бөлу функциясының қызмет ету аясы шексіз болатын, қайта бөлу объектілеріне қоғамдық өнім құнының барлық элементтері кіретін.

Бюджеттік дефицит – бұл, міндетті түрде төтенше, ерекше жағдайлар қатарына жатпайтын қаржылық құбылыс. Қазіргі әлемде өз тарихының бір кезеңінде бюджеттік дефицитпен бетпе-бет кездеспеген мемлекет жоқ. Бірақ дефициттің сапасы әртүрлі болуы мүмкін:

- *дефицит* экономиканы дамытуға арналған ірі мемлекеттік салымдарды жүргізу қажеттілігінен туындауы мүмкін. Бұл жағдайда ол қоғамдық процестердің дағдарыстық жағдайын емес, экономикалық конъюнктураның мемлекеттік реттеуін, қоғамдық өндіріс құрылымындағы прогрессивті қозғалыстарды қамтамасыз етуге ұмтылысты көрсетеді. Дж.М. Кейнс белгілі-бір қоғам дамуының кезеңдерінде мемлекеттік шығындардың кірістерден көп болуын рұқсату мүмкіндігінің негізін қалаған;

- *дефицит* төтенше жағдайлар нәтижесінде орын алады (соғыс, ірі табиғи апат және т.с.с.), егер әдеттегі резервтер жеткіліксіз болып ерекше түрдегі қаржы көздеріне жүгінуге тура келеді;

- *дефицит экономикадағы дағдарыстық жағдайды бейнелеуі мүмкін*, оның құлдырауын, қаржы-несиелік байланыстарының тиімсіздігін, үкіметтің елдегі қаржылық жағдайды бақылауға ала алмауын. Бұл жағдайда ол – төтенше қауіпті жағдай, және жедел және нәтижелі экономикалық шараларды (экономиканы тұрақтандыру, шаруашылықты қаржылық сауықтыру және т.с.с.) қабылдауды ғана емес, сонымен қоса тиісті саяси шешімдерді қабылдауды қажет етеді.

ҚР бюджеттік процесті жетілдіру бюджеттік қаржыландыру тиімділігін көтеру, бәсекелестік ортаны дамыту, халықа көрсетілетін қызметтер сапасын көтеру мақсатымен бюджеттік қызмет көрсетулер нарығын құруға бағытталған.

Қазіргі таңда бюджеттік мекемелер мен ұйымдарды қаржыландыру әлеуметтік-экономикалық саясаттың басымдылықтарына, атқарылып жатырған жұмыстардың саны мен сапасына байланысты жүзеге асырылуға. Бірақ, дағдарыс жағдайында орын алған жағдай (бюджеттік дефицит) шектелген бюджеттік ресурстар тиімсіз жұмсалыуына әкеліп соқтырады, жеке әлеуметтік-маңызы бар қызметтер қаржыландыру дефицитін бастан кешіреді.

Аталған мәселеге сәйкес ҚР халқына нақты қажетті бюджеттік қызметтерді анықтау, оларды әлеуметтік маңызы бойынша реттеу, сапа көлемі және критерийлерін анықтау, сонымен қоса оларды көрсету және қаржыландырудың нақты процедуралары мен регламенттерін анықтау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі тәжірибеге бюджеттік қызметтер самасының стандарттарын енгізу және құру болып табылады, бұл өз кезегінде әлеуметтік қызмет көрсету саласына мемлекеттік емес ұйымдарды тартуды және сәйкесінше жеке инвестициялардың тартуға мүмкіндік береді. Бюджеттік қызмет көрсетулер нарығында бәсекелестік ортаны құру, көрсетіліп отырған қызметтердің бағасы мен сапасының оңтайлы қатынасы жағдайларында мемлекеттік тапсырысты құруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік саладағы аймақтық бюджеттік саясат тиімділігін көтерудің маңызды факторы аймақтық бюджеттік мекемелер жүйесін оңтайландыру және қайта құрылымдаумен, мекемелердің бір бөлігін мемлекеттік емес ұйымдар формасына ауыстыру механизмін құрумен байланысты жұмыстар жүргізу болып табылады.

Аймақ халқына бюджеттік қызмет көрсетудің шығындылығы бюджеттің орындалуы кезінде «кассалық бөліністер» деп аталатын келеңсіз жағдайлардың орын алуын азайтатын нақты және үздіксіз қаржыландыру жүйесін құру қажеттілігін тудырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бюджеттің шығын бөлігін жүзеге асыру процесінде кассалық үзілістер туындау мүмкіндігін болжамдау әдістемесі құрылған және оларды жою механизмдері әзірленген болатын. Сонымен қоса, қаржылық шешімдерді қабылдауға ұсынатын заңнамалық бастама құқығы

субъектілерінің жауапкершілігін көтеру мақсатында салықтық және бюджеттік заңнама саласына заң жобаларының міндетті жариялы сараптамасын енгізу жоспарлануда.

Бюджеттік кодекс өзгерістерінің іске асырылуы арқасында бюджеттік құқықтық қатынастарды регламенттейтін нормалар тізбектелді, қызмет атқарып тұрған құқықтық-нормативті актілердің саны азайды, қазіргі таңдағы бюджеттік заңнамада қайталану және қарама-қайшылықтар жойылды.

Сонымен қоса, бюджеттік процес қатысушыларының өкілеттіліктері нақты бөлінген, бюджет аралық қатынастардың тұрақтылығы, бюджеттік қаражаттарды жұмсау тиімділігі және нәтижелілігінің көтерілуі қамтамасыз етілді.

Бақылау сұрақтары:

1. Бюджеттік жүйе дегеніміз не?
2. ҚР бюджеттік жүйесінің құрамына не кіреді?
3. Бюджеттік жүйе құрылымының негізіне қандай қағидалар салынған?
4. Бюджеттік қатынастардың ерекшелігі неде?
5. Елдің бюджеттік құрылымының негізгі құраушыларын атаңыз.
6. Бюджеттік процестің анықтамасын айтыңыз.
7. Бюджеттік процестің сатыларын атаңыз.
8. Мемлекеттік бюджеттік қызметінің және бюджеттік құқықтың құраушыларын атаңыз.
9. Бюджеттік процесті құқықтық регламенттеудің қатысушылары кімдер?
10. Бюджеттік процестің механизміне не кіреді?
11. Бюджеттік процесті жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңыз.

10. Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар

Өркениет—бұл қаржыландырыусыз ештеңе істелінбейтін қоғам дамуының сатысы.

Э.Маккензи

10.1 Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуындағы бюджеттен тыс қорлардың рөлі

Қаржылық жүйенің негізгі бөлігінің бірі мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары. *Бюджеттен тыс қорлар* – мемлекеттің ұлттық табысын халықтың әлеуметтік топтарына қайта бөлу әдістерінің бірі. Мемлекет халық табысының бір бөлігін өз іс шараларын қаржыландыру үшін қорларға жинақтайды. Бюджеттік емес қорлармен жалпыландырылған қаражаттар өндіріс процесі үшін қолданылады.

Экономикалық категория ретінде бюджеттік емес қорлар ұлттық табысты мемлекеттің мақсатты қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталған қаржылық ресурстарды орталықтандыру үшін қайта бөлу бойынша қатынастар болып табылады.

Бюджеттен тыс қорлар екі негізгі тапсырманы орындайды:

- экономиканың басымдыққа ие салаларын қосымша қаражаттармен қамтамасыз ету;
- халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді аясын кеңейту.

Бюджеттен тыс қорларды құрудың негізгі себебі—қоғамға өте қажетті шығындарды шығару қажеттілігі және оларды дербес табыс көздерімен қамтамасыз ету.


ҚР бюджеттен тыс қорларының *мағынасы* қазіргі таңдағы ел бюджетінің үнемі дефицитіне және осы қорлар есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік мәселелерді шешудің мақсаттылығымен өте маңызды болып отыр.

Қордың негізгі бөлігі ұлттық табысты қайта бөлу процесінде құрылады. Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың табыстары кесідей түсімдер есебінен құрылады:

- тиісті қорларға бекітіледін арнайы мақсатты салықтар және алымдар;
- мемлекеттік бюджеттің қаражаттары;
- шаруашылық субъектілері табыстарынан аударымдар;
- тұлғалар немесе қорлардың коммерциялық қызметтерінен түсетін табыстар;
- қордың ҚР Ұлттық банкінен немесе коммерциялық банктерден алынған несиелері;
- заңнамада қарастырылған табыстың басқа да түрлері.

ҚР бюджеттен тыс қорлары *екі үлкен топқа бөунеді:*

- әлеуметтік қорлар;
- экономикалық мақсатты қорлар (сурет 41)*.



*автормен құрылған

Сурет 41 - Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорлары

Бюджеттен тыс қорлар келесідей белгілері бойынша *сыныпталады*:

- мақсатты белгісі бойынша – әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-зерттеушілік, табиғатты қорғау (экологиялық), миграциялық, құқықтық тәртіпке ықпал ету, мәдени мақсатта және т.б.;
- басқару деңгейіне байланысты – мемлекетаралық, мемлекеттік және аймақтық (жергілікті).

10.2 Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

ҚР Ұлттық қоры мемлекеттің жинақтарын құру, сонымен қоса республикалық және жергілікті бюджеттердің әлемдік бағалар конъюктурасынан бағыныштылығын азайту мақсатымен *құрылған*. Осылайша, қор екі қызмет атқарады: *жинақтаушылық және тұрақтылықты сақтау*.

Қор ҚР Ұлттық банкіндегі ҚР Үкіметінің шотында жинақталатын қаржылық активтердің жиынтығынан тұрады.

Қорды құру тәртібі және қаражат көздері ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының бесжылдық индикативті жоспарына сәйкес анықталады, бұл жоспарда қазақстандық экспорттың негізгі бөлігін құрайтыншикі мұнай, жез және басқа да шикізат тауарларының тұрақты әлеумді бағалары орнатылады, соның негізінде республикалық және жергілікті әзірлеу және бекіту кезінде қазақстандық шикізат тауарларын өндірушілердің тауарды өткізу бағасының орташа құны есептеледі және соған тиісі мемлекеттік бюджеттің шикізат секторынан алатын табысы. Шикізат өнімдерінің есептеу тұрақтаы бағалары әлемдік бағалар динамикасының кері болжамы негізінде орнатылады.

Қор республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы процесінде құрылады. Бюджеттердің орындалуы бюджетке төмендегі салықтар мен түсімдердің республикалық және жергілікті бюджетте бекітілген сомадағы шикізат секторы ұйымдарының (ҚР Үкіметі орнататын заңды тұлғалар тізбесі бойынша) бюджетке төленетін төлемдері арқылы жүзеге асырылады:

- корпоративтік табыс салығы;
- қосылған құн салығы;
- үстеме пайдаға, бонустарға, роялти салықтары;
- бекітілген келісімшарттар бойынша өнімдер бөлігі бойынша ҚР үлесі.

Қор келесідей түсімдер есебінен құрылады:

- Жоғарыда көрсетілген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша түсімдердің республикалық және жергілікті бюджеттерде жоспарланатын сомаларының 10% көлемінде есептелетін республикалық және жергілікті бюджеттерден рәсме трансферттер;

- Қорды басқарудан түметін инвестициялық табыстар;
- ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да түсімдер мен табыстар.

Қаражаттарды қор келесі бағыттар бойынша жұмсайды:


- Шикізат секторы ұйымдарының бюджетке төлейтін салықтары мен басқа да міндетті төлемдерінен түсетін түсім сомаларының бекітілген және нақты бағаларының айырмасы ретінде анықталатын, шығындарды өтеу үшін;

- ҚР Президентімен анықталатын мақсаттарға республикалық және жергілікті бюджеттерге аударылатын қордың мақсатты трансферттері түрінде;

- Қорды басқарумен және жыл сайынғы сыртқы аудит жүргізумен байланысты шығындарды жабуға.

Қор қаражаттары оларды жинақтау және инвестициялық табыс табу мақсатымен *сенімді және өтімді шетелдің қаржылық активтеріне орналастырылады.* Олар жеке және мемлекеттік ұйымдарды несиелендіруге және міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қолданылмайды.

Қазақстанда Ұлттық қор институты тұрақтандырушы макроэкономикалық құрал бола отырып, фискалдық саясатта бюджетті құруда және оның тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады, сонымен қоса дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру көзі болып табылады. Ұлттық қор 2000ж. мұнай бағасының тұрақсыздығынан экономиканы және бюджетті қорғау және елдің мұнай игіліктерінің бөлігін қаржылық игіліктің әртараптандырылған портфеліне айналдыру құралын құру мақсатымен негізі қаланған болатын (сурет 42)*.



*автормен құрылған


Сурет 42 - Ұлттық қордың ҚР бюджеттік жүйесіндегі орны мен рөлі

Бюджеттің жалпы шығын көлемі ЖІӨ 20% шамасында болып келді, бұл деңгей тіпті мұнай бағасының өзгеруі және мұнай түсімдерінің ұлғаюы кезінде де сақталып қалды. Ұлттық қордың стерилизациялық әсері басқа экспорттер елдермен салыстырғанда инфляцияның төмен деңгейін сақтап қалуға және ұлттық валютаның шектен тыс нығаюына жол бермеуіне көмектесті.

«Қауіпсіздік жастығы» қызметін Ұлттық қор 2008ж. аяғындағы қаржылық дағдарыс кезіндегі экономикалық құлдырау кезінде көрсетті. Жалпы алғанда дағдарысқа қарсы шаралар пакетін қаржыландыру үшін Ұлттық қордан қосымша 1480 млрд теңге тартылды. Аталған шараларды іске асыру банктік, құрылыс, агроөнеркәсіптік салалардағы жағдайды тұрақтандырып рецессияға жол бермеуге мүмкіндік берді. Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру арқылы 30 мың отбасы қолдауға ие болды, үлестік құрылыс қатысушыларының тұрғын-үйлері қаржыландырылды, шағын және орта бизнестің шамамен 3000 субъектісі, жұмыс орындарын сақтап және жаңадан ашып несие ала алды.

Дағдарыстан кейінгі кезеңге нақты міндет қойылды – Ұлттық қор қаражаттарын құру және қолдануға жаңа көзқарастарды анықтау, бұл әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында өзінің нәтижелігін көрсеткен жинақтық саясатының логикалық жалғасы болатын. Осылайша Ұлттық қордың қаражаттары тек қана бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде, сонымен қоса Ұлттық қорды басқару және жыл сайынғы аудит жүргізумен байланысты шығындарды жабуға бағытталады.

Ұлттық қоры тиімді басқару елдің бәсекеге қабілеттілігі мен экономикалық тұрақтылығын сақтап қалуда маңызды орын алады. Мұнайлық дүрбелең кезінде ресурстарды басқару және өңтайлы жинақтау елге құлдырауды және кең көлемді жұмыссыздықты басынан кешірмеу мақсатымен кешенді кезеңдікке қарсы фискалды саясатты жүргізуге жеткілікті фискалды қорды қамтамасыз етті (сурет 43).*



Сурет 43 - Ұлттық қорды басқару құрылымы

Ұлттық қордың мақсаты елді жақсы жағдайда сақтап тұратын және тұрақтылық және әртараптандырылған өсім мақсаттарымен сәйкес келетін мұнай байлығын қаржылыққа айналдыру болып табылады.

ҚР ерекшеліктерін ескере отырып шикізат ресурстарынан түсетін түсімді тиімді басқару еліміздің ұзақ мерзімді дамуы мақсатына жетуде басымдылыққа ие болып табылады. Олар бірге Қазақстандағы мұнайлық емес өсім мен әртараптандыруды тереңдету бойынша басқа да стратегияларға негіз құрады.

10.3 «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қ-аулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі акционерлік қоғамын біріктіру жолымен құрылды.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру және әлемдік нарықтағы өзгерістердің елдегі экономикалық өсуге ықтимал жайсыз әсер етуі факторларынан сақтандыру үшін құрылды.

Қорды негізгі мақсаты ұзақ мерзімді құндылықтарын күшейту және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалардың өзіне меншік құқығында тиесілі акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылады

Қордың *негізгі қағидалары, міндеттері және бағыттары* 44 суретте* көрсетілген.

Қор қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ұлттық экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға жәрдемдесу;
- елдің экономикасын тұрақтандыруға жәрдемдесу;
- компаниялар қызметінің тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларын, Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын.

Қор экономиканың шынайы секторына инвестициялар тарту, өңірлерде жұмыстарды жандандыру, салааралық және өңіраралық байланыстарды нығайту жөніндегі мәселелерді жылдам әрі шұғыл шеше отырып және бар басымдықтар мен мүмкіндіктерді барынша қолдана отырып Қазақстан Республикасының Үкіметіне барынша жәрдемдесу үшін танылған.

Ұлттық экономиканы тиімді әртараптандыру және жаңғырту, әсіресе, мынадай экономиканың басым секторларында белсенді инвестициялық қызметті іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

- мұнай-газ секторы;
- электр энергетикасы;
- металлургия;
- химия, мұнай-химия;
- инфрақұрылым.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамына кіретін *компаниялар тобы*: акционерлік қоғамдар «ДАМУ» Кәсіпкерлікті қолдау қоры», «Kazyna Capital Management», «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ», «Қазахтелеком», «Эйр Астана», «Ұлттық Инновациялық Қор», «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы», «KAZNEX» Экспортты дамыту және ары қарай жылжыту корпорациясы», «ҚазМұнайГаз», «KEGOC», «Казпочта», «Қазмортрансфлот» Ұлттық теңіз кемелері компаниясы», «Қазақстан Инжиниринг Ұлттық компаниясы» және «Инвестицияларға жәрдемдесу Қазақстандық орталығы».



*автормен құрылған

Сурет 44 - «Самұрық-Қазына» Қоры қызметтерінің негізгі принциптері, міндеттері және бағыттары

Қордың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- өңірлік, ұлттық және халықаралық ауқымдағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;
- Қордың компаниялары топтарының қолданыстағы активтерін қолдау және жаңғырту;
- өңірлерді дамытуға және әлеуметтік жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- отандық тауар өндірушілерді, отандық тауарлар мен қызметтерді қолдау.

Қаралатын міндеттер шеңберінде Қор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- өздігінен және (немесе) компаниялардың қатысуымен, сондай-ақ жарғылық капиталдарына қатысу және қарыздар беру арқылы стратегиялық және (немесе) отандық инвесторлармен бірлесіп, өңірлік, ұлттық және халықаралық ауқымдардағы, оның ішінде экономиканың шынайы секторындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу немесе (және) іске асыру, және (немесе) қаржыландыру;

- «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өзге бағдарламалар мен жоспарларды іске асыру жөніндегі оператордың функциясын орындау;

- экономиканың жаңа секторларын игеру және елден және де шетелден экономикалық жағынан тиімді активтер сатып алу;

- Қазақстан аумағында жобаларды асырудың негізгі басым бағыты болып табылатын инвестициялық және инновациялық жобаларды компаниялардың іске асыруы кезіндегі үйлестірілген және белсенді инвестициялық саясатты қамтамасыз ету;

- отандық және шетелдік, мемлекеттік және жеке инвестицияларды тарту және экономиканың әртүрлі саласына инновациялар енгізу;

- капиталдың дүниежүзілік және отандық нарығында капиталды теңгерімделген қарызға беруді жүзеге асыру;

- шағын және орта бизнестің жобаларын қаржыландыру;

- компаниялардың топтары шеңберінде қаржы-инвестициялық құралдарының тиімді кешенді жүйесін құру;

- өңіраралық экономикалық байланыстарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды іске асыру арқылы дамыту;

- әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы өңірлерді серпінді дамытуды қамтамасыз ету.

10.4 ҚР Ұлттық инновациялық қоры

Ұлттық инновациялық қор 2003ж. құрылған. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға жедел индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырады. Қор *қызметінің негізгі мақсаты* – елдегі инновациялық белсенділікті ұлғайтуға және жоғары технологиялық және ғылыми өндірісті дамытуға ықпал ету.

Экономика дамуының қазіргі кезеңінде *қордың мақсаты* – экономиканың шикізаттық емес салада бәсекеге қабілетті өндірісті құру бойынша жеке сектордың бастамаларына қаржылай көмек көрсету, болашағы бар ұйымдар жобаларына инвестиция тарту және жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыруға көмек беру. Жобаны іске асырудың негізгі құралы инвестицияланатын компанияның акционерлік капиталына тікелей қатысу.

Қор инновациялық жобаларды қаржыландыруды үлестік бақылаусыз қатысу арқылы жүзеге асырады. Қор қарауына ұсынылатын инновациялық жобаларды іріктеу кезінде бастысы инновациялық және коммерцияланатындығы.

Жобалық қаржыландыру. Қазақстандағы жаңа технологияларды дамытуды тұрақты дамыту үшін Қор инновациялық жобаларды қаржыландырады. Қор инновациялық жобаны үлестік бақылаусыз қатысу арқылы жүзеге асырады. Қор қарауына ұсынылатын инновациялық жобаларды іріктеу кезінде негізгі назар аударылатыны олардың жаңашылдығы және қайтарымдылығы.

ҚР Ұлттық инвестициялық қорының дамуының негізгі көрсеткіштері 5 кестеде* көрсетілген.

Кесте 5 – 2013ж. ҚР ҰИҚ дамуының көрсеткіштері

Көрсеткіш	Млн теңге	Рейтинг
Активтер:	27 111	9
Түсім	843	9
Таза табыс	90	9
ЕБИТДА	293	7
Меншікті капитал	25 888	7
Операциялық табыс	31	27
Қаржылық левиридж	1	7
ROA, %	0,4	7
ROE, %	0,4	9
ROI	0,4	2
Total Debt/ЕБИТДА	0,1	9

*ҰИҚ АҚ деректері бойынша автормен құрылған

Венчурлік қаржыландыру. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ қаражаттарын технологиялық инновациялық бизнеске салым жасайтын қазақстандық және шетелдік капиталы бар венчурлік инвестициондық институттарды құруға қатысатын алғашқы қазақстандық Қор болып табылады. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ жергілікті инвесторлармен мемлекеттік-жеке меншік серіктестік қағидаларында құрылған Қазақстанның 4 отандық венчурлік қорларының серіктесі болып табылады: «АИФРИ «Венчурный фонд «Сентрас» АҚ, «АИФРИ «Венчурный фонд «Delta Technology Fund» АҚ, «Фонд Высоких технологий «Арекет» и «Logycom perspective innovations» АҚ.

- инновацияларды енгізу және құруды қаржыландыруды жүзеге асыратын инновациялық қорлар мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталында бақылаусыз қатысу;

- инновацияларды құру және енгізуді қаржыландыруды инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына бақылаусыз үлестік қатысу арқылы және (немесе) қаржылық лизинг арқылы жүзеге асырады;

- инновациялық инфраструктураны дамыту;

- отандық инновацияларды сыртқы нарықтарға шығару;

- инновациялық технологияларды дамыту, тасымалдау және аудару, оларды коммерцияландыру және енгізу саласында халықаралық серіктестікті дамыту;

- елдегі инновациялық белсенділікті көтеруге бағытталған іс шараларды жүргізу және ұйымдастыру.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ қаражаттарын технологиялық инновациялық бизнеске салым жасайтын қазақстандық және шетелдік капиталы бар венчурлік инвестициондық институттарды құруға қатысатын алғашқы қазақстандық Қор болып табылады. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ жергілікті инвесторлармен мемлекеттік-жеке меншік серіктестік қағидаларында құрылған Қазақстанның 4 отандық венчурлік қорларының серіктесі болып табылады: «АИФРИ «Венчурный фонд «Сентрас» АҚ, «АИФРИ «Венчурный фонд «Delta Technology Fund» АҚ, «Фонд Высоких технологий «Арекет» и «Logycom perspective innovations» АҚ.

«ҰИҚ» АҚ қатысуымен Қазақстанда Қарағанды, Орал, Алматы, Өскемен, Шымкент, Астана және Петропавл қалаларында орналасқан 8 аймақтық технопарктер құрылған. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ қатысуымен Астана қаласында транспорттық машина құрылысы, Өскемендегі тау-металургиялық құрылғы, Петропавл қаласындағы мұнайгаз құрылғылары – үш конструкторлық бюролары құрылған және тиімді қызмет атқаруда. Қазіргі таңда Қазақстан алдына республиканың аграрлы және өндірісті аймақтарында өңдеуші өнеркәсіпке қаражаттарды тарта отырып инвестициялық ағындарды әртараптандыру бойынша міндет қоюда. Қазақстан тұрақты инвестициялық климатты ұстап тұруға, шет елдік инвестицияларға тиімді жағдайлар жасау, елдің инвестициялық имиджін нығайтуға күш салуда.

10.5 Бірыңғай жинақтық зейнетақы қоры

ҚР 01.12.2012ж. сәйкес 11 жинақтық зейнетақы қоры жұмыс істеді, олардағы зейнетақы жинақтарының көлемі 3,116 трлн теңге (шамамен 21 млрд долл), жүйеде клиенттердің 8,5 млн шоттары ашылған, бұл елдің жұмысқа қабілетті халқының 95% құрайды.

ҚР Ұлттық банкіне тиесілі «МЖЗҚ» Жинақтық зейнетақы қоры акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін заңнамаға сәйкес ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тапсырылған болатын. «МЖЗҚ» АҚ коммерциялық емес «Бірыңғай жинақтық

зейнетақы қоры» (ары қарай БЖЗҚ) акционерлік қоғамы болып атауы ауыстырылды.

БЗЖҚ Қазақстанда МЗЖҚ негізінде 2013 жылдың тамыз айында құрылды.

Қазақстан Республикасы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында халықты зейнетақымен қамсыздандыру реформасын ең бірінші болып жүзеге асырған ел. Зейнетақы реформасындағы ең бастысы Ұрпақтар ынтымақтастығына негізделген әлеуметтік қамсыздандырудың үлестіргіш жүйесінен жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жеке зейнетақы шоттарында жинақтарды жинауға мүмкіндік беретін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп өту болды.

Жаңа жинақтаушы зейнетақы қорының құрылу кезеңінде, оның дамуын ынталандыруға бағытталған ерекше стратегиялық рөл 1997 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен арнайы құрылған институт – Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына берілді. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры елдегі зейнетақы реформасының өзіндік сөре алаңына айналды: ол елдегі ең алғашқы жинақтаушы қор болып, ең алғашқы зейнетақы төлемін қабылдады және зейнетақы активтерін өзінше басқару құқығын басқа зейнетақы қорларының ішінде бірінші болып алды.

2013 жылдың 21 маусымында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» жаңа редакциядағы Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданды. Зейнетақы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін сақтау мен есепке алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару да Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген.

Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі ынтымақтастық және жинақтық жүйелер механизмдерінен үйлестіретін үш деңгейден тұрады (сурет 45)*.

Бірінші деңгей – бұл КСРО дан Қазақстанға қалған ынтымақтасқан зейнетақы жүйесі, бұл жүйеде зейнетақы төлемдер көзі жұмысқа қабілетті халықтың салықтық және басқа да төлемдері негізінен құрылатын бюджет есебінен құрылатын «буындар ынтымақтастығына» негізделеді. Зейнетақы төлемдер көлемі еңбек өтілімен анықталады. Қазіргі таңда осы деңгей аясында 1998 жылдың 1 қаңтары жағдайына сәйкес еңбек өтілі алты айдан төмен емес азаматтардың зейнетақы төлемдері құрылады.

Екінші деңгей – бұл Қазақстан азаматтары, шетелдік және азаматтығы жоқ, бірақ Қазақстанда тұрақты тұрып жатқан азаматтардың ай сайынғы табысынан 10 пайыз көлеміндегі міндетті төлемдері бар және жұмыс беруші төлейтін жұмысшылардың ай сайынғы табысынан 5 пайыз көлеміндегі міндетті зейнетақы төлемдерінен тұратын міндетті зейнетақы жинақтық жүйесі.



*автормен құрылған

Сурет 45 - ҚР қазіргі таңдағы зейнетақы жүйесі

Үшінші деңгей – ерікті зейнетақы салымдарына (ЕЗС) негізделген жинақтық жүйесі. ЕЗС көлемі, оларды төлеу тәртібі және ары қарай төлеу тәртібі ЕЗС есебінен зейнетақымен қамтамасыз ету келісімшартында екі жақтың келісімі бойынша анықталады.

2014ж. 1 қаңтарынан 1 қазан аралығында зейнетақы активтері бойынша табыстылық 4,7% құрады, бұл табыстылығы 2,2% болған 2013ж. қарағанда екі есе көп. Қазіргі таңда БЗЖҚ зейнетақы активтерінің көлемі 4 295 млрд теңгені құрап отыр.

2014ж. 6 мамырында бекітілген БЗЖҚ Инвестициялық декларациясына сәйкес, мемлекеттік қордың зейнетақы активтерін банктерге салым ретінде салу келесідей шарт сақталған жағдайда жүзеге асырылады: екінші деігейлі банктің меншікті капиталының көлемі барлық банктердің меншікті капиталының орташа мәнінен жоғары болған уақытта. Реттеушінің деректеріне сәйкес 2014ж. 1 қыркүйегіне сәйкес банктік сектор бойынша меншікті капиталдың көлемі 55,1 млрд теңгені құрайды. Әзірге жүйедегі меншікті капиталы орташа мәннен жоғары банктер саны көп емес. Реттеуші бекіткен деңгейге келесі банктер сәйкес келеді:

- «Халық банкі» меншікті капиталы 422,0 млрд теңге;
- «Казкоммерцбанк» - 345,8 млрд теңге;
- «БТА Банк» - 205,7 млрд теңге;
- «Сбербанк» ЕБ – 134,3 млрд теңге;
- KaspiBank – 100,8 млрд теңге,
- «Цеснабанк» – 99,9 млрд теңге,

- «Банк ЦентрКредит» – 88,2 млрд теңге,
- «АТФБанк» – 72,0 млрд теңге,
- «Евразийский банк» – 63,5 млрд теңге,
- «Ситибанк Казахстан» – 58,9 млрд теңге,
- «Темірбанк» – 57,6 млрд теңге.

2014ж. қорытындылары бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы 6,3% құрады, ал соңғы 4 жыл ішінде зейнетақы активтерінің жинақталуына дейінгі зейнетақы жүйесінің зейнетақы активтері бойынша орташа табыстылығы: 2010ж. – 4,4%, 2011ж. – 2,6, 2012ж. – 4,0, және 2013ж. – 2,2% құрады. 2015ж Ұлттық банктің негізгі міндеті зейнетақы активтерінің табыстылығы 7% дейін өсіру болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Бюджеттен тыс қорлардың әлеуметтік-экономикалық мәні неде?
2. Бюджеттен тыс қорлардың қызмет атқаруы қандай қайта бөлушілік процестерге әкеліп соғады?
3. Бюджеттен тыс қорлар қалай сыныпталады?
4. ҚР Ұлттық қорының рөлі және мақсаты қандай?
5. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының мақсаты қандай?
6. «Самұрық-Қазына» қорының функцияларын атаңыз.
7. Ұлттық инновациялық қордың негізгі мақсаттары.
8. Ұлттық инновациялық қордың негізгі даму бағыттары.
9. БЗЖҚ құру және қолдану тәртібін атаңыз.

11. Мемлекеттік несие

Ақшаны алу қайраттылықты қажет етеді, ақшаны сақтау парасаттылықты қажет етеді, ақшаны жұмсау өнерді қажет етеді.

Б.Авербах

11.1 Мемлекеттік несие қызметінің мәні және маңызы

Мемлекеттік несие - жалпы мемлекеттік қаржының басты буындарының бірі және кредиттік қатынастардың жиынтығы, бұл қатынастарда мемлекет кредитордың да, қарыз алушының да, гаранттың да рөлінде көрінуі мүмкін. Кредиттік қатынастарда тараптардың бірі мемлекет, ал заңды және жеке тұлғалар кредиторлар немесе қарыз алушылар болып табылады (сурет 46)*.



*автормен құрылған

Сурет 46 - Мемлекеттік несиенің мәні

Мемлекеттік кредиттің ерекшелігі қарызға берілген қаражаттардың қайтарымдылығында, мерзімділігінде және ақылығында. Алайда, бұл қатынастарды банк кредитімен шатастыруға болмайды.

Мемлекет пен муниципалдық құрылымдардың (жергілікті атқарушы органдардың) қарамағына елдің заңды және жеке тұлғаларының бос ақша

қаражаттары да, сонымен бірге, басқа елдердің (үкіметтердің, қаржы-кредит мекемелерінің) және халықаралық қаржы-кредит институттарының ресурстары да несиелер капиталы ретінде уақытша пайдалануға жұмылдыру үшін және бюджет тапшылығы проблемаларын шешу үшін тартылуы мүмкін. Оны алудың басты әдісі мемлекеттік кредит болып табылады.

6 кестеде бюджеттік шығындардың экономикалық сыныптамасына сәйкес мемлекеттік несиелердің құрылымы көрсетілген.

Кесте 6 - Бюджеттік шығындардың экономикалық сыныптамасына сәйкес мемлекеттік несиелердің құрылымы*

Несие беру	Несиені қайтару	Шетелдік мемлекеттердің үкіметтеріне несиелер беру	Сыйақыны төлеу
Ел ішінде несиелерді беру;	Ел ішінде берілген несиелерді қайтару;	Шетелдік мемлекеттер үкіметтеріне мемлекеттік несиелерді беру	Ел ішінде берілген несиелер бойынша
Басқа деңгейдегі бюджеттерге несиелер	Басқа деңгей бюджеттерімен берілген несиелерді қайтару		Басқа деңгейдегі бюджеттерге берілген несиелер бойынша
Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдарға несиелер	Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдармен қайтарылған несиелер	Шетелдік мемлекеттер үкіметтері мемлекеттік несиелерді қайтару	Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар несиелері бойынша
Қаржы ұйымдарына берілетін несиелер	Мемлекеттік қаржылық ұйымдармен қайтарылған несиелер	Шетелдік мемлекет үкіметтеріне берілген несиелер бойынша сыйақыларды төлеу	Қаржылық ұйымдар несиелері бойынша
Ел ішіндегі басқа да несиелер	Ел ішінде берілген басқа да несиелерді қайтару		Ел ішіндегі басқа несиелер бойынша.

*автормен құрылған

Мемлекеттік несиені қаржылық қатынастарға келесі негіздемелер бойынша кірістіріледі:

- Мемлекеттік несиелер жолымен жинақталатын қаражаттар әртүрлі қажеттіліктерді қаржыландыруға бағытталатын – өндірістік және өндірістік емес, стратегиялық және оперативтік мемлекеттің қаржылық ресурстары ретінде қарастырылады;


- Алынған және берілген несиелер бойынша есеп айырысулар, олар бойынша пайыздарды төлеу бюджеттік қаражаттар есебінен жүргізіледі – орталық (республикалық) үкіметтің қарыз алған уақытында, немесе жергілікті – жергілікті билік органдары қарыз алған жағдайда (сурет 47)*.



*автормен құрылған

Сурет 47 - Мемлекеттік несиенің сипаттамасы

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік несие 3 функцияны орындайды, олар қайта бөлушілік, реттеушілік, есептеу-бақылаушылық (сурет 48)*.



*автормен құрылған

Сурет 48 - Әлемдік тәжірибедегі мемлекеттік несиенің функциялары

Қазақстан Республикасында мемлекеттік несие 2 функцияны орындайды:

- қайта бөлу, бұнда мемлекеттік несие халықтың және кәсіпорындардың жинақтарын ұйымдастыру формасы болып табылады, ал екінші формасы мемлекеттік шығындарды қаржыландыру үшін бос ақша қаражаттарын жинақтауға мүдделі, халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында орналастырылатын мемлекеттік қарыздық облигацияларын, басқа да бағалы қағаз түрлерін (қазынашылық міндеттемелер, қазынашылық бондар, сертификаттар) шығару арқылы көрінеді;

- реттеушілік, бұнда мемлекет қарыз алушы, кредитор, кепілгер ретінде өз шығындарын өтеу көздерінің жеткіліктілігіне мүдделі.

11.2 Мемлекеттік несиенің түрлері, формалары және әдістері

Мемлекеттік несие түрлері бойынша *ішкі, сыртқы, шартты болып ажыратылады.*

- *ішкі* несиеде мемлекеттік-несиелік қатынастар жан-жақты тұрғыда - қарыз алушылар ретінде де, сондай-ақ несиелорлар ретінде де елдегі үкіметтің, биліктің жергілікті органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың арасында пайда болады.

- *сыртқы* (халықаралық) несиеде қатынастарға бір жағынан, үкімет, биліктің жергілікті органдарды, басқа жағынан басқа мемлекеттердің үкіметтері, банктері, компаниялары, сондай-ақ халықаралық қаржы-банк ұйымдары араласады. Несие беруші тарап мемлекет-донор немесе ұйым-донор, ал несие алушы ел реципиент-ел деп аталады.

- *шартты* мемлекеттік несие отандық қарыз алушылар: кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар, жергілікті билік органдары алған қарыздарына басқа

елдердің несиеорларына берілген кепілдіктер мен кепілгерліктер бойынша үкіметтің міндеттемелері ретінде болады. Қарыз шарттары орындалмаған жағдайда үкімет отандық қарыз алушының уақыты келген міндеттемелері бойынша жауап береді - қарыз алушының мүлкінен немесе басқа активтерінен бюджеттік қаражаттар есебінен қарыздың сомасын төлейді.


Мемлекеттік несие түрлерінің құрылымы және қарыз алушы түрі бойынша сыныпталуы 7 кестеде көрсетілген.*

Кесте 7 - Мемлекеттік несие түрлерінің құрылымы және қарыз алушы түрі бойынша сыныпталуы

Қарыз алушының түрі	Несиенің мақсаты	Несие түрі	Өтеу	Өтеу көздері
Өнеркәсіп салалары	- жаңа өндірісті құру бойынша жобаны іске асыру; - қазіргі таңдағы өндірісті жетілдіру; - меншікті айналым қаражаттарын толықтыру.	-меншікті айналым қаражаттарын толықтыру; - директивті	кезеңдік	Жобаны іске асырудан түсетін табыс.
Шағын және орта кәсіпкерлік	- жаңа жұмыс орындарын құру; - өнімді өндіру; - өндірісті кеңейту. - аграрлы өнімді қайта өңдеу.	-микрокредиттеу; - кредиттік желі.	- бір реттік; - кредиттік желінің түрі бойынша кезеңдік.	Өнімді (жұмыс, қызметтерді) өткізуден, мүлкті сатудан, қарыз алушының басқа көздерден алатын табысы
Жергілікті бюджет	- аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру; - кассалық айырманы жабу.	-республика ішілік есепке алу нәтижелері бойынша; - директивті.	кезеңдік	Болашақ төлемдердің ағыны.
Жеке тұлғалар	- кәсіби білімді төлеу; - азық-түлік, өмір сүру және оқулықтарды сатып алу шығындарының бір бөлігін өтеу.	-мемлекеттік білім беру; -мемлекеттік студенттік несие.	кезеңдік	Еңбекақы және қарыз алушының басқа да табыстары.

*автормен құрылған


Мемлекеттік несиенің түрлері 49 суретте көрсетілген*.



*автормен құрылған

Сурет 49 - Мемлекеттік несиенің түрлері

Мемлекеттік несиелер *беру сипаты бойынша* 2 түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы (сурет 50)*.



*автормен құрылған

Сурет 50 - Мемлекеттік несие түрлерінің сыныпталуы

Банктік жүйеде жинақталатын халықтың салымдары мен мерзімді депозиттері мемлекетпен орталықтандырылған қаржылық ресурс ретінде қолданылуы мүмкін, олардың есебінен экономикаға банктерден қайтарыдылық негізде әртүрлі несиелер беріледі және осы жерде несиенің екі формасының *мемлекеттік және банктік* бірігуі жүргізіледі. халықтың, кәсіпорынның, банктердің қаржылық ресурстарын мемлекеттің қажеттіліктеріне жұмылдыру үшін төмендегідей *сыныпталатын* мемлекеттік қарыздар шығарылады:

- *Өтеу мерзімі бойынша* – қысқа мерзімді (бір жылға дейін), орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары);

- *Орналасыру орны бойынша* – ішкі (ішкі қарыздардың облигацияларын шетелдік азаматтар және қоғамдар сатып алады) және сыртқы;

- *Орналасыру әдісі бойынша* – еркін айналыстағы, жазбамен және мәжбүрлі;

- *Табыс түрі бойынша* – пайыздық, ұтыстық, лотореялық.


Елде шығарылатын *қарыздар* эмитенті бойынша бөлінеді – орталық үкіметтің қарыздары және жергілікті билік органдарының қарыздары (сурет 51)*.



*автормен құрылған

Сурет 51 - Мемлекеттік қарыздың қағидалары, мәні және мағынасы

Қарыздар өтеу мерзімі, орны, орналастыру тәртібі, қарыз валютасы, эмитенттері, табыстылық түрлері бойынша бөлінеді (сурет 52)*.



*автормен құрылған

Сурет 52 - Мемлекеттік қарыздардың сыныпталуы

Мемлекеттік несиенің нысандары төмендегілер болып табылады:

- мемлекеттік қарыздар шығару;
- коммерциялық банктердегі халықтың салымдарының бір бөлігін мемлекеттік қарыздарға айналдыру;

- қазынашылық несиелер.

Мемлекеттік несиетің негізгі нысаны несиетік қатынастарды білдіретін мемлекеттік қарыздар болып табылады, бұл қатынастарда мемлекет негізінен қарыз алушы ретінде болады.

Мемлекеттік қарыздар, әдеттегідей, ақшалай нысанда шығарылады, бірақ қажет болғанда олардың заттай нысаны да болады. Эмитентке қарай қарыздар орталық үкіметтің қарыздарына және биліктің жергілікті органдарының қарыздарына(муниципалдық қарыздарға) ажыратылады.

Табыстылық түрлері бойынша қарыздар қарыз иелері жыл сайын тең үлеспен бекітілген мөлшерлеме бойынша тұрлаулы табыс алатын пайыздық, ұтыстық (табыс облигациялардың өтеу тиражы немесе ұтыс тиражы шыққанда төленеді) қарыздар болуы мүмкін.

Елдің қарыз алушы-резиденті одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Үкіметтің берешекті толық немесе ішінара өтеуге қарыз берушінің алдындағы міндеттемесі осы елден мемлекеттік (үкіметтік, егеменді) кепілдігі (мемлекеттік кепілдік) болып табылады.

Мемлекеттік кепілдіктер қарыз берушілерге осы ел резиденттерінің өздері алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуі ретінде беріледі.

Үкіметтің кепілгерлік шартына сәйкес концессиялық шарт шеңберінде тартылған, қарыз бойынша қарыз беруші алдындағы қарыз алушының борышын толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі мемлекет кепілгерлігі болып табылады.

Кепілгерлік бойынша міндеттемелер қарыздың негізгі сомасын және ол бойынша сыйақыны кіріктіреді. Сөйтіп, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздық қаражаттар. Концессия объектілерін құруға ғана пайдаланылады.

Мемлекеттік кепілдік және кепілгерлік бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші арасында жазбаша келісімшарт жасасу арқылы беріледі.

Мемлекеттік несиетің әдістері сан алуан және баяндалған нысандарға сай келеді. Мемлекеттік қарыздарда - бұл қаражаттарды тартудың және оларды кейін қайтарудың амалдары, тәсілдері. Олар қарыздарды шығарудың келісімшарттарымен анықталады: табыстылықты анықтаудың және табыс алудың әдістерімен, іс- қимылдың мерзімімен, орналастыру амалдарымен(облигацияларды, боналарды еркін сатып алу және сату, жазылу, мәжбүрлеме орналастыру), өтеу амалымен (облигациялар бойынша ұтыстар, қордаланған пайыздық кірісі бар облигацияларды төлеп сатып алу, мерзімсіз қарыздарда - пайыздық кірісті кезендік төлеу). Қарыздардағы әдістерге сондай-ақ мемлекеттік борышты басқару әдістері де жатады.

11.3 ҚР мемлекеттік несиелеуді жетілдіру

Орта мерзімді болашаққа *мемлекеттік несиелеудің мақсаты* экспортқа бағытталған және бәсекеге қабілетті экономиканы құруға бағытталған бәсекелестік ортаны құру және дамыту, сонымен қоса адами капиталды дамыту болып табылады.

Экономиканы әртараптандыру және ұзақ мерзімде сервистік-технологиялық экономикаға көшу арқылы *елдің тұрақты дамуына* қол жеткізу үшін экономиканың шикізаттық емес салаларына инвестицияларды активизациялау мақсатымен мемлекеттік даму институттары құрылған болатын: Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстанның инвестициялық қоры, Ұлттық инновациялық қор, Экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы.


Қаржылық ұйымдарды мемлекеттік несиелеуді жетілдіру мақсатында, нақты қаржылық ұйымды дамытуға несиелік ресурстарды несиелеу арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар аталған қаражаттарды қолдану мақсаттары мен бағыттарын анықтап алады.

Бюджеттік қаражаттарды қолдану бағыттарының бірі *лизинг*. Лизинг елдің индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында жалпы несиелеу жүйесінің басты элементтері ретінде қаржылық лизингті тиімді дамытуға мүмкіндік беретін қажетті оңтайлы шаралар шеңберін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда *қаржылық лизинг* экономикалық айналымда техника және қондырғыларды кең қолдануға мүмкіндік береді және осы қатынастардың барлық субъектілер үшін тиімді инвестициялық мүмкіндіктерді береді. *Лизингті қолдану тиімділігі* бүгінгі таңда инвестициялық, салықтық және амортизациялық жеңілдіктерді құруда көрінетін мемлекеттік қолдаумен өседі.

Қазақстандағы мемлекеттік несиелендірудің басқа мәселесі, ҚР Үкіметімен уәкілденген мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдері мен мемлекеттік органдар уәкілденген әкімдері мемлекеттік несиелендіру процесін *жаппай бақылау* жүргізеді. Бұл жағдайлар осы органдардың қызметтерінде қайталану және паралельдік элементтерінің нығаюына әкеліп соғады, бұл қаржылық бақылау органдарының қызмет атқару тиімділігіне жалпы әсерін тигізеді.

53 суретте көрініп отырғандай, ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері республикалық бюджетке қатынас бойынша ішкі бақылау органы және жергілікті бюджеттерге қатынасы бойынша сыртқы бақылау органы ретінде көрінеді, бөл Лимдік декларация талаптарына қайшы келеді, себебі ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті негізінен ішкі ведомствалық бақылауды жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігінің ішкі бақылау қызметі болып табылады. Дәл осындай жағдай ҚР Қазынашылық жүйесінде де орын алып отыр*.



*автормен құрылған

Сурет 53 - Қаржылық бақылау органдарының қызмет атқару механизмі

ҚР Қазынашылық органдары мен мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері жалпы бюджеттің орындалу процесінде және жеке бюджеттік несиелеу процесінде ағымдағы бақылау жүргізеді (кесте 8)*.

Кесте 8 – Мемлекеттік несиелеуді жүзеге асыруды қаржылық бақылау жүргізу сызбасы


Атауы	Алдына ала бақылау	Ағымдағы бақылау	Қорытынды бақылау
Бақылау жүргізуші органдар	1.Бюджеттік комиссия 2.ҚР Үкіметі	1.ҚМ Қазынашылық комитеті 2.Мемлекеттік органдарды ішкі бақылау қызметі	1. Сыртқы бақылау. Есеп комитеті, маслихаттың ревизиялық комиссиялары; 2.Ішкі бақылау. Үкіметпен, әкімшіліктермен уәкілденген мемлекеттік органдар
Бақылау құралдары	1.Мемлекеттік және салалық бағдарламалар; 2.Бірыңғай сыныптама бойынша бекітілген бюджеттік бағдарламалар	Бюджеттік бағдарламалар төлқұжаттарын бекіту	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау-ревизиялық шараларының жоспары
Бақылау қорытындылары	1.мемлекеттік және салалық бағдарламаларды бекіту 2. Жобаны келесі жылға дайындау	Қазынашылық рұқсаттарды қатаң түрде бюджеттік бағдарлама төлқұжаттарына сәйкес беру	Актілер, келісімдер, үкімдер

*автормен құрылған

Кірістер түспеген немесе жеткіліксіз түскен кезде қарастырылған шараларды бюджеттен қаржыландыру кезінде ақшалай ресурстардағы қысқа мерзімді қажеттіліктерді жабу үшін несиенің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (МҚМ) сияқты нысаны пайдаланылады. МҚМ қағазсыз (заттандырылмаған) нысанда заңды тұлғаларға - коммерциялық банктерге,

кәсіпорындарға, фирмаларға арналып үш, алты, тоғыз, он екі ай мерзімге шығарылады. Ұстаушылар арасында МҚМ-ді орналастыру аукциондық саудасаттықта жүргізіледі, онда міндеттемелердің кезекті шығарылымының дисконтталған бағасы белгіленеді. Айналыс мерзімі өткеннен кейін Қаржы министрлігі оларды көрсетулі құны бойынша сатып алады, бұл бағалы қағаздың атаулы (номиналды) құны мен дисконттық бағасы арасындағы айырма инвестордың табысын құрайды.

Мемлекеттік несиелендіру процесін жүзеге асыруды мемлекеттік қаржылық бақылаудың келешек моделі 54 суретте көрсетілген*.



*автормен құрылған

Сурет 54 - Мемлекеттік несиелендіру процесін жүзеге асыруды мемлекеттік қаржылық бақылаудың келешек моделі

Көрсетілген мемлекеттік қаржылық бақылаудың органдар жүйесінің ұйымдастыру құрылымының құрылуы оның толықтылығын және жүйелігін, қызметтер салаларын анық шектеуді, оның барлық органдарының тиімді және үйлестірілген жұмысын қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін ұйымдастырудың бұндай тәжірибесі ақталғандығын көрсетеді:

- Лимдік декларация талаптарына сәйкес жергілікті бюджеттердің орындалуына ішкі және сыртқы бақылау жүргізетін мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін анық шектеу;

- жергілікті бюджеттердің орындалуына сыртқы бақылау жүргізетін және олардың институционалды нығаюына қажетті шараларды қабылдайтын органдар ретінде маслихаттардың ревизиялық комиссия статусын анықтау;

- мемлекеттік қаржы саласындағы барлық бақылаушы органдарды үйлестіру және қарым-қатынас механизмдерін заңды түрде бекіту;

- бақылау шаралары қорытындылары бойынша Есеп комитетімен және ревизиялық комиссиялармен қабылданатын шешімдерді жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру;
- бюджеттің орындалуы үшін бақылау шараларын жүргізу туралы ақпараттың жарялылығын және қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдарды ішкі бақылау қызметінің әлеуетін күшейту.

Бақылау сұрақтары:

1. Неліктен мемлекеттік-несиелік қатынастар қаржылық қатынастар қатарына жатады?
2. Мемлекетте қандай несиелік қатынастар орын алады?
3. Мемлекеттік несиенің функцияларын сипаттаңыз.
4. Мемлекеттік несиенің сыныпталу жүйесін атаңыз.
5. Мемлекеттік несиенің формаларын атаңыз және олардың қысқаша сипаттамасын айтып беріңіз.
6. Мемлекеттік-несиелік қатынастарда қандай әдістер қолданылады?
7. Халықаралық мемлекеттік несиенің қажеттілігін қандай факторлар анықтайды?
8. Мемлекеттік несие түрлерінің сыныптамалық белгілерін атаңыз.
9. Мемлекеттік қарыздың сыныптамалық белгілерін сипаттаңыз.
10. Мемлекеттік несиені беру әдістерін сипаттаңыз.
11. Мемлекеттік несиелеуді жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңыз.


12. Мемлекеттік қарыз

Қарыздар орға ұқсайды: оған түсу оңай, бірақ одан шығу қиын.

Джордж Бернард Шоу

12.1 Мемлекеттік қарыз түсінігі, оның түрлері

Мемлекеттік қарыз – берілген және өтелмеген мемлекеттік қарыздар және олар бойынша есептелген пайыздар сомасы. Қарыз валютасын орналастыру нарығына және басқа да сипаттамалар бойынша мемлекеттік қарыз 55 суретте көрсетілген түрлерге бөлінеді*.



*автормен құрылған

Сурет 55 - Мемлекеттік қарыздың негізгі түрлері


Мемлекеттік қарыз - мемлекеттің өтелмеген қарыздары, міндеттемелері, несиелері және оларға байланысты төленбеген пайыздары бойынша берешегінің жалпы сомасы. Тағы бір анықтамасы - мемлекеттің үкімет немесе орталық (ұлттық) банк арқылы жүргізетін қарыздарлық қатынасы. Бұл - басқа мекемелерден, елдерден мемлекеттік бюджеттің дефицитін жабу үшін алынатын қарыз. Барлық елдер экономикалық саясатты жүзеге асыру тетіктерінің бір ретінде мемлекеттік қарызды пайдаланады. Мемлекеттік борыш бір жағынан, экономикаға ауыртпалық түсіреді және экономикалық жағдаяттың нашарлауына байланысты өсе түседі. Екінші жағынан, Мемлекеттік борыш пен

бюджеттен қаржыландыру экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді құралы. Ол ақша айналысына, тұтыну, жинақ ақша, инвестиция деңгейіне тұрақтандырушы ретінде де, тұрақсыздандырушы ретінде де әсер етуі ықтимал, яғни экономикалық өсуге серпін беруі де, оны тежеуі де мүмкін. Несие қаражатының қайдан алынғанына қарай Мемлекеттік борыш ішкі және сыртқы борыштарға бөлінеді.

Ішкі мемлекеттік борыш - Үкіметтің, Ұлттық банктің және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы ішкі мемлекеттік қарыздары мен басқа борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі.

Сыртқы мемлекеттік борыш - Үкімет пен Ұлттық банктің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы сыртқы мемлекеттік қарыздары мен басқа борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі

Мемлекеттік қарыздың өсу және орын алу себебі мемлекеттік бюджеттің үнемі дефициті болып табылады (сурет 56)*.



*Мельников В.Д. оқу құралы бойынша автормен құрылған

Сурет 56 - Мемлекеттік қарыздың себеп-салдарлық байланысы

Мемлекеттік несие қызметінің нәтижесінде мемлекеттік борыш түзіледі. Мемлекеттік борыш - бұл алынған (игерілген) және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың, белгілі бір күнге, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы (олар бойынша есептелген пайыздарды қоса). Мемлекеттік борыш ұлғаймалы ұдайы өндірісті және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақшалай ресурстарды тарту нысандарының бірі ретінде мемлекеттік қарыздарды пайдаланудан туады. Мемлекеттік борышты мемлекет мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен өтейді. Орналастыру рыногына, қарыз валютасына және басқа сипаттамаларына қарай мемлекеттік борыш ішкі және сыртқы мемлекеттік борыш болып бөлінеді.

Сонымен қатар күрделі және ағымдағы мемлекеттік борыштарды ажыратады.

Күрделі мемлекеттік борыш деп мемлекеттің шығарылған және өтелмеген борышқорлық міндеттемелерінің бүкіл сомасын (бұл міндеттемелер бойынша есептелген пайыздарды қоса айтады.

Ағымдағы борыш - бұл мемлекеттің барлық борышқорлық міндеттемелері бойынша несиеорларға табыс төлеу және мерзімі келген міндеттемелерді өтеу жөніндегі шығыстар.

Мемлекет кепілдендірген борыш - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар белгілі бір күнге алынған және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

Мемлекеттік борыш «ұлттың өзіне өзінің қарызы» ретінде қаралады және ұлттың жиынтық байлығының жалпы мөлшеріне әсер етпейді. Ішкі борышты басқару жөніндегі пайыздарды төлеу қажеттігі түріндегі оның белгілі бір теріс зардаптары инвестицияларға немесе елдің экономикасын дамытуға қосымша қаржылық ресурстарды жұмылдырудан болатын оңтайлы нәтижелермен жабылады. Ішкі борыштың өсуі кезінде ұлттық табыс пен байлық кемімейді, мұның өзі, әрине, табыстардың қайта бөлінісімен байланысты болатын бірқатар келеңсіз салдарларды жоққа шығармайды, олар мынаған саяды:

1. Берешекті өтеу мен пайыздарды төлеу бюджет қаражаттары есебінен, яғни салық төлеушілер есебінен жүргізіледі, сөйтіп, табыстар мемлекеттік бағалы қағаздар иелеріне, әдеттегідей, қоғамның дәулетті жіктеріне ағылады.

2. Салықтарды көбейту жолымен мемлекеттік борышты азайту жөніндегі мемлекеттің іс- қимылы кезінде макроэкономикалық тәуекелдер қосылады, жиынтық сұранымның қысқаруы тепе-тең таза ұлттық өнімнің азаюына ұрындырады, кәсіпкерлер тарапынан қаражаттардың жұмсалымына деген ынталандырмалары төмендейді, экономикаға қаражаттарды инвестициялау қысқарады.

3. Жекеше кәсіпкерлердің «инвестицияларын ығыстыру» нәтижесі іс- әрекет етеді. Бұл құбылыс мынадан туып отыр. Мемлекет бюджет тапшылығын немесе борышты жабу мақсатымен несие рыногына шыға отырып, ақша рыногында бәсекені күшейтеді, мұның нәтижесінде ақшалай капиталдың пайыздық мөлшерлемелері артады.

12.2 Мемлекеттік қарызды басқару

Мемлекеттік борышты басқару - мемлекеттің өзі және оның кепілдігімен алынған борышқа қызмет көрсету, оны жоспарлы өтеу, жаңа қарыздарды тарту мен жүзеге асырудың шарттарын жасау жөніндегі мемлекет шараларының бүкіл спектрі; мемлекеттің оған уәкілетті органдары арқылы ұтымды және тиімді қарыз алуды қамтамасыз ету және мемлекеттік несиеге қызмет көрсетудің құнын оңтайландыру жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік борышты басқарудың нақтылы үдерісі:

1. Алдағы жоспарлы кезеңге арналған мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыз алу мен борыштың, мемлекет кепілгерлігі бойынша

борыштың жай-күйі мен болжамын онда оған сәйкес үкіметтік борышты және жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу және қызмет көрсету көлемдері, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерлігін ұсынудың лимиттері белгіленетін көрсеткіштерді айқындай отырып жыл сайынғы бағалауды кіріктіреді;

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін тәртіппен үкіметтік борыш лимитін және жергілікті атқарушы органның борышын, мемлекеттік кепілдіктер және мемлекет кепілгерлігін беру лимиттерін айқындауын;

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандары мен шарттарын, үкіметтік борышты өтеу мен қызмет көрсету көлемдерін айқындауын;

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік қарыздарды және мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты талаптарды тіркеуін, мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік борышты, мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет кепілгерлігі бойынша борышты алу, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету мониторингін, сондай-ақ оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты туындаған мемлекет талаптарын жүзеге асыруын;

5) Борыш құрылымын оңтайландыру жөніндегі, соның ішінде борышты мерзімінен бұрын өтеу, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды эмитенттің сатып алуы мен сатуы, мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген борышты, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борышты қайта құрылымдау, борышты қайта қаржыландыру, мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыз алу мен борыш, мемлекет кепілгерлігі борыш және мемлекеттің алдындағы борыш тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар дайындап, іске асыруын;

Мемлекеттік қарызды басқару қайта қаржыландыру, аудару, біріздендірі, облигацияларды айырбастау, қарызды өтеу мерзімін ұлғайту, мемлекеттік қарыздан бас тарту (жою) сияқты әдістерді қосады (сурет 57).*

Экономиканы және мемлекетті басқарудың қазіргі деңгейі үкіметтен негізсіз мемлекеттік қарызыдың, оның ішінде сыртқы қарыздың өсуіне жол бермейтін тиімді шараларды қабылдауды қажет етеді.

2014ж. қыркүйек айының соңындағы шетел валютасындағы сыртқы қарыздың жалпы көлемі 135,7 млрд долларды құрады. Оның құрылымында 129,3 млрд доллар (95,3%) америкалық валютамен берілсе, қарыздың шамамен 1,9% (доллармен санағанда 2,5 млрд) еуромен берілген. Шетелдік валютадағы сыртқы қарыздың аз бөлігі жапондық йенамен, ағылшын фунт стерлигі, ресейлік рубльмен, швейцарлық франкпен, кувейттік динармен, Сауд Арабиясының риялымен, Қытай юанімен берілген.

Мемлекеттік борышты басқару мемлекеттің оған уәкілетті органдары арқылы ұтымды және тиімді қарыз алуды қамтамасыз ету және мемлекеттік несиеге қызмет көрсетудің құнын оңтайландыру жөніндегі қызметі; ол болашақта төлем балансының макроэкономикалық қиындықтары мен мәселелерін болдырмау мақсатымен жүзеге асырылады.

Қайта қаржыландыру – қазіргі таңда бар мемлекеттік қарызды жаңа қарызды шығару арқылы өтеу, бұл жағдайда жаңа қарыз облигациялары бұрын шығарылған облигациялардың орнына бірдей баға қатынасында, курстық айырманы есепке алмай айырбасталады.

Конверсия – бұрын шығарылған қарыздың табыстылық шарттарын өсу жағына да төмендету жағына да өзгерту (мемлекет қарыз бойынша шығындардың көлемді болған жағдайында немесе инфляция болған жағдайда немесе халықтың қарыздық облигацияларды сатып алуға қызығушылығын нығайту үшін қолданылады).

Топтастыру – қарыздарды мерзімі бойынша, оларды ұзартумен немесе қысқартумен байланысты бастапқы шарттарын өзгерту

Біріздендіру – бірнеше қарыздарды біреуіне топтастыру, бұл сыртқы қарызды басқаруды жеңілдетеді.

Регрессивті қатынас бойынша облигацияларды айырбастау – ұлттық валютаның дефляциясы кезінде жүргізіледі (мемлекетке қарыздар бойынша «үлкен ақшалармен» есеп айырысу тиімсіз)

Мемлекеттік қарызды өтеуден бас тарту – елдегі саяси тәртіп өзгерген жағдайда және жаңа үкіметтің ескі міндеттемелерді олардың дұрыс еместігі себебінен өтеуден бас тарту кезінде орын алады (елдің банкроттылығы слдарынан болуы мүмкін).

*автормен құрылған

Сурет 57 - Мемлекеттік қарызды басқару әдістері

Бір жыл ішінде Қазақстанның жалпы сыртқы қарызы 4,8% өсті. 2013ж. қыркүйек айының соңында қарыз 148,0 млрд доллардан аспаса, 2014ж. қыркүйегінде қарыз 155,1 млрд долларды құрады. Қаражаттың 87% астамын Қазақстан шетелдік валютада алған. Мемлекеттік қарыздың өсуі және табыстың төмендеуі әсерінен 2015ж. республикалық бюджеттің шығындары бекітілген көлемінен 610,7 млрд теңгеге азайып 7244,5 млрд теңгені құрайды. Қысқартуларды көп көлемдері келесі белгілер бойынша жүргізілуде:

- ҚР Ұлттық экономика министрлігіне – 168,4 млрд теңгеге, сонымен қоса басқа бағдарламалар бойынша шығындар ҚР Ұлттық қорының мақсатты трансферттері есебінен – 40,5 млрд теңгеге ұлғайтылды;

- ҚР Қаржы министрлігінің шығындары 128,7 млрд теңгеге қысқартылған, азаматтық қызметкерлердің еңбегін өтеудің жаңа моделіне, әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер еңбекақы деңгейін көтеруге, аналитикалық зерттеулерді өткізуге, пайыздық сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және «Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасының» қатысушыларын жандандыру жоспарын іске асыру мониторингі, материалды-техникалық қамсыздандыруға бағытталған;

- ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің шығындары 112,9 млрд теңгеге қысқартылған;

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің шығындары жалпы алғанда 97,8 млрд теңгеге қысқартылды;

- ҚР Инвестиция және даму министрлігі шығындарын 70,9 млрд теңгеге қысқартты;

ҚР Ішкі істер министрлігі – жалпы алғанда 52,2 млрд теңгеге.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік қарыз түсінігін түсіндіріңіз.
2. Ішкі мемлекеттік қарыздың негізгі мәселесі қандай?
3. Қазақстандағы ішкі мемлекеттік қарыздың негізгі формалары қандай?
4. Мемлекеттік қарызды басқарудың негезгі әдістері.
5. Сыртқы мемлекеттік қарыздың негізгі мәселелерін атаңыз.

13. Қаржы нарығы

Қаржылық нарықтар болашақты дұрыс ескере алмайды – олар болашақты мүлдем ескермейді, олар оны құруға көмектеседі.

Джордж Сорос

3.1 Мемлекеттік қаржыны бөлу және жұмылдырудағы қаржы нарығының рөлі және маңызы

Қаржылық нарық әртүрлі формадағы ақша капиталының және бағалы қағаздардың қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастарды құрайды. Ол нарықтық қатынастар жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады және тауарлық және басқа да нарықтармен байланыста: жер, табиғи ресурстар, жұмыс күші, тұрғын үй және басқа да жылжымайтын мүлік, сақтандыру, валюталық, технологиялар, алтын және т.б. нарықтар. *Қаржы нарығына* ақша, несиелік, валюталық нарықтар, және де капиталдар нарығы кіреді, бұл әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді (сурет 58)*.



*автормен құрылған

Сурет 58 - Қаржы нарығының мәні және мағынасы

Нарықтың барлық түрлерінің байланысы қаржылық нарықтың қызмет атқару шарттарын айқындайды:

- реттелген тауар нарығының болуы (кез-келген түр және мақсаттағы тауарлар мен қызметтер бойынша сұраныс мен ұсыныстың теңдігі);
- Ұлттық банк тарапынан ақша айналымын реттеу (қолма қол және қолма қолсыз айналым бойынша эмиссияны бақылау);
- несиелік нарығын жандандыру, оның толық коммерциализациясы (несиелік ресурстарды бос нарықта орналастыру);
- несиелік ресурстарының қозғалысы Ұлттық банктің пайыздың есеп мөлшерлемесін, коммерциялық банктердің міндетті резервтер нормасын

орнату, ашық ақша нарығында операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық нарықтың қызмет атқаруының алғы шарты:

- материалдық өндіріс саласының алғашқы шаруашылық буындарының кең дербестігі – барлық меншік түріндегі кәсіпорындар, оның ішінде мемлекеттік сектордың да, бәсекелестікті дамыту және монополизмді шектеу мақсатымен жүзеге асырылады;

- қаржылық ресурстарды бөлуде мемлекеттің рөлін азайту: өндірістік капиталдық салымдарды орталықтандырылған қаржыландыруды, кәсіпорындар арасында қаражаттардың бөлімдер арасында бөлінуін азайту;

- бағалы қағаздарға және басқа да активтерге инвестициялануы мүмкін шаруашылық субъектілерінің және халықтың ақшалай кірістерінің өсімі;

- бюджет тапшылығын қаржыландыруға қарыз қорын қолдануды тоқтату, республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығы облигациялар және басқа да міндеттемелер айналымы бар мемлекеттік қарыздарды шығару арқылы жабылады.

Қаржы нарығының маңызы бос ақша қаражаттарын жинап алу (ерікті түрде) және оларды қайта бөлу арқылы өндірістік процеске ықпалымен ғана анықталмайды. Оның қызмет атқаруы ресурстарды «көлденеңінен» қайта бөлуге мүмкіндік береді, яғни көлденең қозғалыс уақытында шаруашылық субъектілері арасында қаржылық ресурстарды қайтарымды түрдегі тікелей байланыстар қолданылады. Бұл кәсіпорындардың және қаражаттарды қолданудың тиімділігі қағидасына негізделіп ақша қаражаты қажет салаларға жылдам қаражат аудару есебінен экономиканың да қаржылық жағдайын тұрақтандырады.


Қаржы нарығы бағалы қағаздарға баға белгілеу арқылы бизнестің нақты құнын бағалауға мүмкіндік береді: жоғары баға белгіленімі тиімді жұмыс атқарып жатқан шаруашылық субъектілерінде болады.

Қаржы нарығының болуы инфляцияны тежейді, себебі үкімет бюджет тапшылығын жабу үшін ақша эмиссиясын қолданбай, нарықта еркін қозғалатын және бағалары сұраныс пен қамтамасыз етілумен анықталатын бағалы қағаздарды шығарады.

Қаржы нарығының жандануы корпоративті бағалы қағаздарды – экономиканың шынайы секторы кәсіпорындарының акциялары мен облигацияларын шығаруды және айналысты жандандыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13.2 Бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздардың (ары қарай БҚ) қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастар. БҚН мәні мен мағынасы және бағалы қағаздардың сыныпталуы, 59 суретте көрсетілген*.



*автормен құрылған

Сурет 59 - БҚН маңызы мән мәні

БҚН сонымен қоса қор нарығы деп те аталады, себебі БҚ және туынды БҚ қор құндылықтарының айналысымен байланысты.

«Қор нарығы» термині бастапқыда БҚ келісімдері жүзеге асырылған және ресімделген мекеменің атауымен байланысты – қор биржасы.

Бағалы қағаздар нарығы – құнды қағаздарды шығару, айналысқа жіберу, ұнды қағаздар нарығын құру және сол бойынша кәсіпқой қатысушылардың қызметі барысында туындайтын қатынастар жиынтығы.

Бағалы қағаздар - мүліктік құқықты куәландыратын, дивиденд және пайыз түрінде белгілі бір ақша сомасын алуға құқық беретін құжат.

Бағалы қағаздар түрлері: акциялар, обли-гациялар, мем-лекеттік қарыз-дық міндетте-мелер, банктер-дің депозиттік және жинақтық сертификаттары, Ұлттық ба-нктің қысқа ме-рзімді ноталары

Эмиссия - барлық нысандағы бағалы қағаздарды, ақша белгілерін, банк және қазынашылық билеттерін айналысқа шығару. Қолма-қол ақша және банк Эмиссиясын эмиссиялық банк (ұлттық, орталық банк) жүзеге асырады; депозиттік чек эмиссиясын коммерциялық банктер атқарады; бағалы қағаздар Эмиссиясын мемлекеттік акциондық қоғамдар орындайды.

БҚН инвестициялық делдалдар – БҚ эмитенттерден инвесторларға бірінші эмиссиясы кезінде де, оларды қайта сату кезінде де қозғалысын қамтамасыз ететін мамандандырылған ұйымдар – инвестициялық қорлар, коммерциялық қор биржалары, брокерлік және дилерлік кеңселер, консалтингтік фирмалар, БҚ сақтау бойынша мамандандырылған ұйымдар, БҚ ұстаушылар тізімін жүргізетін, БҚ операциялар бойынша өзара есеп айырысуын қамтамасыз ететін ұйымдар (депозитарий, кастодиумдар, клирингтік ұйымдар, тәуелсіз тіркеушілер).

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары – өз қызметін акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында лицензиясы бар заңды тұлға.

Бағалы қағаздар нарығының үлгілері: банктік емес, банктік және аралас. Қазақстанда БҚН делдалдар банктік емес компаниялар мен банктер бола алатын аралас үлгі қолданылады.

13.3 Қор биржасы, оның қызметін ұйымдастыру

Қор биржасы – негізгі қызметі БҚ айналысының қажетті шарттарын қамтамасыз ету, олардың нарықтық бағаларын анықтау және олар жайлы ақпаратты тарату болып табылатын ұйым болып табылады. Акционерлермен қарым-қатынасына байланысты инвестициялық қорлар келесідей бөлінеді:


- *өзара қорлар* – өздері шығарған акцияларды заңнамада бекітілген бағамен және шарттармен қор акционерлерінен сатып алуға міндетті *ашық инвестициялық қорлар*;

- *инвестициялық компаниялар* – өздері шығарған акцияларды қор акционерлерінен сатып алуға міндетті емес *жабық инвестициялық қорлар*.

ҚР қор нарығының индикаторлары 60 суретте келтірілген*.

Бірінші ретті нарық – БҚ сату арқылы капиталдарды жұмылдыру, оларды алғашқы рет орналастыру.

Екінші ретті нарық, бұрын шығарылған БҚ айналыста болатын нарық: қор биржасы, ұйымдастырылмаған (биржалық емес) нарық. *Қор биржасы* БҚ екінші ретті нарығының ұйымдастырушысы болып табылады. биржадан тыс нарық жаңа шығарылған БҚ қамтиды. Онда ең алдымен коммерциялық банк түріндегі ірі қаржы-несиелік институттар сипатындағы ұжымдық салымшы қызмет атқарады.



*автормен құрылған

Сурет 60 - Қор нарығының индикаторлары

Биржадан тыс нарықта көбінесе облигациялар орналастырылады. Биржада керісінше, БҚ ескі шығарылымдары көп сұранысқа ие, негізінен акционерлік қоғамдардың акциялары.

Қор биржасы бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын тұрақты нарық. Ол АҚ түрінде құрылады және Қазақстан заңнамасына сәйкес аз дегенде он мүшесі болады. Биржада айналысқа түсетін бағалы қағаздардың бағамы белгіленеді, бұл бағам түсетін кіріспен (дивиденд не пайыз түрінде), несие пайызының деңгейімен айқындалады. Қор биржасындағы операциялар ақша

капиталдарын тартуға, оларды өндірістің түрлі салалары арасында қайта бөлуге жәрдемдеседі.

Қор биржасының мүшелері: негізгі міндеттеріне БҚ-мен операциялар жүргізу кіретін инвестициялық институттар және де мемлекеттік атқарушы органдар болып табылады.

Қор биржасындағы операциялар тек олардың мүшелерімен жүзеге асырылады. Олардың тапсырмасы бойынша БҚ нақты сату-сатып алуды дилерлер мен брокерлер жүзеге асырады. *Брокер* - қор және тауар биржаларында тауар, валюта, құнды қағаздар, т.б. құндылықтарды сатушылар мен алушылар арасында мәміле жасасу кезінде арада жүретін ресми делдал. *Дилер* - лицензия бойынша дилерлік қызметті жүзеге асырады; тауарларды, бағалы қағаздарды, валютаны сатып алу-сату мәмілесі кезінде делдалдық міндеттерді жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

Қор биржасының қаржылық қызметі келесілердің есебінен жүзеге асырылады:

- қор биржасының, оның құрамына кіру құқығын беретін акциялары сату;
- қор биржасы мүшелерінің тұрақты мүшелік жарналары;
- биржада жүзеге асырылған барлық келісімдерден биржалық алымдар алу;
- биржа мүлігін қолдану;
- ақпараттық, кеңестік және басқа да қызметтер көрсеткені үшін қаражат, биржа қызметінің басқа да табыстары.

13.4 Қазіргі заман талаптары жағдайында бағалы қағаздар нарығының тұрақтылығын жоғарылату

ҚР қаржылық жүйесін дамыту Концепциясына сәйкес БҚН тұрақтылығын көтеру келесілерді қамтиды:

1. Таң қаларлық жағдайларды жоюдың *тиімді жүйесін құру* және бағалы қағаздар нарығындағы тәуекелдерді қысқарту және алдын алу бойынша шаралар. Ұйымдастырылған БҚН ары қарай дамуы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі болмай мүмкін емес. Есеп айырысу мерзімдері өтіп кеткен бағалы қағаздарды сату жүйесі (ары қарай - «Т+n» есеп айырысу жүйесі), саудасаттыққа тікелей қол жеткізу жүйесі және қашықтық мүшелік (шетелдік дилерлік және брокерлік ұйымдар үшін) мүмкіндіктермен қоса бағалы қағаздар нарығына қыр көрсетеді. Жартылай қамтамасыз етілген «Т+n» есеп айырысу жүйесінде келісімдер бойынша бір немесе бірнеше қатысушылардың есеп айырыспай қалу тәуекелі туындайды. Клирингтік ұйымның есеп айырысушыларды аяқтауға қол жеткізбеуі жағдайында «тізбекті реакция» түрлі эффектілері бағалы қағаздар нарығына және жалпы экономикаға жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған орай, жүйелі тәуекел болған жағдайда таң қаларлық жағдайды тиімді жою жүйесін құру үшін қорғаныстың бірнеше деңгейін енгізу қаралады:

- келісім негізі болып табылатын маржалық жарналардың көлемі бағалы қағаздар құбылмалылығына байланысты болатын несиелік тәуекел және

өтімділік тәуекелін жабу мақсатында қатысушылармен сақтауға берілетін *маржалық жарналар*;

- құрамына баға өзгерісі шектеуі және ашық позиция шектеуі кіретін *шектеулер жүйесі*;

- сауда-саттық қатысушылары жарналарының есебінен құрылатын және дефолт бола қалған жағдайда қаржыландыру көзі ретінде қолданылатын *кепілдік қорлар*;

- қор биржасының (клирингтік ұйымның) меншікті қаражаттары есебінен құрылатын *резервтік қор*.

Бұл Банктік қадағалаудың Базельдік комитетінің (ары қарай БҚБК) ұсыныстарын және бағалы қағаздар бойынша Халықаралық комиссиялар ұйымының тәуекелдерді басқарудың басқа да талаптары тұрғысындағы ұсыныстарын ескеруге тиіс брокерлік ұйымдарды пруденциалдық реттеу жүйесін қайта қарауды қажет етеді.

«Т+n» есеп айырысу жүйесін енгізу бағалы қағаздар нарығының қызметі туралы заңнамаға және де 2014-2015 жылдарға жоспарланып отырған азаматтық заңнамаға тиісті өзгертулерді егізу қажеттілігі туралы сұрақты қарауды қажет етеді.

Сонымен қоса, бағалы қағаздар нарығында келісілген келісімдер бойынша есеп айырысулардың аяқталғандығын кепілдендіру және де инвесторлар тарапынан, оның ішінде шетелдік инвесторлардың бағалы қағаздар нарығына сенімді қамтамасыз ету және бағалы қағаздар нарығының тиімді қызмет атқруы үшін сауда-саттық қатысушыларының құқықтарының теңдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Қазіргі таңда ҚР заңнамасы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орын алған бағалы қағаздармен жасалған келісімдер бойынша есеп айырысудың аяқталуына кепілдік бере алмайды. Осыған орай қазіргі таңда қор биржасындағы сауда-саттық қатысушыларының құқықтары мен мүдделері толық деңгейде қорғалмаған.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып ҚР бағалы қағаздар туралы заңнамасында есеп айырысуларды қаржылық құралдармен жүзеге асыру тәртібін анықтау дұрыстығы қарастырылады, бұл ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық қатысушыларының келісімдері бойынша есеп айырысулардың аяқталуына және қайтымсыздығына кепілдік береді және келісімдер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырмау жауапкершілігі орнатылады. Бір мезетте үшінші тұлғаларға егер келісім Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу арқылы жүзеге асырылып және нәтижесінде сол тұлғаларға залал келтірген жағдайда келісімшарт жақтарына үшінші тұлғаға немесе арыз берген кез келген тұлғаға өтемақы төлеу шараларын енгізу дұрыстығы қарастырылады.

Тәуекелдерді басқару процесінде қор биржасы, клирингтік ұйым, орталық депозитарий және тіркеуші сияқты бағалы қағаздар нарығының инфраструктуралық ұйымдары маңызды орын алады.

Мемлекеттік несие бюросы, бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші, Қазақстандық қор биржасы сияқты қаржы нарығының инфраструктуралық ұйымдары қатынасында *ҚР Ұлттық банкінің саясаты* келесілерге бағытталған:

- инфраструктуралық ұйымдар қызметінің әділ, үздіксіз, сапалығын қамтамасыз ету;

- зейнетақы активтерімен алаяқтық шаралардың алдын алу, қор нарығындағы асыра сілтеулікті, бағалы қағаз ұстаушыларын тіркеу құқықтары мәселелерінде құқық бұзушылықты жою;

- валюталық нарықтағы жағдайды бақылау және ақша нарығының мөлшерлемелерімен алыпсаталықты шектеу;

- несиелік тарихтің дұрыстығын, қарыз алушылар туралы дербес мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету.

2. Бағалы қағаздар нарығында *инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету*, және БҚН-ғы заңсыз әрекеттерге қарсы жұмыс жүргізу. Брокерлік ұйымдардың қызметтерін қолданатын инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында инвесторларға брокерлік ұйымдарда ашылған жеке шоттарында орналасқан оларға тиесілі қаржылық құралдар мен қаражаттардың қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты толық және тұрақты түрде ұсынуды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені қабыладанады. Аталған шаралар инвесторларға online режимінде брокердің олардың жеке шоттарында орындалатын операцияларды бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

FOREX нарығына қол жеткізу үшін реттелмейтін субъектілердің қызметтерін қолданумен байланысты шараларды реттеу үшін, брокерлік қызметке лицензиясы жоқ барлық субъектілерге қазақстандық инвесторларға осыған ұқсас қызметтерді көрсетуге тыйым салынады, сонымен қоса аталған шарттардың орындалуын қадағалау және бақылау күшейтіледі.

Қаржылық қызметтер нарығына деген ҚР Ұлттық банкінің саясатының ашықталығы үшін Ұлттық банк инфраструктуралық еншілес компаниялар аясында консультациялық кеңес құруды ұсынып отыр, олардың негізгі міндеттері еншілес ұйымдар қызметінің даму және тиімділік стратегиясы мәселелерін қарастыру, сонымен қоса олардың дамуын ынталандыратын шарттар құру үшін ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Қосымша ҚР Ұлттық банкі аталған ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамына Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілін қосуды ұсынып отыр.

Қор биржасы, орталық депозитарий, төлем жүйесі және тіркеуші сияқты *инфраструктуралық ұйымдар* бағалы қағаздар нарығындағы жүйе құрушы ұйымдар болып табылады. Қаржы құралдарымен жасалатын келісімдер қорытындылары бойынша клиринг және есептеулер жүргізу бөлімінде жүйе құрушы ұйымдар қызметін бақылау және қадағалауды реттеу жүйесі жетілдіріледі.

Сонымен қоса эмитенттердің *корпоративтік басқару және ақпаратты ашу* жүйесін ары қарай жетілдіруді жүзеге асыру қажет, және де эмитенттерді және олардың тәуекелдерді басқару жүйесінің ашықтағын көтеруге күш салу қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық нарықтың ерекшеліктері неде және оның басқа нарықтардан айырмашылығы қандай?
2. Қаржылық нарықтың қызмет атқаруының қандай алғышарттары бар?
3. ҚР қаржы нарығы қалай сыныпталады?
4. Қаржы нарығының мғынасы неде?
5. БҚН дегеніміз не?
6. БҚ қандай белгілерімен анықталады?
7. БҚ негізгі түрлерін қысқаша сипатап беріңіз.
8. Туынды БҚ дегеніміз не?
9. БҚ эмиссиясының мақсаттары қандай?
10. БҚН қатысушыларының құрамын атаңыз.
11. Инвестициялық қорлардың қызметі неде?
12. «БҚН инфрастр�урасы» түсінігі дегеніміз не, оның құрамы?
13. БҚН мемлекеттік реттеу қалай жүзеге асырылады?
14. Қор биржасы қандай қызмет атқарады?
15. Қор биржасының қаржылық қызметі неде?


14. Қаржы және сыртқы экономикалық қызмет

Сауда әлі еш бір халықты
құрдымға әкелмеді


Бенджамин Франклин

14.1 Сыртқы экономикалық қызмет түрлері, және олардың сипаттамасы

Сыртқы экономикалық байланыстарға келесілер жатады: сыртқы тсауда, шетелдік инвестициялау, халықаралық қаржы-несиелік ұйымдарға қатысу, ғылым, техника, мәдениет, туризм саласында ынтысақтастық, елшіліктерді, өкілдіктерді және шет елдегі басқа да ұжымды қамтамасыз ету бойынша есептеулер жүргізу (сурет 61 және 62)*.



Сурет 61 - Қазақстанның СЭҚ сипаттамасы



*автормен құрылған

Сурет 62 - СЭҚ мазмұны

ҚР СЭҚ маңызды аспектісі - республика экономикасын тұрақтандыру үшін шетелдік несиелерді тарту және шетелдік инвесторлардың қатысуы. Бұл қаражаттар халықтық шаруашылық құрылымын жетілдірудің басымдылыққа ие тапсырмаларын шешуге, нарықты тұтынушылық тауарлармен толтыру және экспорттық потенциалды кеңейтуге тиімді және мақсатты қолданылуы тиіс. Шетелдік капитал несие, ресми көмек, әртүрлі инвестициялар формасында келіп түседі.

СЭҚ стратегиялық бағыты – ұлттық валютаны күшейтудің деңгей сайынғы шараларын әзірлеу және енгізу және валюталық нарықты дамыту. Валютаның нарықтық курсы экспорттық кеңейту және импортты оңтайландыру бойынша сыртқы экономикалық қызметті реттеу және ынталандырудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

ҚР СЭҚ ерекшеліктері және оның даму перспективалары. Қазақстан ХВҚ, ХҚҚДБ, Халықаралық қаржылық корпорациясының мүшесі болып табылады және ЕҚҚД, АДБ және т.б. байланыстары бар.

Осыған орай еліміз аталған ұйымдар қатысушыларына тиесілі барлық міндеттерін мойнына алады, Халықаралық қаржылық ұйымдарға қатысудан

шығатын мүшелік жарналар, қарыздық операциялар және келісімдер бойынша қажетті төлемдерді жүзеге асырады.

Қазақстанның жалпы экономикалық саясатына – еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі маңызды болып отыр. Қазақстанның ДСҰ кіруінен кейін сауда саясаты міндетті түрде өзгерістерге ұшырайды. Қазақстандық бизнес өзінің экономикалық ауқаттылығын көрсетуі және жаңа нарықтық жағдайға бейімделу шеберлігін көрсетуі тиіс.

ДСҰ (ағылш. World Trade Organization (WTO), фр. Organisation mondiale du commerce (ОМС), исп. Organizacion Mundial del Comercio) – халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым, ол 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) бұл мемлекеттер арасында сауда жүргізу ережелерінің жүйесін жетілдірумен айналысатын жалғыз халықаралық ұйым. ДСҰ негізі сауда бойынша әрекетті жүзеге асыратын көптеген әлем мемлекеттері талқыға салып, қол қоятын және содан соң бұл ережелер парламентте бекітілетін келісімдер болып табылады. Мақсаты – тауар мен қызмет көрсетулер өндірушілеріне, экспортерлер мен импортерлерге өзінің коммерциялық әрекетін жүргізуге жәрдемдесу.

14.2 СЭЖ реттеудің формалары мен әдістері

СЭЖ реттеудің әдістері мен формалары 66 суретте келтірілген*.


Сыртқы экономикалық қызметті *мемлекеттік реттеу* әртүрлі әдістерден тұрады:

- тікелей – реттеудің әкімшілік формалары – лицензиялар мен квоталар;
- жанама және экономикалық әдістер – салықтар, кедендік баждар, валюта бағамы, әлемдік бағалар, сыртқы несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер, облигациялар, басқа да БҚ және төлем құралдарының бағамы (салықтар сыртқы экономикалық қатынастарды маңызды реттеуші болып табылады).

Қазіргі таңда әлемдік сауда жүйесі келесідей бес қағидаға сәйкес келуі тиіс деп есептеледі:

1. *Саудадағы кемсітудің болмауы*. Ешбір мемлекетбасқа бір елді тауарларды экспорттауға және импорттауға шектеу қойып қысым жасамауы тиіс. Идеалды жағдайда, кез келген ел ішіндегі нарықта шетелдік және ұлттық өнімді сату шарттарының айырмашылығы болмауы тиіс.

2. *Сауда тосқауылдарын төмендету*. Сауда тосқауылдары деп бір елдің ішкі нарығына шетелдік тауарлардың кіру мүмкіндігін төмендететін факторларды атайды. Оларға ең алдымен, кедендік баждар мен импорттық квоталар (импортқа сандық шектеулер) жатады. Халықаралық саудаға сонымен қоса әкімшілік кедергілер және валютаның айырбас бағамын анықтау саясаты ықпал етеді.



*автормен құрылған

Сурет 63 - СЭҚ реттеудің әдістері мен формалары

3. Сауда шарттарының тұрақтылығы және болжамдылығы. Шетелдік компаниялар, инвесторлар және үкіметтер сауда шарттары (тарифтік

және тарифтік емес тосқауылдар) кенеттен және өз еркімен өзгертілмейтініне сенімді болуы қажет.

4. *Халықаралық саудада бәсекелестікті ынталандыру.* Әр түрлі елдер фирмаларының тең құқылы бәсекелестігі үшін бәсекелестік күрестің – экспорттық субсидиялар (экспортер фирмаларға мемлекеттің көмегі), өткізудің жаңа нарықтарын жаулап алу үшін демпингті бағаларды (алдын ала төмендетілген) қолдану сияқты «әділетсіз» тәсілдерін жою қажет.

5. *Халықаралық саудада даму жағынан артта келе жатқан мемлекеттерге жеңілдіктер.*

Валюталық бағам - Бір ел ақша бірлігінің басқа елдердің ақша бірлігінде көрсетілген құны.

Кедендік кодекс кедендік аймақтың, кедендік баждар мен алымдардың бірлігі негізіндегі кедендік қағидаттарды орнатады. Кедендік баждар – ұлттық шекарадан өткізілетін тауарлардан кедендік тарифте бекітілген мөлшерлемелер бойынша мемлекет алатын салықтар. *Кедендік тариф* ішкі нарықта шетелдік бәсекелесті реттеуге арналған.

Қазақстанда импорттық (алып келінетін), маусымдық, арнайы, антидемпингті, өтемақылық баждар қолданылады.

Импорттық-кедендік тариф сыртқы сауданы реттеу, импорттық саясатты тиімді жүзеге асыру, мемлекеттік бюджеттің сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімін ұлғайту үшін қолданылады.

Маусымды кедендік баждар тауарларды елге кіргізу дәл сондай отандық тауар өндірушілерге зиян келтіретін немесе келтіру қауіпі бар болған жағдайда, сыртқы экономикалық байланыстар қатысушылары тұрғысында ескерту шарасы, әділетсіз бәсекелестіктің алдын алу шарасы ретінде қолданылады.

Антидемпингті баждар ел аумағына эксортер елдегі бәсекелестікке сай бағаға қарағанда төмен бағамен тауар енгізілетін жағдайда қолданылады.

Өтемақылық баждар өндіру немесе экспорттау кезінде субсидиялар қолданылған тауарларды кіргізу кезінде; тауарды өндіру кезінде субсидиялар тікелей немесе жанама қолданылған тауарларды елдің кедендік аумағынан шығарған кезде қолданылады.

Импорттық-кедендік баждар жүйесі отандық өндірісті шетелдік өнімнің өктемдігінен қорғау қызметін атқарады.

Валюталық ресурстар – қаржылық ресурстардың негізгі бөлігі және орталықтандырылған (мемлекеттік) және орталықтандырылмаған (кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер ресурстары) болып бөлінеді.

Валюталық ресурстардың көздері:

- экспортталатын тауардан валюталық түсім;
- кедендік баждар;
- шетелдік валютада төленетін төлемдер;
- келісімдер, мәмілелер, келісімшарттар және сыртқы экономикалық сипаттағы басқа да операциялардың шетелдік қатысушыларымен төленетін салықтық түсімдер, бонустар, роялти;
- шетелдік валютада төленген жағдайда валюталық заңнаманы бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

- шеделдік мемлекеттер, банктер мен халықаралық қаржы ұйымдарының несиелері мен қарыздары;

- гранттар мен өтемсіз көмек.

Валюталық ресурстар үкімет қолында жинақталады және әр түрлі бағыттарда қолданылады:

- «валюталық интервенциялар» жүргізу үшін Ұлттық банкпен;

- қарыздық келісімде бекітілген мерзімдерде қарызды өтеу кестесіне сәйкес қарыздарды жаб, халықаралық ұйымдардың мүшелігі үшін төленетін жарналарды төлеу, елшілік, өкілдік, жұмыстарын қаржыландыру үшін Қаржы министрлігімен;

- мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін үкіметтік органдармен – бірінші қажеттілікті тауарлар мен бұйымдарды импорттау бойынша, шикізат және отын, техниканы орталықтандырылған сатып алулар жүргізу үшін;

- коммуналдық шаруашылық, өндірістік емес саланың, жергілікті инфраструктураны дамыту қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жергілікті басқару органдарымен;

Төлем балансы – бұл, белгілі бір уақыт аралығындағы аталған елдің шет елде жүргізген төлемдері мен сол елдің шет елде алған түсімдері сомаларының қатынасы.

14.3 Экономиканың қазіргі даму сатысындағы Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының негізгі бағыттары

Ұзақ мерзімді болашақтағы сыртқы экономикалық саясаттың маңызды бағыты болып Қазақстанның аймақтық интеграцияға нақты қатысуы айқындалады. *Әлеуметтік-экономикалық және су-энергетикалық мәселелерді шешу, транзитті-транспорттық инфраструктураны, ортақ кедендік және сауда трифтерін, халықаралық транспорттық шекаралық туристік желіні құру* мақсатында ҚР СІМ ынтымақтастықтың барлық үлгілерін қарастыруда. Осы орайда 2017ж қарай транспорттық коридорларды халықаралық стандарттарға дейін жетілдіруге бағытталған белсенді инвестициялық шаралар айқындалған транспорт және саудадағы ықпалдастық бойынша Орта-Азиялық аумақтық экономикалық ынтымақтастық стратегиясын жүзеге асырудың іс-әрекеттер жоспары аса маңызға ие болып отыр.

Сыртқы сауда саясаты. Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаты елдің экономикалық қызығушылықтарын әлемдік сауда жүйесіне біріктіру жолымен оларды қорғаудың және алға жылжытудың тиімді және оперативті жүйесін құру болып қалып отыр.

Елдің сыртқы тауарлық саясатын кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу, сонымен қоса антидемпингтік, өтемақылық және қорғаныс шараларын қолдану елдің индустриалды-инновациялық дамуы аясында өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау бойынша міндеттерді шешуге бағытталған. Осыған орай:

- отандық өндірушілерді қолдау, БЭК және де ДСҰ кіру аясында олардың мүдделерін қорғау және жылжыту механизмдерін жетілдіру;

- ДСҰ Қазақстан үшін тиімді шарттармен кіруді қамтамасыз ету, бойынша жұмыстар жалғасуда.

ДСҰ келісімдері келісімдер мен міндеттемелерді, өз сауда мүмкіншіліктерін үдету үшін шараларды орындау үшін, олардың сауда белсенділігін қалыптастыруда, дауларды реттеуде және техникалық стандарттарды орындауда көмек көрсету үшін ұзағырақ мерзімді қоса, дамушы елдер үшін арнайы шарттарды құрайды. ДСҰ жыл сайын дамушы елдер үшін техникалық серіктестік бойынша жүздеген тапсырма ұйымдастырады. Сондай-ақ ұйым жыл сайын Женевада мемлекеттік қызметкерлер үшін көптеген курстар өткізеді. Саудаға көмек өз мақсатына дамушы елдерге сауданы кеңейту үшін қажетті дағдылары мен инфрақұрылымды дамытуға көмекті қояды.

ДСҰ келісімдері мүше елдерден ДСҰ-ын орындалған заңдар мен өткізілетін іс-шаралар туралы хабарлап отырады да, олардың сауда саясаты айқын болғанын талап етеді. Түрлі кеңестер мен комитеттер барлық талаптардың орындалуын және ДСҰ келісімдері дұрыс қолданылуын қадағалап отырады. Дүркін-дүркін ДСҰ-ң барлық мүшелерінің сауда саясаты мен тәжірибесі қарастырылады, әрбір шолу қарастырылған ел мен ДСҰ Хатшылығының есебінен құралады.

Халықаралық интеграция аясында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру бойынша жұмыс жалғасуда. Осылайша, 2014 жылы Қазақстан мемлекеттік (муниципалды) сатып алу туралы келісімге сәйкес мемлекеттік сатып алуға ұлттық режим берді. 2015 жыл БЭК тасымалдаушылары үшін тарифтік саясаттың негіздерін қоса отырып темір жол транспортының қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы Келісімге сәйкес инфраструктура қызметтеріне қол жеткізіледі.

Қазақстандық үлес. Жаһандану кезеңі жағдайына, Қазақстан Республикасы қатысатын интеграциялық процестер (БЭК, ДСҰ) аясында әлемдік тауар өндірушілер арасында бәсекелес күресте оңтайлы мерзімде жаңа отандық өндірістерді ынталандыру және қазіргі таңдағы өндірісті жаңғырту бойынша белгілі бір шараларды жүзеге асыру қажет. Мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты шикізаттық емес сала мен жергілікті қатысуы бар саланың үлесін ұлғайту, жаңа өнімді шығару және отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мүмкіндік туғызады.

Қазақстандық үлестің өсіміне ықпал ету әдістері мен саясатын жетілдіру саласында мемлекет қызметі ары қарай келесілерге бағытталатын болады:

- ішкі нарықта жоғары сапалы бәсекеге қабілетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді көрсетуші отандық өндірушілерді *сервистік қолдау*.

- кәсіпкерлердің сұранысқа ие тауарлар мен қызметтер туралы ақпараттандырылуын көтеру мақсатында «Қазба байлықты қолдану бойынша операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер реестрі», «Қазақстандық мазмұн» интернет-ресурсы» *ақпараттық жүйелерді қолдау және ары қарай дамыту*;

- отындың өндірушілер мен тапсырыс берушілердің қатысуымен өтетін дөңгелек үстелдер, кездесулер, жиналыс, форумдар, көрмелер тиімділігін көтеру, анықтамалық әдебиеттерді және оқыту және ағартушылық сипаттағы кітапшаларды басып шығару.

Бақылау сұрақтары:

1. Қандай қызмет түрлері сыртқы экономикалық салаға жатады?
2. Қазақстандағы экспорттық-импорттық операциялардың ерекшеліктері неде?
3. Шет елдік капиталды ҚР экономикасына тартудың қандай мәселелері бар?
4. Қазақстандағы СЭҚ дамытудың ықтимал бағыттары қандай?
5. ДСҰ кірумен байланысты Қазақстанда қандай мәселелері туындайды?
6. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу үшін қандай әдістер қолданылады?
7. Валюта бағамының қызмет атқару механизмін атаңыз.
8. СЭҚ тиімділігіне салықтардың әсері қандай?
9. Кедендік баждар дегеніміз не?
10. Кедендік баждардың қандай түрлері болады және олардың мағынасы неде?
11. Қазақстанда қолданылатын кедендік баждардың түрлерін атаңыз.
12. Мемлекеттің валюталық ресурстары қалай құрылады және қолданылады?
13. Елдің төлем балансы дегеніміз не?
14. Төлем балансын нығайту үшін қандай шаралар қажет?
15. ҚР сыртқы сауда саясатының негізгі бағыттарын атаңыз.

15. Экономиканы қаржылық реттеу

*Қаржылық қызмет.
Басқарушының пайдасы үшін кірістер
мен ресурстарды басқару өнері немесе
ғылымы.*

Амброз Бирс

15.1 Мемлекеттік қаржылық реттеу түсінігі, және оның қажеттілігі

Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу - бұл макроэкономикалық тепе-теңдікке ықпал ету және оның жұмыс істеуінің әрбір нақты кезеңінде қарқынды даму үшін, мемлекеттің шаруашылық субъектілеріне қаржылық ықпал ету формалары мен әдістерін мақсатты бағытталған түрде және дәйекті қолдану процесі.

Келесі негіздер мемлекеттік қаржылық реттеуді жүзеге асырудың алғышарттары болып саналады:

1. *Қоғам дамуының объективті экономикалық заңдарының қолданылу есебі.* Өйткені қаржылық реттеу процесі қаржы саясатының субъективті белгіленген бағыты бойынша өтеді және шаруашылық тәжірибесінде оны жүзеге асыру тетігі, осы саясат бойынша іс-шаралар мен оның тетігі, экономикалық заңдар мен оларға сәйкес келетін категорияларда көрсетілген шаруашылық субъектілерінің мүдделері онда толығырақ ескерілгенге қарағанда, неғұрлым пәрменді және тәжірибе (өмір) талаптарына жауап беретін болады. Ал бұған керісінше жағдайда қаржы тетігі формалары мен әдістерінің нақты экономикалық өмірге күшпен тартып алу кері әсері көрініс беретін болады.

2. *Оның бүкіл мүшелерінің түбегейлі мүдделерін білдіретін, қоғам дамуының ғылыми негізді стратегиялық бағдарламаларын әзірлеу.* Бағдарлама, мемлекеттің және төмен тұрған құрылымдардың нормативтік актілерін қамтамасыз ететін тұтастай және ұзақ мерзімге арналған бағыттарын айқындайды; алды-ала болжап білуге болмайтын мән-жағдайлар бойынша тактикалық сипатта түзетулер жасауға рұқсат етіледі.

3. *Халықтың бүкіл жіктерінің, әлеуметтік, ұлттық кәсіби топтардың мүдделерін еркін білдіру мүмкіндіктері үшін олардың демократиялық институттарын білдіретін көзқарастарды білдірудің демократиялық жүйесінің болуы.* Автократиялық басқару формасы волонтаристік шешімдерді, оларды қоғамның қабылдануымен кері қайтарылуын, орындаудағы бұрмалаушылықтарға жол беруді, мемлекеттік құрылымдар жұмысы тиімділігінің төмендігін туғызады: қоғамның әл-ауқатының сырттай жақсы болып көрінуі тоқырауға, әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа және дағдарысқа әкеліп соғады.

4. *Елде, шаруашылық қызметінде нормаларды, ережелерді бұзушылыққа анық және жедел әрекет ететін, қалыптасқан заңнамалық жүйесінің болуы.* Неғұрлым кең мағынасындағы заңнамалық жүйе сөзі «қоғамда адамгершілік ахуалын» қалыптастыруға ықпал етуі тиіс, оның әсері заңнамаларда көрсетілген нормалардағы таза заңдық жауапкершілік шеңберінен (оның ішінде билік

құрылымдарының шешімді орындау жауапкершілігінен) шығып кетеді, яғни басқарудың барлық иерархиялық құрылымындағы құзырлық пен тәртіп, басқару сапасы болжанады. 3-тармақта тұжырымдалған алғышарттарсыз аталған жағдайды жүзеге асыру мүмкін емес.

Нарықтық экономикадағы *мемлекеттік қаржылық реттеудің рөлі* зор және маңызды, бұл ақша, несиелік, қаржылық қатынастар саласында, ел экономикасын басқаратын барлық органдар жұмысында, Қазақстанның халықаралық экономикалық байланыстарын ұйымдастыру кезінде реттеуіштерді қолданудағы белсенділікпен байланысты.

Сонымен қоса, «ұсыныс экономикасының» теориясы салықтық мөлшерлемелердің төмен болуы міндетті түрде салықтық түсімдердің төмендеуіне әкеліп соқпайды, керісінше, салық базасының кеңеюі – ұлттық өндірістің және табыстың өсуі есебінен салықтық түсімдердің өсуіне әкеліп соғады.

Салықтардың инвестициялық қызметке әсерінің теориялық дәлелдемесі «ұсыныс экономикасының» өкілдері – ағылшындық ғалым А. Лаффердің теориясы және салық салу мен бюджет түсімдерінің басқа да байланыс болып табылады.

Аталған теорияға сәйкес салық мөлшерлемелерінің белгілі бір деңгейге дейін өсуі салықтық түсімдердің өсуіне әсерін тигізеді, кейіннен өсім тежеледі, ал содан соң бюджет түсімдерінің тез құлдырауы болады. Осыдан экономиканы, инвестициялық белсенділікті ынталандыру міндетін салықтық жүктемені жеңілдету жолымен шешу керек деген қорытынды шығады.

15.2 Экономиканы қаржылық реттеудің сыныпталуы

Мемлекеттік реттеу түрлері:

- экономикалық (оның: қаржылық, бағалық, кредиттік, валюталық, еңбекке ақы төлеу бөліктерімен)

- әкімшілік реттеу.

Реттеу *түрлері* – салықтық, бюджеттік, мемлекеттік-несиелік, кедендік-тарифтік, валюталық-қаржылық, ішкі шаруашылық.

Реттеу *формалары:*

- бюджеттік салада – *сбувенция, субсидия, трансферттер*;

- салықтық салада – *тікелей және жанама салық салу*;

- қаржы-валюталық салада – *сыртқы инвестициялау, сыртқы займдар, сыртқы қарыз*.

Сыныптаудың көптеген элементтеріне белгілі бір формаларған ерекше болуы мүмкін (мысалы, салықтардағы мөлшерлеме, қарыздардағы конверсия әдісі) немесе бірнеше формада қолданылуы мүмкін (мысалы, бюджеттердегі және кәсіпорындардың қаржылық жоспарларындағы әдістер, осы формаларда резервтердің пайда болуы, әртүрлі формалар мен түрлер үшін индексикация әдісі және т.б.). реттеу *әдістері* жатады.

Нарықтық экономикада реттеудің *жанама әдістері* басымдылыққа ие. Бірақ, мемлекет елдің экономикалық дамуында апаттық жағдайлар болдырмау

мақсатында нарықтық механизмдерге ауыстыруға қажетті заңнамалық нормалар мен нормативтерді әзірлейді.

2012-2014 жылдардағы мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыты – экономикалық өсімнің тұрақтылығына қол жеткізу үшін индустриализация арқылы диверсификацияны жылдамдату және инфраструктураны дамыту және де адамдық капиталдың бәсекеге қабілеттілігін көтеру.

Орта мерзімді кезеңдегі *салықтық саясаттың шаралары*: экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға, ең алдымен экономиканың нақты секторының кәсіпорындарының инновациялық қызметін дамытуға бағытталады; оңтайлы инвестициялық климатты құру және ішкі де, сыртқы да жеке инвестицияларды ынталандыруға, бюджеттің кіріс бөлімін ұлғайтуға бағытталады.

Бюджеттік саясат экономиканы дамытуды ынталандыруға бағытталады және мұнайлық түсімдерді «жеп қоюды» болдырмау мақсатында бюджет пен Ұлттық қордың теңгерімділігін қамтамасыз ету жолында құрылады.

15.3 Салықтық-бюджеттік реттеу

Экономиканың қозғаушы күші – бұл шаруашылық агенттерінің нарыққа бағытталған экономикалық қызметіне деген қызығушылық. Егер бұл қызмет оларға тиімді болса, онда өндіріс интенсивті қарқынмен жүзеге асырылады. Егер де нарықтың тиімді қызмет атқаруы жоғары және қарқынды салықтар түріндегі дискриминациямен кезігетін болса, онда экономикалық белсенділік төмендей түседі. Лаффердің айтуы бойынша, кәсіпкерлер мен халық барлық табысының 30% бюджетке салық ретінде алуға болмайды. Егер де табыстан 40-45% көлемінде алым алынса бұл жинақтарды қысқартады, сонымен қатар экономиканың жеке секторындағы инвестицияларды да қысқартады.

Салықтарды қысқарту, салық салудың шекті нормаларының төмендеуі – үш жақты сипатты – экономикаға, салықтық базаға ынталандырушы әсер етуі мүмкін:

- нарыққа ұсынылатын еңбек пен капитал саныны өсуі және өндіріс көлемін кеңейту нәтижесінде *салықтық база өседі*.

- нарықта қолданылатын *еңбек және капитал*, шаруашылық қызметі саласының салық аз салынатын түрінен салыстырмалы түрде көп салынатын түріне ауысатын болады (сонымен қоса салалар бойынша капиталдың бөлінуі жақсарады және қорытындысында экономиканың жалпы тиімділігі көтеріледі;

- *экономикалық агенттердің басым бөлігі* экономикалық қызметті тежейтін «астыртын экономикадан» ашық экономикаға шыға отырып *салықтан жалтаруды азайтуы мүмкін*.

Жоғарыда келтірілген үш эффект жалпы алғанда салықтық мөлшерлемелерді азайту салықтық түсімдерді қалайша көтеретінін көрсетеді.

Бірақ ескере кететін жайт, салықтардың сұранысқа ықпалы ұсынысқа қарағанда тезірек жүзеге асырылады. Қысқа мерзімді кезеңде салықтардың

төмендеуі жиынтық сұраныстың өсуіне және бюджетке салықтық түсімдердің азаюына әкеліп соғады, ал салықтардың ұсынысқа әсер етуі ұсыныс факторларының – жинақтар, инвестициялар, еңбекке деген ынтаның баяулығына байланысы ұзақ мерзімді сипатқа ие болады.

Тауарлық салықтар қоғам қажеттілігіне пайдаланылатын, өндірісшілер мен тұтынушылардың қаражаттарының бір бөлігін мемлекетке беру процесінен ғана тұрмайды. Олар сонымен қоса өнімдердің бір бөлігін өндірімеуінен болатын қоғамға деген тиімділігін жоғалтады. Бұл құбылыс шектен тыс салық ауыртпалығы деп аталады.

Жеке табысқа салық салу, фискалдық маңызынан басқа маңызды әлеуметтік функцияны орындайды – халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының табысының теңдестірілуін қамтамасыз етеді. Дәл осы функцияны әлеуметтік бағдарламалар бойынша бюджеттік шығындар да орындайды, нәтижесінде табысы төмен халық табысы одан жоғарырақ топқа ауысады және әлеуметтік теңсіздікті азайтады.

Мөлшерлемелердің, сәйкесінше салықтық алымдар көлемінің өсуімен байланысты салықтық реттеудің маңызды аспектісі ішкі жинақтарды «ұстап қалу» және шетелдік инвестицияларды тарту мүмкіндігі болып табылады. Салықтардың жоғары деңгейі капиталдардың оларды қолданғандығынан түсетін табысқа салық аз салынатын салықтық климаты жағымды елдерге кетуіне әкеліп соқтырады. Бұл факторға салық салу деңгейі төмен немесе мүлдем жоқ «оффшорлық аумақтардың» болуы септігін тигізуде. Екінші жағынан, жоғары салық мөлшерлемелері шетелдік капиталдың елге кіруіне кедергі туғызатын, ол өз кезегінде ішкі жинақтардың жетіспеушілігі жағдайында экономиканың дамуын тежейді. Сондықтан салықтық ретту аталған факторларды ескеріп экономикалық байланыстағы елдердің салықтық шарттарының теңестірілуін септігін тигізуі қажет.

Мемлекеттік қаржы саласында реформа жүргізудің кешенділігіне бағытталған 2020 жылға дейін жаңа бюджеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асырудың негізгі тәсілдері екі тұжырымдамаға негізделген.

ҚР Президентінің жарлықтарымен *ҚР жаңа бюджеттік саясатының тұжырымдамасы және Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы* орындалуға қабылданды. Тұжырымдаманы жүзеге асыру 2013-2020 жылдар аралығында екі кезеңде жүзеге асыру көзделіп отыр. Жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасында көрсетілгендей тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда бюджеттік қаражаттарды басқарудың қазіргі заманғы жүйесінің негіздері құрылған. Бюджеттік құқық қатынастарын реттеудің тұтас жүйесі құрылды, бюджеттік жүйенің бірегей қағидалары орнатылды, мұнайлық табыстарды жинақтаудың механизмі енгізілді, бюджетаралық қатынастар жүйесі құрылды.

Экономиканың қазіргі даму жағдайындағы ҚР салық саясатының негізгі бағыттары 64 суретте көрсетілген*.



*автормен құрылған

Сурет 64 - Салық саясатының негізгі бағыттары

Сонымен қоса, бюджеттік саясатты құруда орта ұзақ мерзімде оның тиімділігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін мәселелер мен жағымсыз үрдістер бар (сурет 65)*.

Бірінші кезең (2014-2017 жж.) мемлекеттік қаржылардың және бюджеттік тиімділіктің теңестірілуін қамтамасыз ету үшін негіз құруды қамтиды, бұл кезеңде келесілер жоспарлануда:


- мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру және нәтижеге бағытталған бюджеттендіруді тәжірибеде қолдануды кеңейту;
- бюджеттік міндеттемелерді реттеу және оларды оңтайландыру бойынша шаралар қолдану;
- бюджеттік инвестициялар бойынша көзқарастарды реформалау;
- мемлекеттік-жеке серіктестіктің (МЖС) жаңа механизмдерін енгізу;
- салық салу саясатын өзгерту;
- мемлекеттік қарыз және мемлекеттік емес сектор қарызын бақылау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу;
- бюджет аралық қатынастарды реформалау;
- мемлекеттік аудиттің негіздерін енгізу.

Екінші кезең (2018-2020 жж.) мемлекеттік қаржылардың тұрақтылығын нығайтуды көздейді.

Аталған кезең келесідей сипатталады:

- жеке сектордың ынтымақтас жауапкершілігін кеңейту және бюджеттік міндеттемелерді тұрақтандыру;
- жеке сектордың инвестициялық белсенділігінің өсуі;
- бюджетке түсетін ауыртпалықты азайтуға септігін тигізетін мемлекеттік-жергілікті серіктестікті кеңейту;
- ағымдағы шығындарды мұнай табыстары есебінен қаржыландыру;

- жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін көтеру;
- мемлекеттік аудиттің толыққанды қызмет атқаруы.



*автормен құрылған

Сурет 65 - Мемлекетті шығындар тиімділігін көтерудің негізгі бағыттары

Бюджеттің орындалу процедураларына ықпал ететін *негізгі тұжырымдамалық позициялары келесілер болып табылады:*

- бюджеттік шығындардың басымдылықтары қатаң түрде стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес анықталуы тиіс;
- бірыңғай бюджеттік сыныптаманы өзгерту;
- бюджетті орындау аясында мемлекеттік органдар есептілігіне көзқарасты өзгерту;
- Есеп комитетінің республикалық бюджет жобасын оны Үкіметке шығындардың негізгі бағыттар бойынша алдын ала бағалауды жүргізу;
- бюджеттік қаражаттарды қолдану тиімділігін көтеру мақсатында кейбір мемлекеттік мекемелер бюджет есебінен қамтамасыз етілуден көрсетілген қызмет көлеміне байланысты (мемлекеттік тапсырманы орындау) қаржыландыр жоспарына сәйкес аударылады;
- бюджеттен субсидиялау және салықтық ынталандыру арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету;
- мемлекеттік емес сектор субъектілерін «өндірістік қаржылық» және «сервистік» компанияларға бөлу;

- «сервистік» компаниялар жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасында құрылатын болады және мемлекеттік тапсырыс есебінен қаржыландырылады;

- бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде орындалған жұмыстар актілері бойынша заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайту жолымен қаражаттарды аудару;

- концессиялық міндеттемелерді есепке алу жүйесін құру;

- бюджеттің кірістері мен шығыстарын есепке алуды есептеу әдісіне ауысу мәселесін қарастыру

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (КСС) қарызын басқару және мониторингілеу бойынша функцияларды заңнамалық деңгейде бекіту және КСС қарыздарын бекітілген сомадан жоғары тартуды Үкіметпен келісу;

- қайтарымсыз, бірақ әлеуметтік-маңызды ірі жобаларды жүзеге асыруға Ұлттық қордан мақсатты трансферттерді бөлу көзделеді;

- өтелетін стратегиялық жобаларды жүзеге асыруға Ұлттық қордан облигациялық займдарды беру мүмкіндігі қарастырылады;

- Ұлттық қордан өтелетін жобаларды қаржыландыру тек нарықтық табыстылық бойынша стратегиялық инвесторлардың қатысуы және МЖК механизмін қолдану кезінде ғана қайтарымды негізде жүзеге асырылады;

Жергілікті бюджеттің шығындар базасына, алдыңғы уақытта республикалық бюджеттен аударылатын сақсатты және ағымдағы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар қосылады.

Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасының мақсаты корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамқа есептілік негізінде мемлекеттік жоспарлаудың жаңа үлгісін құру.

Негізгі проблемалық сқрақтардың бірі *стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың тығыз емес байланысы* болып табылады. бұл мәселені шешудің негізгі жолдары келесідей:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттар тізімінен республикалық және жергілікті бюджеттерді алып тастау;

- облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларын құруды алып тастау;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын жасауды алып тастау;

- жергілікті деңгейде тек аумақтарды дамыту бағдарламалар дайындалатын болады;

- бюджеттік бағдарламаның және бюджеттік мәлімдеменің үлгісін қайтадан қарастыру;

- мемлекеттік жоспарлау және орындау бойынша уәкілетті органдар тұрғысынан бақылауды қажет ететін шығындарды бюджеттік бағдарламалар (мақсатты трансферттер, дамуға шығындар және т.б.) деңгейінде қайта қарау;

- мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалары мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың бұйрықтарымен бекітіледі;

- әрбір бюджеттік бағдарламаға жауапты лауазымды тұлға бекітілетін болады;

- бюджетті құру кезеңінде стратегиялық жоспарды әзірлейтін әрбір мемлекеттік орган Республикалық бюджеттік комиссияға стратегиялық жоспарды беру тиіс;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджеттің орындалуы бойынша жылдық есепті Парламентте қорғау тәртібі қайта қаралатын болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік қаржылық реттеу мәні, оның алғышарттары және шарттары неде?

2. Экономиканы мемлекеттік реттеу қалай сыныпталады?

3. Табыстарды әлеуметтік топтар бойынша теңестіру сызбасы қалай жұмыс істейді?

4. Салық салу деңгейі инвестициялық капиталдың қозғалысына қалай әсер етеді?

5. Бюджеттік саясаттың негізгі даму бағыттарын атаңыз.

6. Нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасының мақсатын атаңыз.

Кейстік тапсырмалар

1. Сөйлемді аяқтаңыз:

1) Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры, оның міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуді қаржыландыруға қажет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры -

2) Мемлекеттік бюджет – бұл _____

3) Дотация – бұл _____




Бюджетті құру қағидалары



Дағдарыстық жағдайлардың және банкроттылықтың орына алуының негізгі факторлары

Сыртқы	Ішкі
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.
6.	6.
7.	7.



СӨЖ Орындаған _____

1. Салық -

2. 01.2015 уақытында ҚР аумағындағы салықтардың негізгі түрлері және мөлшерлемелері

	Салық түрлері	01.01.2015
1.	Заңды тұлғалардың табыс салығы	
	Жеке тұлғалардың табыс салығы	
2.	Қосылған құн салығы	
3.	Акциздер	
4.	Өлеуметтік салық	
5.	Жер салығы	
8.	Транспорттық құралдарға салық	
9.	Бірыңғай жер салығы	


3. Салық салу элементтеріне жатады:

4. Салық субъектілері

5. Салық объектісі

6. Салық базасы

7. Қазақстан Республикасының салық жүйесі



ТЕСТ

1. Салық дегеніміз не?

а) мемлекеттің жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз сипатта бюджетке төленетін міндетті төлемдер;

б) мемлекеттік органдар көрсеткен қызметтер үшін төленетін және оны төлеушіге белгілі бір құқық не рұқсат беретін қайтарымды, баламалы міндетті төлем;

с) заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік мүліктерді пайдаланғаны үшін төлейтін алымы;

д) заңды және жеке тұлғалардың арнайы қорларға төлейтін төлемдері;

е) мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғаларға көрсеткен қызметінің белгілі бір түрлері үшін алынатын ақшалай алымы;

2. Салық – бұл:

а) экономикалық категория; б) заңды тұлғаның табысы;

с) қаржылық ресурстар; д) жиынтық табыс; е) әлеуметтік категория.

3. Салықтардың экономикадағы ролі қандай?

а) жоспарлы; б) реттеушілік; с) бағалық; д) шаруашылық есеп; е) ұдайы өндірістік.

4. Салықтар қандай қызмет атқарады?

а) реттеушілік, фискалдық, ынталандыру; б) фискалдық, қайта бөлу, реттеушілік;

с) бақылау, жоспарлау, ұйымдастыру; д) бағалау, басқару, бөлу;

е) бақылау, тексеру, фискалдық.

5. Түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекет пайдасына өтеді. Бұл салықтардың қай қызметі?

а) бақылау; б) реттеу; с) қайта бөлу; д) ынталандыру; е) қазыналық.

6. Салықтардың экономикалық мәні мынада:

а) олар салық төлеушілер мен мемлекет арасындағы қарым қатынасты анықтайды;

б) олар мемлекет өз функцияларын жүзеге асыру үшін шаруашылық субъектілер мен азаматтардағы жалпы ішкі өнімнің бір бөлігін орталықтандыру жөніндегі экономикалық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады;

с) олар салық төлеушілердің ақшалай табыстарын қайта бөлу жөніндегі экономикалық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады;

д) олар ұлғаймалы ұдайы өндіріс мүмкіндіктерін шектейді;

е) олар өндірістің бір бөлігі ретінде экономикалық категория болып табылады.

7. Салықтардың фискалды функциясы:

а) мемлекеттік бюджетке жұмылдырылған мемлекеттің ақшалай табыстарының қалыптасуымен тікелей байланысты;

б) бұл функция біртіндеп тартылатын функция болып табылады;

с) бұл ақшалай табыстарды қайта бөлумен байланысты;

д) салық төлеушілердің қаржы –шаруашылық қызметін бақылаумен байланысты;

е) әлеуметтік мақсатты көздейді.

8. Салықтың реттеушілік функциясы мемлекеттің экономикалық функциясының кеңеюімен бірге пайда болды және ол:


а) қабылданған бағдарламаға сәйкес шаруашылықтың дамуына тікелей әсер етеді;

б) амортизациялық саясатқа, инвестициялық жеңілдік, салық ставкаларын төмендету саясатына сүйене отырып, капиталдың жедел жинақталуына мүмкіндік береді;

с) төлем сұранысы құрылымын және оның көлемін өзгертеді;

д) салық төлеушілерден орталықтандырылған мемлекеттің қаржы қорына қаражаттар алу;

е) азаматтардың түрлі категориясы арасындағы қоғамдық табыстарды бөлу.



_____ облыстың (қала, ауданның) алдағы жылдың 01.01
 бюджет құрылымы мен құрамы, млн теңге /(млрд теңге)

Көрсеткіш	жыл			3 жылға орташа	Кірістер мен шығындар құрылымы %	2013ж. %-бен	
	2011	2012	2013			2011ж.	2012ж.
A	1	2	3	4 = (1+2+3)/ 3	5	6=3/1*100%	7=3/2*100%
I. КІРІСТЕР					100		
A) Салықтық түсімдер					= А жолы / I жол *100%		
Үлес салмағы, %							
Б) Салықтық емес түсімдер					= Б жолы / жол I*100%		
Үлес салмағы,, %							
В) Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім					= В жолы / жол I*100%		
Үлес салмағы,, %							
Г) Трансферттік түсімдер					= Г жолы / жол I*100%		
Үлес салмағы,, %							
II. ШЫҒЫНДАР					100		
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер					= 1 жол / жол II*100%		
Үлес салмағы,, %							
2. Қорғаныс					= 2 жол / жол II*100%		
Үлес салмағы, %							
3. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқарушы қызметтер					= 3 жол / жол II*100%		
Үлес салмағы,%							
4. Білім беру					= 4 жол / жол II*100%		
Үлес салмағы, %							
5. Денсаулық сақтау					= 5 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру					= 6 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы,, %							

7. Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық					= 7 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
8. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік					= 8 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
9. Жылу-энергетикалық кешен және кен орындарын қолдану					= 9 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
10. Ауыл, су, орман шаруашылығы, аса қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары					=10 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
11. Өнеркәсіп, архитектуралық, қала құрушы және құрылыс қызметтері					= 11 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
12. Транспорт және коммуникациялар					= 12 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
13. Басқалары					= 13 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							
14. Қарызға қызмет көрсету					= 14 жол / II жол *100%		
Үлес салмағы, %							

Глоссарий

Айлық есептік көрсеткіш - зейнетақы, жәрдемақы және өзгедей төлемақыларды есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салық төлемдері мен басқа да төлемдерді қолдану үшін республикалық бюджет туралы заңда жыл сайын белгіленетін көрсеткіш. Кезекті жылға арналған республикалық бюджетке немесе нормативтік құқықтық актіде жыл сайын белгіленетін зейнетақыларды.

Аймақтық бағдарлама - мәслихаттар бекітетін, аймақтың (аумақтың) әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама.

Аккредитив - жіберілген тауарлар және көрсетілген қызмет үшін тауар жіберушінің ұсынған тиісті құжаттарына сәйкес сатып алушының аккредитивтік өтінішінде көделген шарттар бойынша ақы төлеу жөнінде сатып алушының банкінің тауар жіберушінің банкісіне Берген тапсырысы.

Акциздер - акцизделетін тауар өндіретін. акцизделетін тауарларды импорттайтын. Сондай-ақ ойын бизнесін жүзеге асыратын заңды және жеке

Ақша бірлігі - еліміздегі барлық тауарлардың бағасын өлшеу жөнінде қызмет атқаратын заңмен белгіленген ақша номиналы (теңге, рубль, доллар, марка, сум, манат және т.б.).

Алымдар - жергілікті әкімшілік - аумақтық бірлік көлемінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тарапынан көрсетілген немесе көрсетілетін қызметтер үшін заңды және жеке тұлғалар жергілікті бюджет кірісіне төлейтін заңда көзделген міндетті ақшалай төлемдер.

Амортизация - негізгі құрал-жабдықтың тозығын толтыру үшін, яғни оны ұдайы жаңғырту үшін осы құрал-жабдық құнының бір бөлігін аудару.

Аннуитет - дүркін-дүркін төленетін ақшалай сома (жарна, рента немесе табыс). Сақтық ісінде ол рентаны немесе зейнетақыны сақтандыру жөніндегі төлемдердің шамасын (мөлшерін) көрсетеді.

Атаулы бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті - салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және тиісті аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры. Тиісті қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Әлеуметтік жеке код - азаматқа, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру құқығы қолданылатын адамдарға берілетін тұрақты жеке код.

Бағдарламалық қарыздар - халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту және реформалау жөніндегі өздерімен келісілген іс-шараларын орындау шарттарымен Қазақстан Республикасының

Үкіметіне немесе Қазақстан Республикасының ұлттық банкіне беретін қарыздары.

Банктер – қызметтерінің өнімі ақшалай кредиттік, есеп айырысу және эмиссиялық істер болып табылатын қаржылық – кредиттік мекемелер жүйесі.

Банктік процент - клиенттің (борышқордың) банкке (кредиторға) ссуда бергені үшін төлейтін. алған сомасына процент есебінде қосылатын банктік

Басқа да міндетті төлемдер - бюджетке белгілі бір мөлшерде жүргізілетін міндетті ақша аударымдары (алымдар, баждар, төлемақылар мен төлемдер).

Бекітілген бюджет - тиісті қаржы жылына арналған, Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет.

Бересі - есептелген және мерзімде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары.

Бірыңғай бюджеттік сыныптама - бюджет түсімдерімен шығыстарын сыныптама объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, функциялық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру. Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджет жүйесінің барлық деңгейдегі бюджеттері көрсеткіштерінің салыстырымдылығын қамтамасыз етеді.

Бюджет - мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет кірістері - салық және салық емес түсімдер мен алымдардың, сондай-ақ бюджетке қайтарылмайтын негізде келіп түсетін капиталмен жасалатын операциялардан түсетін кірістердің көлемі.

Бюджет саласында басқару – мемлекеттің тапсырысы бойынша бюджет саласындағы ұйымдастыру қызметі жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жүйесін анықтайтын және олардың осы саладағы құзыреттерін белгілейтін бюджеттік құқықтың жалпы бөлімнің институты.

Бюджет тапшылығы (профициті) - таза бюджеттік кредит беруді және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоны шегеріп тастағандағы операциялық сальдоға тең тапшылық (профицит). Теріс белгімен алынған шама - бюджет тапшылығы, оң белгімен алынған шама бюджет профициті болып табылады. Бюджет тапшылығының жол берілетін шекті мөлшері әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарымен белгіленеді.

Бюджетаралық кредиттеу – бір бюджеттен екінші бюджетке, оны теңдестіру мақсатында нақты белгіленген ақша сомасын қайтарылатын негізде беру.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі оған жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарлама — бюджеттің мемлекеттік басқару функциялары мен мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шығыстары. Бюджеттік бағдарлама бюджет шығыстарының бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі бағыттарын нақтылайтын ішкі бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Бюджеттік кезең – бюджеттік процесстің барлық сатыларын қамтитын белгілі уақыт бөлігі.

Бюджеттік құқық – мемлекеттің бюджетті қалыптастыру және бөлуге, сондай-ақ бюджеттен бөлінетін ақша қаражаттарын пайдалануды ұйымдасуға байланысты пайда болатын қоғамдық қатыныстарды реттейтін қаржылық құқықтың бөлімі.

Бюджеттік құрылыс – республикасының бюджеттік жүйесінің ұйымдастыру құрылысын және оның құрамдас бөліктерінің өзара қарым-қатынастарының белгілейтін бюджеттінің құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Бюджеттік процесс - бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, түзету жөніндегі, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджет есебі мен есептемесін жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылау, сондай-ақ байланыстырылған гранттарды жоспарлау мен пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен реттелген қызмет. Мемлекеттің өз органдары мен лауазымды адамдары арқылы барлық деңгейдегі бюджеттерді жасау, қарау, бекіту, атқару, атқарылуын бақылау және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту жөніндегі бюджеттік процессуалдық нормалармен регламенттелген қызметі.

Валюта режимі - ұлттық валюта сондай-ақ шетел валютасы тарапына мемлекет белгілеген валюталық шектеулер.

Валюталық монополия - валюталық құндылықтармен мәміле жасау жөніндегі мемлекеттің айрықша құқығы. Ақша айналымы - тауарлар, сондай-ақ тауарсыз төлемдер айналысына қызмет көрсету жөніндегі қолда бар және қолда жоқ түріндегі ақша қозғалысы. Нақты ақшалар: банкноттар металл монеттер. Қолда жоқ ақшалар. чектер, кредиттік карточкалар және т.б.

Валюталық түсім-ақша — тауарлар мен қызметтер экспорты-нан, сондай-ақ халықаралық кредиттерден түскен шетел валютасы.

Вексель - заңмен қатаң белгіленген нысандағы. оның иесі вексель ұстаушыға төлем мерзімі басталғанда борышқордан вексельде көрсетілген ақша сомасын талап етуге талассыз құқық беретін сөзсіз жазбаша қарыз міндеттемесі.

Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы

Диверсификация - зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру.

Дивидендтер - акциялар бойынша төленуге тиісті табыс; заңды тұлға өз қатысушылары, құрылтайшылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, сондай-ақ құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, мүлікті бөлуден түсетін табыстар.

Дилер - бағалы қағаздар рыногының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында баға белгілеуді ұсыну және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялау арқылы өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушы.

Еркін экономикалық аймақ — шетелдік және ұлттық кәсіпкерлер үшін ерекше жеңілдікті экономикалық жағдай қодданылатын ерікті экономикалық аймақ.

Ерікті зейнетақы жарналары - Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленетін тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы.

Жай вексель - вексель беруші борышқордың қаражатты алушыға немесе оның бұйрығына белгіленген ақша сомасын белгілі бір уақытта және белгілі бір орында төлеу жөніндегі ешнәрсеге негізделмеген жай міндеттемесі бар жазбаша құжат.

Жалпы табыс — кәсіпорынның, фирманың өнім, тауарлар өндіру мен сату, қызметтер көрсету нәтижесінде алынған, ақшалай есептелген жиынтық табысы; тауарларды сатудан түскен түсім-ақша түсімі мен оларды өндіруге жұмсалған материалдық шығын арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жалпы ұлттық өнім — кеңінен таралған макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі, ол елдің бір жыл бойына өндірілген түпкі (дайын) өнімінің (өнімнің, тауарлардың, қызметтер көрсетудің) рыноктық бағамен есептелген құны болып табылады. ЖҰӨ-ге осы елге тиесілі өндіріс факторларын пайдалана отырып ел ішінде де, шет елде де жасалған өнімнің құны кіреді. ЖҰӨ қосылған құндарды жиынтықтау әдісімен, шығындар ағыны және кірістер ағыны әдістерімен есептелуі мүмкін.

Жалпы ішкі өнім - аса маңызды микроэкономикалық, жалпылама көрсеткіштердің бірі, ол осы елдегі де, сондай-ақ басқа елдердегі де өндіріс факторларын пайдалана отырып, ел ішінде бір жыл бойына жасалған түпкі өнімнің (өнімнің тауарлардың, қызметтер көрсетудің) рыноктық бағамен есептелген жиынтық құнын білдіреді.

Жобалық қаржыландыру - мүлікті түзу және беру, сондай-ақ түзілген мүлікті пайдалану процесінде қызметтер көрсету және (немесе) тауарлар шығару және (немесе) жұмыстарды орындау үшін күтілетін жүйелі қаржылық төлемдер қамтамасыз етуі болып табылатын, талап ету құқығын беру арқылы ұзақ мерзімді жобаны қаржыландыруды ұйымдастыру тәсілі

Зейнетақы активтері - зейнетақы төлемдерін, аударымдарын қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ заңда көзделген өзге де мақсаттарға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары

Инвестициялар — лизинг шартын жасаған кезден бастап ли-зинг заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту.

Инвестициялық жоба — жана өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңғыртуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар кешені.

Инвестор - Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар.

Инкассалық жарлықтар- төлеушілердің шоттарынан атқару және соған теңелген құжаттар негізінде олардың ықтиярынсыз ақша қаражаттарын талассыз шығарып тастау.

Камералдық бақылау — салық төлеушілер берген салық есептемесін және басқа да құжаттарды зерделеу мен талдау негізінде тікелей салық органы жүзеге асыратын бақылау. Камерал-дық бақылау тікелей салық органының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Капиталдандыру - Акционерлік компания шығарған барлық бағалы қағаздардың капиталға айналдырылған жалпы сомасы Капиталдандыру облигацияларды, басқа да борыштық міндеттемелерді, артықшылықты акциялар мен жай акцияларды, сақтық капиталды қамтиды. Облигациялар мен борыштық міндеттемелер әдетте эмитенттің компаниясының кітаптарына өздерінің атаулы құны бойынша енгізіледі. Артықшылықты акциялар немесе жай акциялар атаулы құны бойынша немесе жарияланған құны бойынша жазылуы мүмкін. Жарияланған құн компанияның директорлары қабылдаған еркін шама болуы немесе компания бағалы қағаздарын шығарған сәтте оларды сатудан алған сома болуы мүмкін.

Кастодиан — бағалы қағаздар рыногының қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжатты қаржы құрал-дарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып оларды сақтауды жүзеге асыратын кәсіби қатысушы болып табылады. Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті заңдарға және шартқа сәйкес кастодиандық қызмет пен сейфтік операцияларға лицензиялары бар банктер жүзеге асырады. Кастодианға кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартқа сәйкес клиент берген ақша мен қаржы құралдары бұл қызметтің объектілері болып табылады.

Кепілзат - қарызды қамтамасыз ету ретінде жүретін мүлік немесе басқа да құндылықтар (кейде орталық банктер айқындайтын шарттар бойынша).

Кластер (cluster) - 1) топ, жиынтық; шоғырлану; 2) елді мекен; 3) қандай да бір ортақ нышанмен біріккен тұлғалар тобы.

Клиринг (clearing) - өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке жатқызудың негізінде тауарлар, бағалы қағаздар мен көрсетілетін қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі. Банкаралық клиринг (аталған елдің заңды тұлғаларының өзара ақшалай талаптарын есепке жатқызу жолымен банктердің арасындағы есеп айырысу) және халықаралық валюталық клиринг (сыртқы саудада және елдердің арасындағы экономикалық қатынастардың басқа да нысандарында халықаралық төлем жасау келісімдерінің негізінде жүзеге асырылатын есеп айырысу) болады. Биржалардағы клирингілік есеп айырысу жүйелері кеңінен қолданылады. Арнайы клирингілік палаталар, орталық банк немесе аса ірі коммерциялық банктер арқылы, ал бір банктің

бөлімшелерінің арасында - бас кеңсенің клирингтік бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

Клирингтік палата (clearing house) - өзара талаптарды есепке жатқызудың негізінде биржалық мәмілелердің қатысушыларының арасында есеп айырысуды жүзеге асыратын биржалық және биржа аралық орган.

Компанияның активтері - компанияның иеленетін және оған тиесілі нәрсенің бәрі - қолма қол ақша, инвестициялар, дебиторлық берешек, шикізат және материалдық құндылықтар, бұлар айналымдық капитал деп аталады, ғимараттар мен құрал-жабдық, бұлар негізгі капитал деп аталады, сондай-ақ патенттер және компанияның беделі, бұлар материалдық емес активтер деп аталады. Табысты, мұздатылған, өлі активтер болады.

Компанияның балансы (balance-sheet) фирманың немесе басқа ұйымның активтері мен пассивтерінің белгілі бір уақыт сәтіндегі құны туралы есептеме. Активтерге ақша, бағалы қағаздар, жер, ғимараттар мен құрылыстар, басқа да күрделі жабдық, тауарлық-материалдық қорлар, аяқталмаған өндіріс және борышкерлерден алынуға тиісті сомалар жатады. Пассивтер қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген борыштарды қамтиды. Активтердің пассивтерден артатын сомасы фирманың таза құны болып табылады. Егер бұл артуды фирманың өз акционерлері алдындағы міндеттемесі деп қарастыратын болсақ, активтер пассивтерге тең болып шығады да, баланс өзінің айқындамасына сәйкес келетін болады. Пассивтерінің құны активтерінің құнынан асып кететін кез келген фирма төлем жасауға қабілетсіз болып табылады. Баланста көрсетілген көрсеткіштердің барлығының бірдей дәрежеде шын бола бермейтінін атап өту керек. Мысалы, қолма-қол ақшаның құны тұп-тура дәл көрсетілуі мүмкін. Оңай сатып өткізілетін бағалы қағаздар мен тауарлардың құны да едәуір шын дәрежеде белгілі, әрине, олар тез өзгеріп отырады. Ал жер, ғимараттар, құрал-жабдық сияқты нақты активтердің, сондай-ақ қиын сатып өткізілетін бағалы қағаздардың құнына келетін болсақ, олар тек бағалаушылық сипатқа ғана ие.

Компанияның директоры (company director) - Компанияның директорлар кеңесінің (board of directors) мүшесі. Директорлар атқарушы, яғни компанияда толық немесе толық емес жұмыс күні еңбек ететін директорлар болуы және атқарушы емес директорлар болуы мүмкін. Атқарушы емес директорлар қызметіне ерекше білімі мен тәжірибесі немесе белгілі атақтары немесе жақсы беделі бар әрі компанияға салмақтылық бере алатын тұлғалар сайланады. Директорлардың міндеттері заңмен айқындалады, ал оларға Ұлыбританияда қойылатын талаптар Компаниялардың директорларын қызметінен босату туралы Заңда баяндалған.

Конкурстық масса - Борышкердің конкурстық өндіріс (соның ішінде банкроттық) барысында өндіріліп алынуы мүмкін мүлкі.

Консорциум - Бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың негізіндегі уақытша ерікті тең құқылы одақ (бірлестік), бұл одақта заңды тұлғалар нақты шаруашылық міндеттерді шешу үшін белгілі бір ресурстарын біріктіреді және күш-қуатын үйлестіреді. Консорциумның қатысушыларының өздерінің шаруашылық жүргізудегі дербестігін сақтайды және басқа консорциумдардың,

қауымдастықтардың қызметіне қатыса алады. Консорциумның қатысушыларының арасындағы қарым-қатынастар шарттық негізде құрылады. Консорциумды басқару консорциумның қатысушыларының консорциалдық келісіміне сәйкес жүзеге асырылады. Егер консорциалдық келісімде басқаша ескерілмеген болса, консорциумның қатысушылары консорциумның қызметіне байланысты міндеттемелер бойынша біріккен жауапкершілік көтереді. Консорциум өзінің қызметін алға қойылған міндет орындалғаннан кейін немесе өзінің қатысушыларының шешімі бойынша тоқтатады.

Корпоративтік сектор (corporate sector) - Экономиканың пайда алу үшін жұмыс істейтін компаниялардан құралатын бөлігі. Экономиканың осы секторына мемлекеттік сектор, ұлт меншігіне айналдырылған салалар, жекеменшік тұлғалар мен ерікті ұйымдар, мысалы, Ұлыбританияда жеке секторға жататын қайырымдылық ұйымдар қарсы тұрады.

Көгілдір фишкалар - Өздері алатын табыстары мен төленетін дивидендтерінің жоғары көрсеткіштерімен, қызметінің орташадан жоғары деңгейімен өздерін танытқан, аты барынша белгілі ірі компаниялардың әдеттегі жай акциялары.

Кредитор— Қазақстан Республикасының бюджеттік және азаматтық заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит беретін кредит шартының тарабы. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі кредитор болып табылады. Бюджеттік кредиттеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет етеді.

Кредиттік шарт — бюджеттік кредитті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және оны өтеу кезінде тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін, кредитор, бюджеттік бағдарлама әкімшісі және қарыз алушы арасындағы келісім.

Күшін жою - Күшін қайтару, үзу, тоқтату, күшінде жоқ деп тану.

Кірістерді бөлу нормативі - кірістерді әр түрлі деңгейлер бюджеттерінің арасында бөлудің пайыздық арақатынасы.

Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тыс жерлерде орналасқан олардың филиалдары мен өкілдіктері.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес — Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын тиімді пайдалану және оны қаржылық активтерге және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктерді орналастыру жөнінде ұсыныстар талдап-жасайтын консультациялық-кеңесші орган.

Қазынашылық міндеттеме — ерікті негізде халық арасында таратылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі, ол иелерінің ақшалай қаражатты бюджетке аударғанын куәландырады және осы бағалы қағаздарды бүкіл иелену кезеңінде тіркелген табыс алуына құқық береді.

Қайта инвестициялау (reinvestment) - Инвестициялық операциялардан табыс түрінде алынған қаражатты қайтадан қосымша құю. Қайта инвестициялау қызметінің бағыттары инвестициялардың өздерінің бағыттарымен бірдей. Қолданылу саласы әдетте бағалы қағаздар болып табылатын қаржылық қайта инвестициялау мен нақты қайта инвестициялау - кәсіпорындардың негізгі және айналымдық капиталына, ғылымға және т.б. қаражат құю болып бөлінеді.

Қайта сақтандыру - Экономикалық қатынастар жүйесі, мұнда сақтандырушы тәуекелдіктерді сақтандыруға қабылдай отырып, олар бойынша жауапкершіліктің бір бөлігін алдын ала келісілген шарттар бойынша теңдестірілген сақтандыру қоржынын құру үшін және сақтандыру операцияларының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін басқа сақтандырушыларға табыстайды.

Қайтарма облигация - Бұл облигацияны шығарған компания оны мерзімінен бұрын талап етіп ала алады.

Қайырымдылық көмек - жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатымен және коммерциялық емес ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатымен өтеусіз негізде берілетін мүлік.

Қалтарыс экономика (black economy) - Бұл экономикалық қызмет туралы әлеуметтік қамсыздандыру органдарына, салық және басқа мемлекеттік органдарға хабарланбайды. Терминге әдейі төмендететін мән беріледі, өйткені қалтарыс экономикаға қатысу әдетте салық төлеуден және әлеуметтік қорларға ақша аударудан бұлтарумен байланысты, ал онда қамтылған адамдар әлеуметтік төлемақылар мен жеңілдіктер (social security benefits) алу құқығынан айырылады. Сонымен қатар, қалтарыс экономикада еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауға, жұмыс берушінің жауапкершілігіне, қамтылуға кепілдіктерге, шетелдік жұмыскерлер жалдауға және т.б. қатысты заңдар бұзылады. Қалтарыс экономикадағы қызмет туралы құжаттық расталған ақпараттың болмауы табыстар мен қамтылу туралы ресми статистикалық деректердің сенімділігін төмендетеді.

Қамтамасыз етілген облигация - Бұл облигация бойынша эмитенттің міндеттемелерін орындауы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес эмитенттің мүлкін кепілге салумен, кепілдемемен және басқа да тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

Қаржы — ақша қаражатын, қаржы ресурстарын олардың жаса-луы мен қозғалысы, бөлінісі мен қайта бөлінісі тұрғысынан алып қарайтын, сондай-ақ шарушылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуларға, ақша айналысына байланысты туындайтын экономикалық қатынастарды білдіретін қорытындылаушы экономикалық термин.

Қаржы агенттігі - Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банк немесе ұйым, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәзілетті және сол мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығында және (немесе) халықаралық қаржы нарығында қарыз алуды жүзеге асырады.

Қаржы есептемесі — егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, нысаны мен көлемін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және олардың қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат.

Қаржы есептемесін бақылау — мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің қаржылық есептемесін жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақтылығын бағалау.

Қаржы жүйесі - белгілі бір қоғамдық-экономикалық форма-ция шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы; тар мағынада — мемлекеттің қаржы мекемелерінің жүйесі.

Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клиринг - Қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуларға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерін есепке жатқызу.

Қаржы құралы - Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберілген бағалы қағаздар (соның ішінде туынды бағалы қағаздар) және қаржы нарығының басқа да активтері.

Қаржы құралы - Қаржылық міндеттеменің кез келген түрі.

Қаржы менеджменті - кәсіпорында инвестицияларды қоса барлық қаржы процестерін қалыптастыру және реттеу, жоспарлау, шешімдер қабылдау, өкімдер әзірлеу және бақылау сатыларын қамтиды; демек, бұл ұғымның ауқымы тар мағынадағы қаржылық жоспарлау ұғымының ауқымынан кең. Стратегиялық қаржы менеджменті инвестицияларды және капитал құрылымын ұзақ мерзімді басқаруды қамтиды. Оралымды қаржы менеджменті өтімділікті қамтамасыз етуге жатады.

Қаржы министрлігі - кредиттік, валюталық, ақша, салық және кедендік саясаттармен өзара байланысты мемлекеттің бірыңғай қаржылық саясатының стратегиялық бағыттарын әзірлеу және іс жүзінде жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттің сыртқы экономикалық қаржылық саясатын әзірлеуді жүзеге асыратын орталық қаржылық экономикалық орган.

Қаржы нарығы - қаржы қызметтерін көрсету және тұтынуға, сондай-ақ қаржы құралдарының шығарылуы мен айналысына байланысты қарым-қатынастар жиынтығы.

Қаржыландыру - Ағымдағы шығындар мен күрделі жұмсалымдарды қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету кәсіпорынның (компанияның) немесе мемлекеттің меншік қаражаттарының, тартылған, қарыз қаражаттар мен басқаларының есебінен жүзеге асырылады.

Қаржыландыру — ұлттық шарушылықты дамытуға, әлеуметтік-мәдени шараларға, қорғанысқа және басқа қажеттерге жұмсалатын қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; кәсіпорындардың, бірлестіктердің меншікті қаражаты, мемлекеттік бюджеттен және басқа көздерден бөлінетін қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Қаржылар I - материалдық категория ретінде – мемлекет меншігіндегі ақша қаражаттары қорларының жиынтығы.

Қаржылар 2 - экономикалық категория ретінде мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу, сондай-ақ пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Қаржылық бақылау – қаржылық қызмет қатысушыларының өз қаржылық міндеттемелерін орындауларын тексеру, жөніндегі мемлекеттік органдарының іс-әрекеті.

Қаржылық жыл - күнтізбелік жылдың і қаңтарында басталып. Іі желтоқсанында аяқталатын тұрақты бюджеттікөесепке алу кезеңі.

Қаржылық құқық - мемлекеттің еліміздің ақша жүйесін қалыптастыру және оның ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесінде, сондай-ақ мемлекеттің ақша; қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Қаржылық құқықтық нормалар – мемлекеттің қаржылық қызметінің процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды тәртіп қағидаларын белгілейтін құқықтық нормалар.

Қаржылық тәртіп – мемлекеттің талап бұйырғанынан көрініс тапқан өз міндеттерін барлық қаржылық қызметке қатысушылардың қатаң және дәл сақтаулары.

Қарыз - жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің қайтарма негізде және белгілі бір мерзімге ақшалай қаражат алуы. Қарыз пайызынсыз, жеңілдікті қарыз және коммерциялық шартқа негізделген қарыз, сондай-ақ ішкі және сыртқы қарыз түрлеріне бөлінеді. Қарыз мемлекеттің экономикалық саясатында кең пайдаланылады; мемлекеттің жеке және заңды тұлғалардан алған ішкі қарызы мемлекеттің ішкі борышын құрайды, мемлекет шетелден кредит алған жағдайда мемлекеттің сыртқы борышы құралады.

Қарызгер - Несиелік қарым-қатынас субъектілерінің бірі, несие алушы, ол уақытша қарызға алынған құнды қайтаруға кепілдік береді.

Қор индексі - Қор нарығында не болып жатқандығын түсіну үшін, түрлі акцияларға салымының кірісін орташалау қажет. Ал, оларың саны нарықта мыңнан асады. Сондықтан, жалпы бағалы қағаздар нарығының жай-күйін пайымдау үшін инвесторға «өлшеуіш құрал» керек. Дәл осы құрал ретінде индекстер қолданылады. Индексті құру тәсілі әртүрлі. Сондықтан, бір мезгілде бір ғана нарықтың бірнеше түрлі (тіпті көптеген) индекстері болуы мүмкін. Индекстер нарықтың серпінділігі мен жай - күйін сипаттайтын, ондағы өткен өзгерістерді бақылап отыратын және келешектегі оның бет алысын болжауға мүмкіндік беретін бағалы қағаздар нарығының индикаторы болып саналады. Листингтік компаниялар бағалы қағаздарының кірісі мен баға көрсеткіштері индекс есеп айырысының негізі болып табылады.

Қор нарығы - акциялар, облигациялар және т.б. бағалы қағаздарды сату-сатып алу жөніндегі ұйымдасқан және үнемі қызмет көрсететін нарық түрі

Қоржындық инвестициялар - Мемлекеттік бағалы қағаздарды, коммерциялық ұйымдардың облигациялары мен басқа да бағалы қағаздарын сатып алу, сондай-ақ заңды тұлғаның акцияларын сатып алу (қатысушының салымын енгізу), соның нәтижесінде осындай сатып алуды (салым енгізуді)

жүзеге асырушы тұлғаға аталған заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының 10 пайызынан кемі (қатысушылардың дауыстарының 10 пайызынан кемі) тиесілі болады.

Құжатсыз бағалы қағаз - Құжатсыз нысанда шығарылған бағалы қағаз (электрондық түрде).

Құпия мәлімет - Мемлекеттік құпия болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе тараптардың келісімі бойынша оған қол жеткізуге шек қойылған ақпарат.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры - белгіленген тәртіппен салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын жинайтын және алушыларға зейнетақы төлемдерін төлейтін, сондай-ақ зейнетақы активтерін қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырып, оларды бағалы қағаздарға, банктердің депозиттеріне, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестициялайтын заңды тұлға; құрылтайшысы Үкімет болып табылатын акционерлік қоғам нысанында құрылады.

Мемлекеттік кредит - кредит қатынастарының жүйесі, бұл қатынастарда мемлекет өз органдары арқылы қарызгер, ал жеке және заңды тұлғалар несиегерлер болып табылады. Мемлекеттік кредит арқылы қайтарымдылық негізінде мемлекеттің шығында-рын қаржыландыру үшін ақшалай қаражат шоғырландырылады.

Мемлекеттік қарыз - қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі немесе жергілікті атқарушы органдар болатын қарыз қатынастары.

Нақтыланған бюджет — атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет.

Облигация - шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүліктік балама түріндегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз. Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

Портфельдік инвестиция — қор рыногында конъюнктураның өзгеруіне қарай кейіннен сату үшін бағалы қағаздарды сатып алу; несиегерге тәуелсіз қарызгерге кредит беру. Портфельдік инвестицияның негізгі мақсаты – алып-сатарлықпен (қор рыногында ойнаудан) пайда алу немесе кредит бойынша пайыз алу.

Ревизия – кәсіпорындар мекемелердің қаржылық –шаруашылық қызметінің заңды түрде және мақсатқа сәйкес жүргізілуін алғашқы ақша құжаттары мен бухгалтерлік жазбаларды зерттеулерге негізделген тексеру.

Сақтандыру - сақтық ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтық төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтық жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүдделерін мүліктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Сақтық рыногы — сақтандыру бойынша қызметтер көрсету саласы, бұл қызметтерді сақтық компаниялары көрсетеді.

Сақтық ұйымы (сақтандырушы) - уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру шарттарының жасалуы мен орындалуы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Салықтар - жалпы мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында, заң негізінде, сондай-ақ заңда белгіленген мөлшерде және уақытта салық төлеушілердің бюджеттерге төлейтін қайтарылмайтын түрдегі, жекелей ақысыз негіздегі міндетті ақшалай төлемдері.

Салықтық бақылау - салық службасы органдарының салық заңнамасының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылауы.

Салықтық тексеру - салық службасының органдары жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының орындалуын тексеру. Ұйғарымда көрсетілген салық службасы органдарының лауазымды адамдары мен салық төлеуші салықтық тексерулеріне қатысушылар болып табылады.

Салықтық түсімдер - Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

Секвестр- бюджет қаражаттарын жұмсауға белгілі бір шектерде тиым салуды көздейтін арнайы тетік, ол бюджетті атқару кезінде бекітілген бюджетке түсетін түсімдер қысқартылған, соның нәтижесінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмайтын жағдайда енгізіледі.

Сыртқы қарыз — қарыз беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес, ал қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті болатын қарыз қатынастары.

Сыртқы сауда - Қазақстан Республикасынан тауарлар әкетумен және (немесе) Қазақстан Республикасына тауарлар әкелумен байланысты сауда қызметі.

Тауар - айналымнан алынбаған, сатуға немесе айырбасқа арналған кез келген еңбек өнімі.

Трансферттер - бюджетке және Қазақстан Республикасының ұлттық қорына, сондай-ақ бюджеттен, соның ішінде жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының ұлттық қорынан бюджетке төленетін өтеусіз және қайтарылмайтын төлемдер.

Ұлттық қор - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шотында шоғырландырылатын, мемлекеттің қаржылық актив түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүлік түріндегі активтері.

Хеджерлеу - коммерциялық және валюталық қатерден сақтандыру, оның мәні нақты тауарды ұқсас мерзімге сатумен бір мезгілде фьючерстік келісім шарттарды сатып алуда (сатуда) және тауарды нақты жеткізу мерзімі басталғаннан кейін кері операция жүргізуде. Хеджерлеуді пайдалана отырып, тауар иесі оның құнсыздануы салдарынан болатын шығасыдан сақтандырады, бірақ баға көтерілгенде ықтимал пайдадан бас тартпайды.

Эмиссиялық бағалы қағаздар — бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағдай негізінде орналастырылатын және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар.

Эмиссиялық емес бағалы қағаздар - заңнамалық актілерде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

Эмитенттер — қодданылып жүрген заңдарға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Тесттік тапсырмалар

1 Қандай экономикалық категория қоғамдық өнім құнының бөліну және қайта бөліне процесінде туындайтын, нәтижесінде қайта өндірушілердің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін олардың ақшалай табыстары, жинақтары және қорлары қолданылатын және құрылатын ерекше экономикалық қатынастардың жиынтығы ретінде сипатталады?

- A) несие
- B) таза табыс
- C) салықтар
- D) қаржы
- E) жалпы табыс

2 Орталықтандырылған қаржыларға не жатады?

- A) кәсіпорын табысы
- B) жұмысшылардың еңбекақысы
- C) амортизациялық аударымдар
- D) заңды тұлғалардың табысы
- E) жалпы мемлекеттік қаржы

3 Мемлекеттік қаржылар қандай функциялар орындайды?

- A) бөліп таратушылық және бақылау
- B) әлеуметтік және экономикалық
- C) бөліп таратушылық, бақылау және реттеушілік
- D) субективті және қоғамдық
- E) мақсатты, реттеуші және жинақтаушы

4 Қоғамдық қаржыларға не жатады?

- A) бағалы тастармен жүргізілетін операциялар
- B) салықтар
- C) ҚР Ұлттық Банкінің операциялары
- D) жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар
- E) ломбардтар

5 Қаржының қандай функциясы өндіріс процесіне қаржы арқылы (мемлекеттік шығындар, салықтар, мемлекеттік несие) мемлекеттің араласуымен байланысты?

- A) жинақтаушы
- B) ынталандырушы
- C) бақылау
- D) бөліп тарату
- E) тұрақтандырушы

6 Қоғамдық немесе мемлекеттік қаржы неден тұрады?

- A) мемлекеттік бюджет, салықтар, мемлекеттік несие және т.б.
- B) ҚР ҰБ операциялары, коммерциялық банк операциялары, ақша эмиссиясы, мемлекеттік емес қаржылар және т.б.
- C) тұрақты емес сала кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржылары, өндірістік процестің басқа да субъектілерінің қаржылары және т.б.

Д) вексельдермен, бағалы металдармен, тастармен және т.б. жүргізілетін операциялар.

Е) ХҚҰ, халықаралық несие және т.б.

7 *Екінші ретті қаржылық нарыққа не жатады?*

А) мемлекеттік бюджет, салықтар, мемлекеттік несие және т.б.

В) ҚР Ұлттық банкісінің операциялары, коммерциялық банктер операциялары, ақша эмиссиясы, мемлекеттік емес қаржылар және т.б.

С) тұрақты емес сала кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржылары, өндірістік процестің басқа да субъектілерінің қаржылары және т.б.

Д) вексельдермен, бағалы металдармен, тастармен және т.б. жүргізілетін операциялар.

Е) ХҚҰ, халықаралық несие және т.б.

8 *Халықаралық қаржыларға не жатады?*

А) мемлекеттік бюджет, салықтар, мемлекеттік несие және т.б.

В) ҚР Ұлттық банкісінің операциялары, коммерциялық банктер операциялары, ақша эмиссиясы, мемлекеттік емес қаржылар және т.б.

С) тұрақты емес сала кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржылары, өндірістік процестің басқа да субъектілерінің қаржылары және т.б.

Д) вексельдермен, бағалы металдармен, тастармен және т.б. жүргізілетін операциялар.

Е) ХҚҰ, халықаралық несие және т.б.

9 *Мемлекеттік қаржылар құрамына не кірмейді?*

А) мемлекеттік бюджет

В) салықтар

С) ақша эмиссиясы

Д) мемлекеттік кәсіпорындар қаржысы

Е) жеке сақтандыру

10 *Қаржының негізі, қаржы жүйесінің бастапқы буыны не болып табылады?*

А) өндірістік сала кәсіпорындарының қаржысы

В) жалпы мемлекеттік қаржылар

С) халықтың қаржысы

Д) мемлекеттік бюджет

Е) өндірістік емес саланың кәсіпорындарының қаржысы

11 *Қаржылық жүйенің ерекше бөлігін не құрайды?*

А) өндірістік сала кәсіпорындарының қаржысы

В) жалпы мемлекеттік қаржылар

С) халықтың қаржысы

Д) мемлекеттік бюджет

Е) өндірістік емес саланың кәсіпорындарының қаржысы

12 *Мемлекеттік қаржылық органдардың орталықтандырылған басқару кезінде жергілікті қаржы органдарына, кәсіпорындар мен ұйымдарға да дербестік пен көптеген құқықтар берілетін қағида қай жерде көрінеді?*

А) қаржы жүйесінің бірлестігінде

В) орталықтандырылған басқару мен демократизмді үйлестіру

С) ұлттық және аймақтық мүдделерді сақтау

- D) қаржы жүйесінің жеке құрамды элементтерінің функционалды мақсаты
E) қаржылық резервтерді құру
- 13 ҚР аумағында қандай қаржы жүйесі қолданылады?
A) ашық
B) аралас
C) шектелген
D) жабық
E) халықаралық
- 14 Қаржы жүйесі түсінігі нені қамтиды?
A) қатынастар негізінде тиісті ақша қаражаты қорлары қолданылатын қатынастар жиынтығы
B) ақша қаражаты қорларын сипаттайтын қатынастар жиынтығы
C) қатынастар негізінде тиісті ақша қаражаты қорлары және де сол қатынастарды ұйымдастырушы органдардың қаражаттары қолданылатын қатынастар жиынтығы
D) қатынастарды ұйымдастырушы органдар жиынтығы
E) ақша қатынастары және басқарудың тиісті әдістері жүйесін
- 15 Қаржылық жүйенің негізгі қасиеттеріне не жатады?
A) зақымданбайтындылық
B) бір қалыптылық
C) шиеленісшілік
D) сенімділік
E) тиімсіздік
- 16 ҚР қаржы жүйесі қандай буындардан тұрады?
A) мемлекеттік қаржылар
B) мемлекеттік қаржы, шаруашылық субъектілерінің қаржысы, халық қаржысы
C) мемлекеттік және жергілікті қаржы
D) мемлекеттік несие
E) үй шаруашылығының қаржысы
- 17 ҚР мемлекеттік қаржысы құрамына кірмейтін элементтер бұл ...
A) коммерциялық кәсіпорындардың қаржысы
B) мемлекеттік бюджет
C) бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар
D) мемлекеттік несие
E) республикалық бюджет
- 18 Ұйымның қаржыны жоспарлау және басқару формалар, түрлері және әдістері жүйесі қалай аталады?
A) қаржылық механизм
B) қаржылық жүйе
C) қаржылық бақылау
D) қаржылық қатынас
E) қаржылық құрылым

19 Ұзақ мерзімді болашаққа есептелген және экономиканың және қоғамның әлеуметтік дамуының көлемді мақсаттарын шешуді қарастыратын курс неден тұрады?

- A) қаржылық тактика
- B) қаржылық стратегия
- C) қаржылық саясат
- D) қаржылық механизм
- E) қаржылық саясат принципі

20 Маңызды тапсырмаларды орындауға назар аудару, ел экономикасындағы, аймақ, салада және қаржыларда орын алатын ауытқулар мен сәйкессіздіктерді реттеу, стратегиялық нұсқамаларды не нақтылайды?

- A) қаржылық тактика
- B) қаржылық стратегия
- C) қаржылық саясат
- D) қаржылық механизм
- E) қаржылық саясат принципі

21 Қоғам дамуы заңына сәйкес және экономикалық заңдар қызметін есепке ала отырып қаржыны жоспарлы ұйымдастыру және қолдану – бұл...

- A) қаржылық саясат міндеті
- B) қаржылық саясат мазмұны
- C) қаржылық саясат мақсаты
- D) қаржылық саясат принципі
- E) қаржылық саясат ойы

22 Мемлекеттің қаржылық саясаты – бұл...

A) мемлекеттің функцияларын орындау мақсатында қаржылық ресурстарды жинақтау, орынды қолдану және тиімді бөлуге бағытталған мемлекет қызметінің ерекше саласы

B) негізгі мақсаты қаржыны басқару субъектілері арасындағы қаржылық қатынастарды дамытуға ыпал ету болатын қаржылық институттар жиынтығы

C) қатынастар негізінде тиісті ақша қаражаты қорлары және де сол қатынастарды ұйымдастырушы органдардың қаражаттары қолданылатын қатынастар жиынтығы

D) мемлекет функцияларын қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық буындар жиынтығы

E) белгілі бір кезеңге мемлекеттің және нақты бір шаруашылық субъектілерінің қаржылық жағдайын болжамдау

23 Қаржылық механизм – бұл...

A) әртүрлі тактикалық тапсырмаларды шешумен байланысты орын алатын қаржылық саясаттың динамикалық бөлігі

B) қаржылық ресурстарды жұмылдыруға бағытталған мемлекеттің ерекше қызмет саласы

C) мемлекеттің функцияларын орыналуын қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық бөлімдер жиынтығы

D) экономикалық қатынастар жиынтығы

Е) мақсаты қаржыны дамуына ықпал ету болып табылатын қаржылық институттар жиынтығы

24. *Қаржылық механизм құрылымына не кіреді?*

- А) мемлекеттік бюджет және мемлекеттік несие
- В) мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс қорлар
- С) қаржылық көрсеткіштер, блок, бақылау
- Д) қаржылық бақылау, бөлімше, буын
- Е) бөлімше, блок, элементтер

25 *Инвестициялық саясат – бұл...*

А) мемлекеттің инвестициялық қызметті қаржыландыруға деген қатынасын көрсететін қаржылық саясаттың бір бөлігі

В) экономиканың салаларна инвестициялауды қамтамасыз ететін қаржылық жүйе жиынтығы

С) атқарушы және заңнамалық биліктің бюджеттік процесте нақты қызмет атқаруын анықтайтын жүйе

Д) ссудлық капитал есебінен ішкі шаруашылық есептеулердің қызмет атқаруын қамтамасыз ететін несие жүйесі

Е) нақты мемлекеттің мүдделерін қозғамайтын нақты қаржы сегментіндегі негізгі ойын шарттары

26 *Несие саясаты нені қамтамасыз етеді?*

А) бюджеттік процес субъектілерінің міндеттерін

В) айналым қаражаттарын толықтыруға және де инвестициялауға қарыз алу мүмкіндігі

С) шетелдік тауарлар мен қызметтердің ішкі нарығына қол жеткізу

Д) ссудалық капиталдан ішкі шаруашылық есептеулердің қызмет атқаруы

Е) мемлекеттің инвестициялық қызметті қаржыландыруға деген қатынасы

27 *Мемлекеттің қаржы саясатының негізгі құралы не болып табылады?*

А) қаржылық механизм

В) мемлекет қаржысы

С) қаржылық тактика

Д) қаржылық стратегия

Е) қаржылық блоктар

28 *бюджеттік саясат немен анықталады?*

А) заңды және жеке актілермен

В) кедендік актілермен

С) құндық актілермен

Д) жалпы және заңнамалық актілермен

Е) ақша-несиелік актілермен

29 *Қаржыны басқаруда маңызды рөлді не ойнайды?*

А) бақылау жүйесін қаржымен қамтамасыз ету

В) тұрақтылықты қамтамасыз ету

С) шаруашылық субъектілері арасындағы қатынастар

Д) экономикалық өсімнің жоғарылауы

Е) экономикалық қатынастарды басқару

30 Қаржылық және экономикалық және әлеуметтік байланысты жүйелерді оларды жетілдіру және дамыту мақсатында ықпал ету процесі – бұл:

- A) қаржыны жоспарлау
- B) қаржыны басқару
- C) жүйені басқару
- D) бюджетті басқару
- E) салықтарды басқару

31 Қаржыны басқаруда қаржыны басқару жүйесін қамтамасыз ету маңызды орын алады, оған кіреді:

- A) нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
- B) әлеуметтік-еңбектік
- C) экономикалық қамтамасыз ету
- D) есептілік қамтамасыз ету
- E) реттелген қамтамасыз ету

32 Қаржыны басқарудың негізгі әдістеріне не жатады?

- A) жоспарлау және бақылау
- B) жұмылдыру және болжау
- C) жоспарлау, болжау және реттеу
- D) бақылау және жұмылдыру
- E) реттеу

33 Мемлекеттің болашақтағы қаржылық жағдайын болжау қалай аталады?

- A) жоспарлау
- B) бақылау
- C) болжау
- D) басқару
- E) қамтамасыз ету

34 Қаржылық жоспарлаудың негізгі объектісі не болып табылады?

- A) мемлекеттік бюджет
- B) қаржы буындары
- C) бюджеттік шығындар
- D) бюджеттік табыстар
- E) шаруашылық субъектілерінің ақша қаражаттары

35 Жиынтық қаржылық баланс – бұл:

- A) кәсіпорынның кірістер мен шығыстар балансы
- B) кәсіпорынның жиынтық сметасы
- C) орта мерзімді кезеңге (бес жылдық) жалпы мемлекеттік даму

болжамының қаржылық бағдарламасы

- D) шаруашылық субъектілерінің қаржылық бағдарламасы
- E) мемлекеттің 20 жылға арналған қаржылық бағдарламасы

36 мемлекеттің қаржыл қызметінің әдістеріне не жатпайды?

- A) міндетті және ерікті төлемдер әдісі
- B) қаржыландыру
- C) несиелеу
- D) қолма қол және қолма қолсыз есеп айырысу әдістері
- E) шығындарды қысқарту әдісі

37 Қазақстан Республикасындағы қаржыны стратегиялық басқару қай органға жүктелген:

А) Праламент, Президент, үкімет, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, ҚР-ның Қаржы және мемлекеттік табыстары министрлігі;

В) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, ҚР-ның Қаржы және мемлекеттік табыстары министрлігі;

С) Президент, Шоттық комитет Парламент, ұлттық Банк, ҚР-ның Қаржы және мемлекеттік табыстары министрлігі;

Д) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

38 Профицит дегеніміз не?

А) шығындардың табысқа тең болуы;

В) шығындардың табыстардан артуы;

С) табыстардың шығындардан артуы;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

39 Бюджет тапшылығын жабу әдісі қандай:

А) бюджет шығындарын арттыруы;

В) салық салуды азайту;

С) салық салуды арттыруды;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

40 Мемлекеттік бюджет – бұл:

А) мемлекеттің табыстары мен шығындарының шоты;

В) мемлекеттік табыстың барлық көздері;

С) мемлекеттік шығындардың барлық баптары;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

50 Қаржы субъектісі болып кім табылады:

А) мемлекет;

В) шаруашылық субъектісі;

С) жеке тұлға;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

51 Дефицит дегеніміз не:

А) шығындардың табысқа тең;

В) шығындардың табыстардан артуы;

С) табыстардың шығындардан артуы;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

52 Бюджет тапшылығын жабу әдісі қандай:

А) ақша эмиссиясы;

В) салық салуды арттыру;

С) мемлекеттік қарыздар;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

53 Мемлекеттік бюджет тапшылығы ненің көмегімен қаржыландырылады:

А) меншік құқығын қайта бөлу;

В) алтын валюта резервін сату;

С) ақша және мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

54 Бюджет қай жерде болады:

А) тек мемлекетте ғана;

В) мемлекетте жіне экономиканың нақты секторында;

С) барлық экономикалық субъектілерде;

Д) федералды деңгейдің маңызды құрылымдарында;

Е) барлық жауаптар дұрыс емес.

55 Қаржы ресурстары болып не табылады:

А) жалпы қоғамдық өнімді және ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекеттік және басқа да экономикалық агенттер қалыптасатын ақша жинақтары мен ақша қоры;

В) ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекеттік және басқа да экономикалық агенттер қалыптасатын ақша қорлары;

С) жалпы қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекеттік және басқа да экономикалық агенттер қалыптасатын ақша қорлары;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

56 Мемлекеттік бюджет неден құралады:

А) салықтан;

В) жинақтардан;

С) кеден салығынан;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

57 Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі – бұл:

А) жалпы мемлекеттік қаржылар, шаруашылық субъектілер қаржысы, тұрғындар қаржысы;

В) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, сақтандыру қорлары, кәсіпорын қаржылары;

С) мемлекеттік бюджет, жергілікті бюджет, корпоративті қаржысы, тұрғындар қаржысы;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

58 Жергілікті бюджет – бұл:

А) мемлекеттің нақты бір мақсатта пайдаланатын және заң жүзінде бекітілген пайда болу көздері бар ақша ресурстарының жиынтығы;

В) мемлекеттің орталықтандырылған ақша қаражаттарын құру және пайдалану арқылы қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процессінде мемлекет және қоғамдық өндіріс қатысушылары арасында пайда болатын ақша қатынастары;

С) экономикалық қатынастар, олар арқылы басқарудың жергілікті органдардың қоғамдық өнімнің бір бөлігін ақшалай формада мобилдейді, бөледі және өз өкілеттіліктеріне сәйкес пайдаланады;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

59 Қаржы қорлары болып не табылады:

А) жалпы қоғамдық өнімді және ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекет және басқа да экономикалық агенттер қалыптастыратын ақша жинақтары мен ақша қорлары;

В) жалпы қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу кезінде мемлекет және басқа да экономикалық агенттер қалыптастыратын ақша қорлары;

С) қаржылық әдістермен құрылған, белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруда пайдаланылатын мақсатты ақша қаражаттары;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

60 Қандай қатынастар ақшалай қатынастар болып табылады:

А) орталықтанған және орталықтанбаған қорларды қалыптастырмайтын және тұлғалар арасындағы қатынастар;

В) орталықтанған қорды қалыптастырумен байланысты жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы қатынастар;

С) орталықтанбаған қорларды қалыптастырумен байланысты жеке және заңды тұлғалар арасындағы қатынастар;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

61 Қаржының қай функциясы қоғамдық өнімді құндық бөлу және қайта бөлу процесін бақылау, ақша қаражаттарының орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорларын құру және пайдалану құралы болып табылады:

А) бөлу;

В) бақылау;

С) реттеу;

Д) барлық жауап дұрыс;

Е) берілген жауаптар дұрыс емес.

62 Қай қаржылық механизм тікелей мемлекет қатыспайтын, бірақ ережесін ұсынатын қаржылық қатынастар үшін дайындалады:

А) директивті;

В) реттеуші;

С) классикалық;

Д) бақылаушы;

Е) барлық жауаптар дұрыс емес.

63 Қаржы дегеніміз не:

А) жеке және заңды тұлғалар арасындағы ақшалай қатынас;

В) орталықтанған және орталықтанбаған қорларды қалыптастыру бойынша жеке, заңды тұлғалар және мемлекет арасындағы ақшалай қатынас;

С) банктер арасындағы несиелік қатынастар;

D) мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастар;

E) барлық жауаптар дұрыс емес.

64 *Орталықтандырылған қорлар – бұл:*

A) мемлекеттік бюджет және арнайы бюджеттен тыс қорлар;

B) қаржылық резервтер және валюталық қорлар және шаруашылық органдардың басқа да ақшалай қорлары;

C) амортизациялық қорлар;

D) тұрғындар қаржысы;

E) барлық жауаптар дұрыс емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

- 1 «Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995г. с изменениями и дополнениями от 7.10.1998г.
- 2 Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая и особенная части). – Алматы: Юрист, 2002. – 329с.
- 3 Стратегия развития Казахстана до 2050 года
- 4 Основные направления внутренней и внешней политики (на соответствующий год). Ежегодные Послания Президента Н.Назарбаева РК народу Казахстана
- 5 Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан до 2030г.
- 6 Об утверждении Концепции индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы. - Постановление Правительства РК от 31.12.2013г. - № 1497
- 7 Дорожная карта развития Казахстана до 2020г.
- 8 О Концепции по внедрению системы государственного планирования, ориентированного на результаты.
- 9 Постановление Правительства РК от 16.07.2007г. №599 «О методике расчетов трансфертов общего характера».
- 10 Постановление Правительства РК от 29.08.2007г. №754 «О Среднесрочной фискальной политике Правительства РК на 2008-2010 годы» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 16.05.2008г.)
- 11 Закон РК от 03.12.2013г. №149-V ЗРК «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами города республиканского значения, столицы на 2014-2016 годы»
- 12 Закон РК от 29.11.2013г. №147-V ЗРК «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2014-2016 годы»
- 13 Закон РК от 30.11.2010г. №359-IV ЗРК «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами города республиканского значения, столицы на 2011-2013 годы»
- 14 Отчет Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета (заключение к отчету Правительства).
- 15 Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года, утверждена постановлением Правительства РК от 29.08.2014г. №954
- 16 Постановление Правительства РК от 5.12.2008г. №1164 Об утверждении Меморандума об основных принципах деятельности АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына»
- 17 Закон РК от 01.03.2011 N413-IV ЗРК «О государственном имуществе»
- 18 Указ Президента РК «О Стратегическом плане развития РК до 2020 года» от 1.02.2010г. №922
- 19 Бюджетный кодекс РК от 24.04.2004г. (с изм. от 24.10.2010г. № 95-IV)

20 Закон РК от 21.07.2007г. №303 «О государственных закупках» //Казахстанская правда от 07.08.2007г. - №121 (25366); Ведомости Парламента РК, 2007. - №17 (2498), ст.135

Қосымша:

21 Мельников В.Д. Основы финансов: Учебник для вузов – Алматы: ТОО «ЛЕМ», 2007. - 568 с.

22 Мельников В.Д. Финансы. Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «ЛЕМ», 2013. – 600с.

23 Сейткасимов Г.С. Макроэкономические проблемы современной экономики Казахстана: монография. - Астана: КазУЭФМТ, 2010. - 350 с.

24 Сахариев С.С. и др. Финансы. Электронный учебник. – Алматы: Нур-пресс, 2005. – 450 с.

25 Омирбаев С.М. Финансы. – Астана: ТОО Арко, 2003. – 385с.

26 Омирбаев С.М. Бюджетная система Республики Казахстан. Учебник. - Астана, 2007.- 487 с.

27 Интыкбаева, С.Ж. Система государственных расходов: результативность и эффективность финансирования // Вестник университета "Кайнар", 2003. - №2. - С. 53-58

28 Омирбаев С.М., Интыкбаева С.Ж., Адамбекова А.А., Парманова Р.С. Государственный бюджет. Учебник - [Электронный ресурс]. - Алматы: Дәуір, 2011. – 632с. - ISBN: 978-601-222-061-2 <http://institutiones.com/general/2066-gosudarstvennyj-byudzh-et-omirbaev.html>

29 Утибаев Б.С., Жунусова Р.М., Саткалиева В.А. Государственный бюджет. – Алматы: Экономика, 2006. – 412с.

30 Зейнельгабдин А.Б. Финансовая система: экономическое содержание и механизм использования. - Алматы: Каржы-Каражат, 1995

31 Интыкбаева С.Ж. Государственные финансы: Учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2007. -

32 Практикум по налогам и налогообложению: учебное пособие / С.Ж. Интыкбаева, М.Т. Кульжабаева. - Алматы: Экономика, 2011. - 256 с. - ISBN 978-601-225-274-3

33 Интыкбаева С.Ж., Исабекова А.С. Основы управления финансовыми рисками компании // Банки Казахстана, 2011. - № 4.-С.9-13

34 Интыкбаева С.Ж. Гражданский бюджет как индикатор прозрачности государственного бюджета // Банки Казахстана, 2011. - № 12. - С.9-14

35 Интыкбаева С.Ж. Бюджетные регуляторы как инструменты управления государственным сектором // ҚазЭУ хабаршысы, 2011. - № 5-6. - С.124-129

36 Национальная экономика. Учебник. Под. ред. Абишева А.А. и Сидоровича А.В. - Алматы. - Экономика. - 2009. - 563с.

37 Ван Хорн Дж. К. Основы управления финансами: перевод с англ. / под ред. Соколова Я.В. - М.: Финансы и статистика, 1996. - 569с.

38 Бабич А.М. Государственные и муниципальные финансы [Электронный ресурс]: учебник для вузов. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ЮНИТИ- ДАНА, 2012. - 703 с. - ISBN 5-238-00413-3

39 Государственные и муниципальные финансы: учебное пособие для студентов вузов / под ред. Г.Б.Поляка. - 3-е изд. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008. - 375 с.

40 Поляк Г.Б. Государственные и муниципальные финансы [Электронный ресурс] : учеб. пособие. - 3-е изд., перераб. и доп. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2012. - 375 с. - ISBN 978-5-238-01466-1.

41 Государственные и муниципальные финансы. Учебник. – Изд. 2-е, дополненное и переработанное /под общей редакцией И.Д. Мацкуляка. – М.: Изд-во РАГС, 2007. – 640с.

42 Брайчева Т.В. Государственные финансы. Учебное пособие. –СПб: Питер, 2001. – 288 с.

43 Государственные и муниципальные финансы: Учебник / И.Н. Мысляева. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2007. - 360 с.

44 Государственные и муниципальные финансы: Учебник / И.Н. Мысляева. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014. - 393 с. - ISBN 978-5-16-005276-2,

45 Подъяблонская Л.М. Государственные и муниципальные финансы [Электронный ресурс]: Учебник. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. - 559 с. - ISBN 978-5-238-01488-3.

46 Сартанова Н.Т. Проблемы формирования местных бюджетов и пути их решения. - Материалы международной научно-практической конференции «Государственное регулирование региональной экономики: проблемы теории и практики». – Астана: РГКП «Институт экономики», 2010. – С. 330-337

47 Сартанова Н.Т. Основные направления формирования и использования финансирования и использования финансовых ресурсов государства // Вестник регионального развития, 2011. - № 4(30). – С. 97-102

48 Сартанова Н.Т., Сейтова Г.Т. Основные направления совершенствования межбюджетных отношений в Республике Казахстан // 3i: intellect, Idea, innovation – интеллект, идея, инновация, 2012. - № 4. – С. 134-140

49 Сартанова Н.Т., Умаров А. Мировой опыт формирования доходов и расходов местного бюджета и возможности его применения в Казахстане. - Материалы IV региональной студенческой научно-практической конференции «Независимый Казахстан: развитие, реалии и перспективы». - Астана: Казахская инженерно-техническая академия, 2013. – С. 483-485

50 Сартанова Н.Т. Развитие системы стратегического планирования в Республике Казахстан. - Региональная научно-практическая конференция «Казахстан-2050»-Стратегия долгосрочных приоритетов развития Независимого Казахстана». - Костанай: КГПИ и Акимат Костанайской области, 2013.—29.11. - С. 60-64

51 Официальный сайт Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета <http://www.esep.kz>

52 www.minfin.kz

53 <http://1c-rating.kz>

54 <http://menegmf.ru/otvety-na-voprosy-kratkosrochnaya-finansovaya-politika>

55 Материалы официального сайта Нацбанка РК. - www.nationalbank.kz

56 Комитет РК по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций. – afn.kz

57 Сайт журнала «Эксперт-Казахстан» www.expert.ru

58 Сайт Налогового комитета Минфина РК. - www.salyk.kz

59 www.kdb.kz/ru/analytics/.../indicators_finance/

Қосымша 1

Облыстар аясында мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдер түсімдерінің динамикасы, млн теңге


Аймақтың атауы	1999ж.	2008ж.	2012ж.	2013ж.	2014ж.
КІРІСТЕР, барлығы	392951	2 961 782	4 432 718	4 976 718	5 365 835
Ақмола	7 228	43 853	68 134	74 239	82 997
Ақтөбе	15 815	236 034	204 906	257 758	235 331
Алматы	11 358	124 367	164 778	248 964	288 678
Атырау	35 739	274 062	365 973	521 973	625 692
Шығыс Қазақстан	27 828	114 867	159 945	183 57	196 557
Жамбыл	7 351	38 891	50 722	63 652	64 658
Батыс Қазақстан	15 239	305 114	257 141	297 097	312 598
Қарағанды	23 674	204 043	254 532	277 948	264 300
Қызылорда	11 899	51 833	68 009	99 720	88 231
Қостанай	16 262	83 976	116 742	132 168	116 042
Маңғыстау	16 742	173 544	267 944	288 952	353 051
Павлодар	18 252	123 672	179 314	186 951	166 473
Солтүстік Қазақстан	7 376	43 694	49 710	54 488	54 954
Оңтүстік Қазақстан	18 723	114 550	187 737	212 363	220 124
Алматы қ.	83 634	722 027	1 074 718	1 182 022	1 249 416
Астана қ.	32 446	268 924	637 132	609 368	763 426

2003-2013жж. Аралығындағы ҚР бюджеттік субвенциялар мен алымдарының динамикасы, млн теңге

Облыс атауы	2003ж.	2007ж.	2008ж.	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.
Бюджеттік алымдар	57630	150420	81752	89922	77663	103079	102115	121156
Атырау	20115	43062	15468	20193	18739	41708	39468	44225
Маңғыстау	10651	24437	4249	5342	2431	12731	16076	24607
Алматы қ.	24964	72310	52401	55811	55000	48640	46571	52224
Астана қ.	-	10611	9634	8576	1493	18043	18310	6920
Ақтөбе	429	1079	15723	17544	23692	21837	31722	32806
Павлодар	974	3811	14678	16371	21737	25809	28929	27722
БҚО	497	11173	20213	21712	26545	13984	17113	13485
Қарағанды	1835	7678	35715	40621	50338	55938	61399	58562
ШҚО	9348	22189	46936	54083	64659	81700	89595	89282
Жамбыл	10410	21326	44197	52049	62678	75778	85094	87076
Қызылорда	8972	14812	36161	42159	51507	64396	71594	71143
Қостанай	5191	13451	33661	37772	45264	48552	52273	51166
СҚО	6206	16546	31032	34097	40432	47000	50717	50820
ОҚО	19072	40039	90332	115134	141931	193273	216436	220322
Бюджеттік субвенциялар	80513	192791	449066	526927	645354	789939	880645	865844

Қосымша 2

Мемлекеттік қаржылық бақылау



Қосымша 3 Қаржылық механизм элементтері



Басқарудың қаржылық механизмі



Қосымша 4

Қазақстанның ұлттық салық жүйесінің даму және құрылудың негізгі кезеңдері

Кезең	Ұлттық салық жүйесінің даму және құрылу кезеңінің мақсат	Салықтық қатынастарды басқарудың стратегиясы мен тактикасы	Орталық тандырылу деңгейі	Қол жеткізілген әлеуметтік-экономикалық нәтижелер
Бірінші кезең 1991 – 1995гг.	Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлімін құруға бақытталған және экономикадағы және салықтық қатынастардағы ретсіздік элементтерін реттейтін ұлттық салық жүйесін құру	Ағымдағы және қысқа мерзімді міндеттерді шешуге бағыт алу	Төмен	Қарама қайшылықтар мен ретсіздік элементтерінен айрылмаған ұлттық салық жүйесі құрылды. Салық салынатын базаны азайту.
Екінші кезең 1995 – 1998гг.	Бәсекеге қабілетті және жоғары басымдыққа ие кәсіпорындарды ынталандыру жолымен бюджеттің кіріс бөлімін макроэкономикалық тұрақтылығы және максималдығына қол жеткізу	Орта қысқа мерзімді тапсырмаларды шешу. Орта мерзімді тапсырмаларғы бағыт алу	Орта	Экономикалық өсім негізі болған макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу. Салық салу базасының қысқаруын тоқтату
Үшінші кезең 1999 – 2001гг.	Әлемдік салықтық тәжірибенің қызмет атқаруы, мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін ұлғайту	Орта мерзімді тапсырмаларды шешу және «Қазақстан-2030» стратегиясында құрылған ұзақ мерзімді міндеттерді шешу	Жоғары	Экономикалық өсімнің басталуы. Салық салу базасының тұрақтануы және кеңеюінің басталуы
Төртінші кезеңі 2002 ж басталып қазіргі таңға дейін жалғасуда	Әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қаржыландыруды кеңейту мақсатында салық салу субъектілерінің капиталға құнын ұлғайтуды ынталандыру жолымен бюджеттің табыс бөлігін максималдау	Орта мерзімді міндеттерді шешу. Стратегиялық міндеттерді шешуге басымдық беру		Экономикалық өсімнің тұрақтылығы мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделерін теңестіруге мүмкіндік береді.

Қосымша 5
ҚР салықтардың сыныпталуы

Белгісі	Салық түрі	Салықтың қысқаша сипаттамасы
Мемлекет пен субъектінің қарым-қатынастарына байланысты	Тікелей	-салық төлеушінің табысымен немесе мүлкімен тығыз байланысты
	Жанама	Бағаға немесе тарифке қосымша ретінде орнатылады
Төлеу формасына байланысты	Натуралды	Келісімшартта анықталатын өндірілетін өнім көлемінің үлесі түрінде
	Ақшалай	Ақшалай формада төленеді
Субъектілер бойынша	Заңды тұлғаларға салық салу	Субъектілері заңды тұлғалар, оның ішінде резидент және бейрезидент, тұрақты мекемелер болып табылатын корпоративтік салық
	Жеке тұлғаларға салық салу	Жеке тұлғалар төлейтін жеке салық
Аумақтық деңгейіне байланысты	Жалпы мемлекеттік	Мемлекеттің табысы болып табылады
	Жергілікті	Жергілікті бюджеттің табыс көзі болып табылады және әкімшілік-аумақтық құрылысына және заңнама талаптарына байланысты болады
Қолдану сипаты бойынша	Жалпы мақсаттағы салықтар	Белгілі бір аумақтың жалпы ақша қоры түрінде тиісті деңгейдегі бюджетке аударылады және нақты бір шараларға байланыссыз бюджетті орындау кезінде қолданылады
	Мақсатты салықтар	Бюджеттік емес мақсатты қорларға аударылады және бюджетте жеке жолмен ерекшеленеді
Бюджеттік реттеу құралы ретінде	Бекітілген	Бюджеттің белгілі бір түріне табыс көзі ретінде заңнамамен бекітілген
	Реттеуші	Бюджеттерді жыл сайынғы бекіту процесінде жоғарғы деңгейдегі бюджеттен төменгі деңгейдегі бюджетке оны теңестіру мақсатымен ауыстырылады
Назар аудару әдістері бойынша	Еңбекақылы	Қатаң түрде мемлекетпен бекітілген әрбір төлеушіден алынады
	Таратылатын	Жалпы сомада орнатылады, ал кейіннен ол сома жеке қоғамдық аумақтарға бөлінеді ал оның ішінде жеке төлеушілерге бөлінеді.
Экономикалық лайықтылық есебі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> - айналыс шығындарына жатқызылатын салықтар; - өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сату құнына қосылатын салықтар; - қаржылық нәтижеге (салық салынғанға дейінге табыс) жататын салықтар; табысқа және төлеушінің қолында қалатын табыс есебінен салынатын салықтар.. 	

